

2.03  
Б. БЕКЕТОВ

**ҚАРАҚАЛПАҚ  
ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ  
ТІЛІ**

Б. БЕКЕТОВ

ҚАРАҚАЛПАҚ  
ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ  
ТІЛІ

*(Қарақалпақстан Республикасының оңтүстік  
аудандарындағы қазақ тілі говоры)*

АЛМАТЫ «РАУАН» 1992

## СӨЗ БАСЫ

Зерттелуі тым кеш қолға алынса да, диалектология — қазіргі күнде қазақ тіл білімінің басты бір саласына айналып отыр.

Бұл күндері бұрынғы Кеңес Одағының Қазақстаннан тыс республикаларында өмір сүріп жатқан қазақтар саны миллионнан асады.

Қазақстанның өзінде тұратын қазақтар тілі бірнеше говорларға бөлінетіндігі, ол говорлардың өзара сәйкестігі арқылы бір диалектіге бірігетіндігі бүгінгі таңда анықталып, ажыратылғаны аян. Өзінің аты берілген бір республикада тұтас отырған халық тілінде бірнеше говорлар мен диалекті бар болса, олардың басқа халық ортасындағы өкілдерінің тілінде ерекшелік кездесуі табиғи құбылыс.

Осы жағдайлар Қазақстан Ғылым академиясы Тіл білімі институтынан экспедициялар ұйымдастыруға ықпал етіп, олар бұрынғы Одақтағы басқа республикаларды мекендеген қазақтар тілін зерттеуде бірқатар жұмыстар атқарды. Мұның нәтижесі кезінде кітап қалпында жарияланды да. Осындай зерттеу объектісінің бірі — Өзбекстанға қарасты Қарақалпақстанда тұратын қазақтар тілі болды.

Мына қолдарыңыздағы еңбек бірнеше жыл бойы жиналған тілдік материалдарға сүйене отырып жазылды.

Біздің негізгі зерттеу жүргізген аудандарымыз — Қарақалпақстанның оңтүстігінде орналасқан. Бұл өңір ұлттық құрамы және осымен байланысты тілдік ерекшелігі де күрделі өңір. Оны тілдің әр саласына арналған тараулардан байқау қиынға соқпайды.

Автор жергілікті тіл ерекшеліктерін жинауда көмек көрсеткен көптеген халық өкілдеріне шын ниетімен алғыс айтады.

**Бекетов Б.**  
Б 39 Қарақалпақ қазақтарының тілі (Қарақалпақстан Республикасының оңтүстік аудандарындағы қазақ тілі говору).— Алматы: Рауан, 1992.— 128-бет.

ISBN 5-625-01415-9

Бұл көмекші құралда Қарақалпақстанда тұратын қазақтар тілінің фонетикалық, грамматикалық және лексикалық ерекшеліктері туралы мағлұматтар берілген.

Еңбек мектеп мұғалімдеріне, филология факультеттерінің студенттеріне, тілтануға талпынған шәкірттерге, жалпы көпшілік қауымға арналған.

Б 4602020400 — 040  
404(05)—92 —234—91

ББК 81.2

ISBN 5-625-01415-9

© Бекетов Б. 1992

Қарақалпақстанның территориясындағы диалект пен говорларды жоспарлы түрде зерттеу — 1959 жылы Өзбекстан Ғылым академиясы Қарақалпақ филиалының ашылуымен байланысты. Мұнда қарақалпақ диалектологиясына байланысты бірнеше диссертациялық жұмыстар жазылды<sup>1</sup>.

Қарақалпақстан Республикасы — көп ұлтты республика. Бұл жерде қарақалпақтармен қоян-қолтық өзбек, түрікмен, қазақ, орыс, корей т. б. ұлттардың өкілдері өмір сүреді. Республикада іс қағаздары орыс және қарақалпақ тілдерінде, ал оқу орыс, қарақалпақ, өзбек, түрікмен және қазақ тілдерінде жүреді.

Бір ескере кететін жағдай, республиканың аудандарында жоғарыдағы көрсетілген ұлт өкілдерінің орналасуы біркелкі емес. Мысалы, республиканың солтүстік аудандарының негізгі халқы қарақалпақ пен қазақ болса, оңтүстік аудандардың тұрғындары — өзбек, түрікмен және қазақ ұлттары да, ал қарақалпақтар мұнда аз.

Қарақалпақстанның оңтүстігі мен солтүстік аудандарының шаруашылық жағынан да бір-бірінен айырмашылығы бар. Солтүстік аудандарда мақтамен қоса балық аулау, күріш шаруашылығы да дамыған. Осымен байланысты бұл аудандар тұрғындары тілінде солардың өзіне тән кәсібі атаулар жиі ұшырасады. Ал республиканың оңтүстік аудандарында мақтамен бірге бау-бақша егістерінің түрлеріне меншікті лексикалық атаулар молырақ кездеседі. Анығырақ айтқанда, оңтүстік аудандар егін шаруашылығының түрлеріне бай. Айталық, оңтүстік аудандарда бір ғана қауынның жиырмадан артық түрі егіледі. Басқа бау-бақша жемістерінің түрі де сан алуан. Оңтүстік пен солтүстікте егілетін мақтаның өзінде де бір-бірінен айырмашылықтар бар. Жалпы алғанда, бұл аудандардың экономикалық жағдайында өзгешеліктер жиі ұшырасады.

Оңтүстік пен солтүстік аудандарды мекендеушілердің әдет-ғұрыптарында да айырмашылықтар жоқ емес (мысалы, той өткізу, ас беру т. б.).

<sup>1</sup> У. Доспанов. Қарақалпақ тили түслик диалектинин лексикасы. Алматы. ҚДА (кандидаттық диссертация рефераты), 1965. У. Бекбаулов. Қарақалпақ тили түслик диалектинин фонетикалық өзгешеліктері; ҚДА, Нукус, 1966.

Мұндағы тұрғындардың үй салудағы дағдыларын сөз етсек, солтүстік аудандарда үйді көбіне саманнан не қамыстан буып салатын болса, ал оңтүстік аудандар тұрғындары соқпадан (балшықты құйып) жасайды. Үй салуда, оның түрлерінде, оған қажетті құрылыс материалдарының атауында да өзіндік ерекшеліктер кездеседі. Сондай-ақ жергілікті қазақтармен аралас, көрші халықтар тілінің әсері де бірдей емес екені байқалады. Міне, осындай жағдайлар Қарақалпақстанның оңтүстігі мен солтүстігінде мекендеуші қазақтар тілін жеке-жеке қарастырудың қажет екенін көрсетеді.

Қарақалпақстанның оңтүстік бөлігіне Төрткүл, Бирун, Елликкала және Өмудария сияқты үлкен аудандар кіреді. Бұл өңірдің шығысы — Өзбекстанның Бұхара облысымен, оңтүстік-батысы Хорезм облысымен, батысы — Түрікменстанның Ташауз облысымен, солтүстігі — Қарақалпақстанның орталығы Нөкіспен шектеседі. Әңгіме болып отырған территорияда қазақтардың өзбек, қарақалпақ және түрікмендермен аралас-құралас, сонымен бірге өз алдына колхоз, совхоз болып бөлек отырған да жерлері бар. Мысалы, Төрткүл ауданының Аққамыс учаскесінде қазақтар өзбек, түрікмен, қарақалпақтармен аралас отырса, М. Горький колхозының территориясындағы қазақтар тек қана түрікмен руларымен қоныстас. Сондай-ақ осы ауданның Шорахан, Мимін, Қырыққыз учаскелерінде қазақтар өзбектермен аралас болса, ХХІ партсъезд атындағы колхоздың Буденный учаскесінде қазақтар өз алдына бір ауыл. Онда Буденный атындағы он жылдық қазақ мектебі де бар. Зерттеліп отырған территорияның қалған аудандарында да жағдай осындай.

Жергілікті қазақ балалары қарақалпақ, өзбек және түрікмен балаларымен бір мектепте, сол тілдерде оқыса, кейбір мектептерде осы аты аталған ұлттардың балалары қазақ тілінде оқиды. Мұның өзі осында мекендеуші халықтардың тіл жағынан бір-біріне белгілі дәрежеде әсер етуін туғызатын жағдай.

Зерттеліп отырған говордың өзіндік ерекшелігі Қарақалпақстанның солтүстік аудандарындағы қазақтар тілімен, әсіресе Қазақстан территориясындағы қазақ говорларымен салыстырғанда айқындала түседі.

Бұл салыстыруды біз говорда кездесетін лексикалық ерекшеліктермен шектегелі отырмыз. Өйткені қазақ тілі говорларында әрқайсысының өзіне тән ерекшелігі көбіне лексика саласымен өлшенеді. Ал дыбыстық, грам-

| Зерттеліп отырған<br>говора                                                                                                | Қарақалпақстанның<br>солтүстік говорында                                                          | Қазақ әдеби тілінде                                                                                                                                                                                                        |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1                                                                                                                          | 2                                                                                                 | 3                                                                                                                                                                                                                          |
| шонпапш                                                                                                                    | жатақ малақай                                                                                     | жасы үлкен адамдардың<br>жаз айларында, немесе<br>қыста от басында киіп<br>отыратын бас киімі.                                                                                                                             |
| сіле // төкене<br>бадия // бадия                                                                                           | силе<br>тастабақ                                                                                  | дәке<br>лайдан күйдіріліп, әшекей-<br>лі етіп жасалған табақтың<br>түрі.                                                                                                                                                   |
| лұм // ным //<br>лауабы //<br>лауақ // лабақ<br>қолбақыр //<br>сапты/ы/<br>аяқ<br>зағам                                    | үлкен кесе //<br>көк нәр кесе<br><br>бақыраш                                                      | кесенің үлкені, литрлік кесе<br><br>1,5 немесе 2 литрлік ыдыс.                                                                                                                                                             |
| ыбырақ // күзе<br>күкірт // оттық<br>тарағаш                                                                               | кепшік<br><br>күзе<br>шырпы<br>—                                                                  | түбі терімен түптелген та-<br>бақ сияқты үлкен ыдыс.<br>құмыра<br>сіріңкесі<br>бөлменің ішкі бұрышында-<br>ғы екі қабырғаны ұштас-<br>тырып тұратын ағаш. Үс-<br>тіне көрпе, не киім-кешек<br>қойылады, жұкағаш<br>орындық |
| күрсі // отыр-<br>ғыш<br>нішті бел<br>зуу // қарық, тава<br>бәдірен<br>қамтек<br>пейман<br>жылмала //гіл-<br>мала<br>сүтін | орындық // тү-<br>біреткі<br>орысы бел<br>қарық // тап<br>қияр<br>арамшақа<br>ұста<br><br>кілмәла | күректің үлкен түрі<br>мақтаның қатар аралығы<br>қияр<br>жүзімнің артық жапырағы<br>лайдан үйдің қабырғаларын<br>құятын адам.<br>қабырға сылайтын темір<br>қалақ.                                                          |
| балар                                                                                                                      | өрс, тіреуіш<br>ағаш                                                                              | мәткелі тіреп қоятын ағаш,<br>үйдің үстіне арқалықсыз са-<br>лынатын ағаш, белағаш<br>тіреу                                                                                                                                |
| гөлегір                                                                                                                    | —                                                                                                 | үйдің төбесіне су өтпес<br>үшін қалың етіп салатын<br>балшық                                                                                                                                                               |
| далаң // дәлсіз<br>тәлек<br>құллап<br>өжек<br>тандырау<br>нәрлену<br>азиздеу                                               | дәліз // кори-<br>дор<br>скләт<br>толса<br>бұзау<br>сандырақтау<br>алдену<br>әлсіреу              | дәліз<br>қойма<br>есіктің толсасы<br>бұзау<br>аузына келгенді айту<br>қоректену<br>әлсіздену, әлсіреу                                                                                                                      |

| 1                                                                                                                                                                                                               | 2                                                                                                                                                                                   | 3                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| тел қиық келу                                                                                                                                                                                                   | әкісіне, терісі-<br>не, шебіне келу                                                                                                                                                 | керісінше келу                                                                                                                                                                                                                                                       |
| тіс көру<br>шамалдату<br>баштартпау<br>жәмдесу<br>һәппек егу<br>самап<br>егер<br>шаадырыс                                                                                                                       | зорлық көру<br>салқыплату<br>бағынбау<br>шөлкемдесу<br>тапсыз егу<br>сабан<br>ер<br>жаңсақ, жа-<br>ңылыс<br>бимаз<br>ірі<br>ақкөкіректік<br>әзілкеш<br>одеколон<br>зонтик<br>сыйлық | желдету<br>бағынбау, мойынсынбау<br>ұйымдасу, одақтасу<br>қарықсыз егу<br>сабан<br>ер, ер-тұрман<br>кәте, жаңсақ                                                                                                                                                     |
| бисағат<br>дөпел<br>ақпейілділік<br>лақау<br>ністі су<br>саябан<br>сауқат // сый-<br>лау<br>ғаллә<br>ариза<br>асаси<br>жадігерлік<br>ынтымас //<br>ілітмос<br>салыну<br>кәретпеу<br>тұттыру<br>мәптену<br>тейні | келле, бас<br>арыз<br>тиқары<br>естелік<br>ұсыныс, пікір<br><br>құю<br>тәсір етпеу<br>әсіру<br>баю<br>түбі                                                                          | тынышсыз адам<br>ірі, үлкен, денелі<br>ақ көңілдік<br>күлкілі адам<br>ніс су<br>қолшатыр<br>сыйлық<br><br>бас<br>арыз, өтініш<br>негізі<br>естелік<br>ұсыныс, пікір, өтініш<br><br>құю<br>әсер етпеу<br>әсіру, көгерту, отырғызу<br>қорлану, қор жинау<br>асты, түбі |

матикалық өзгешеліктер лексикамен салыстырғанда соңғы орындарды меншіктенеді. Әрине, Қарақалпақстан-ның солтүстік өңірін қоныстанған қазақтар тілінде өзіндік дыбыстық, морфологиялық ерекшеліктер баршы-лық. Олар осы кітаптың арнайы тарауларында талдана-тын болғандықтан, әңгімеміз қайталанбас үшін, бұл арада оған тоқталмадық. Мына бір шағын кестенің өзі-нен-ақ зерттеліп отырған говор мен Қарақалпақстанның солтүстігіндегі қазақтар тіліндегі ерекшеліктердің ара-қатынасын сезіну қиын болмаса керек.

Осы лексикалық ерекшеліктердің көбі басқа тілден ауысып келген сөздер.

\* \* \*

Өткен тарихқа үнілсек, қазақ және қарақалпақ ха-лықтарының аралас отыруы ертеден-ақ басталған. Қа-

ракалпақтар кіші жүз руларымен Сыр бойын бірге жайлап, мекен еткен. Сыр бойынан көшкенде де екі халы бірге көшіп, бірге тіршілік етіп, тығыз қарым-қатынаста болып келген. Қарақалпақстанның халық ақыны, қарақалпақ әдебиетінің ақсақалы Аббаз Дабылов жазушы Сәбит Мұқанов бастаған бір топ қазақ жазушыларының Қарақалпақстанға келуіне арнаған өлеңінде былай жазған болатын.

Сәбитжан, арғы атамыз бірге туған,  
Ат сайлап, ақ бөкенді бірге қуған.  
Түркістаннан біз көшіп келген уақта,  
Жағалап Қуан бойып бірге тұрған.<sup>1</sup>

Ақынның бұл айтып отырғаны тарихи шындық. Қарақалпақ және қазақ халықтары Түркістаннан көшкеннен кейін де Қуандария мен Жанадарияны қосыла жайлап, қоныс етуімен байланысты олардың кәсіптері, күн көріс тіршіліктері де бірдей болған. Сондай-ақ олар өздерінің сыртқы жауларымен де біріге отырып күрескен. 1710 жылы қазақ пен қарақалпақтардан құралған халық жасақшылары сырт дұшпаны — жоңғар басқыншыларына тойтарыс беріп, оларды шығысқа ығыстырып тастағаны белгілі.

Жоңғар феодалдарының Қазақстанға жасаған шапқыншылықтары қазақтарды бүліншілікке душар етіп отырды. Бұл оқиға қазақ тарихында «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деп аталды. Осындай жағдайлардың нәтижесінде қазақтар өздерінің ата мекенін тастап қаша көшуіне тура келді. Орта жүз Ходжентке, кіші жүз Хиуа хандығының шекарасы, қарақалпаққа дейін барады<sup>2</sup>.

Сөйтіп, Қарақалпақстан территориясына қазақтардың келіп қоныстануы ондаған жылдар емес, жүздеген жылдармен саналады екен. XVIII ғасырдың басында-ақ бұрынғы Хиуа хандығының территориясына — бүгінгі қоныстарына жақындап келе бастаған.

Мунис пен Баянидің көрсетуі бойынша, XVIII ғасырдың басында қарақалпақтардың көпшілігі Хорезмнің шекараларында мекендеген. 1723 жылы Сырдария аудандарын жоңғарлардың басып алуы — қарақалпақтардың Хорезмге көшіп келіп, қоныстануына басты се-

беп болады. Қазақтар мен қарақалпақтар жоңғарлар басып алған аймақтардан Орта Азия хандықтарына, соның ішінде Хиуаға ығысып келе бастады.

Зерттеліп отырған территориядағы қазақтардың қоныстануы осы уақыттан басталады. Оның бірінші себебі жоңғарлардың қазақтарға жасаған шабуылымен байланысты болса, екіншісі — XIX ғасырдың 20—40 жылдарындағы шаруашылық күйзелісінің салдарымен, көпшілік қазақ қауымының ішкі әлеуметтік-экономикалық процесімен, атап айтқанда, кедей қазақтардың егіншілік кәсібіне жаппай ұмтылуымен және қазақ ауылдарына Хиуа ханының тонаушылық әрекетімен байланысты болды. Мысалы, 1812 жылы Хиуа ханының Сырдария қазақтарына қарсы талаушылық жорығында 100 мың қой, 1000 түйені айдап әкетіп, 500 қызды қолға түсірсе, 1816—1820 жылдардағы жорығында 1000-нан астам ауылды шауып, 700-ге жақын адамын айдап әкетеді. Хиуа ханының бұл жорықтары кіші жүз қазақтарына ауыр тиеді.

Г. И. Данилевскийдің көрсетуіне қарағанда, XIX ғасырдың 20—40 жылдарында Хиуа хандығының Гурлен қаласы айпаласында табын, төртқара, Қыпшақ ауданында — байұлы, сондай-ақ Қоңыратта — табын, шекті, Манғұт ауданында — байұлы, табын рулары қоныс тепкен.<sup>1</sup>

Кіші жүз қазақтарының Хиуа хандығы қол астында болғандығы 1851 жылғы нақты архив материалдарынан да белгілі. Сол дәуірде Хиуа хандығы қол астында адай руынан — 100, кіші жүздің басқа руларынан — 1700-ге жуық үй болғаны көрсетіледі.<sup>2</sup>

Қазақтардың көп тонауға тап болған шағы — Мұхаммед Рахимның хандық дәуірі (1806—1825). Мұхаммед Рахимның көптеген жорықтары нәтижесінде Хиуа хандығына қазақтардың 27000 үйі бағынған, оның 10000 үйі — әлімұлы, 7000-ы — жетіру, 8000-ы — байұлы рулары.<sup>3</sup>

Хиуа хандығының жаулап алуға бағытталған жорықтары жоғарыдағы көрсетілген жылдарда ғана емес, кейінгі жылдарда да бірнеше рет қайталанып тұрған.

<sup>1</sup> Г. И. Данилевский. Описание Хивинского ханства. Записки императорского географического общества. СПб. кн. V, 1851, 104—112-беттер.

<sup>2</sup> ЦГА КазССР, ф.4., д.3380, л. 151—160.

<sup>3</sup> У. Х. Шалекенов. Казахи низовьев Амударьи, Ташкент, 1966, 36-бет.

<sup>1</sup> Аббаз Дабылов. Қосықтар, Нөкис. 1962, 47-бет.

<sup>2</sup> Қ. Жұмалиев. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. I том, Алматы, 1958, 12-бет.

Бұл мәліметтер Қарақалпақ территориясының оңтүстігінде қазақтардың пайда болу себебін аша түседі.

Қарақалпақтар мекендеген жерге қазақтардың қоныс ауыстыруын тек жаугершілік салдары десек, тарихи оқиғаларға бір жақты қарағандық болар еді. Қазақтардың бұл өңірге келе бастауына басқа да себептер болғандығы байқалады. Біріншіден, үнемі мал шаруашылығымен айналысқан қазақтар үшін жылы жер, жақсы жайылым қажет болса, Қарақалпақ территориясының оңтүстігі сондай қажетті өтеуге лайықты орын. Екіншіден, қазақтардың өз ішінде жиі кездесетін сол кездердегі ру тартысы нәтижесі — іргелі рудың орнында қалып, әлсіз, аз рулардың ығысып, басқа жақтан, бөтен ел ортасынан мекен іздеуіне дүлгер болған. Осындай жағдаймен де қазақтардың бұл өңірден орын тебуі ықтимал.

Арал теңізінің оңтүстігі ауа райы жағынан солтүстікке қарағанда шаруаға жайлы, қысы жұмсақ келеді. Мал даладан азық тауып жей алады, қала берді, қыс айларында да мал қалың қамыстың арасында қыстан шығатын болған. Жаз айлары ыстық болғандықтан үстіртке шығып, бірнеше жүз километрге дейін құдық қуалап батысқа дейін көшіп отырған. Кіші жүз қазақтарының жаз айларында 100 — 1200 шақырымға дейін көшіп-қонып жүргені тарихтан белгілі.<sup>1</sup> Мал шаруашылығымен байланысты қазақтар бұл территорияны ертеден-ак қоныстана бастаған деуге болады.

Төрткүл ауданы «Қызыл Өзбекстан» колхозының тұрғыны Бектұрғанов Кенжебай ақсақалдың берген мәліметіне қарағанда, төрт-бес аталарынан бері осы қоныста өмір сүріп келе жатқандығы көрінеді.

Дмитриев колхозындағы Низами атындағы мектептің мұғалімі Бисенов Дәулетбайдың айтуынша, қазақтар бұл жерге қоныс іздеп келіп, орнығып қалған. Бұл келтірілген деректер қазақтардың ертеден-ак мекен теуіп, тұрақтағандығының куәсы.

Қазақ хандықтары мен Орта Азия хандықтарының арасындағы сауда-саттықтың тарихы әріден, атап айтқанда, XVI—XVII ғасырлардан басталады. Қазақтардың саудаға салар дүниесі — мал және оның терісі мен

жүні. Бұларды астыққа және өнеркәсіп шығаратын товарларға айырбастаған. «Бұхара мен Хиуа көпестері қазақтардан иленбеген тері, аң терілерін сатып алып отырды. Бидай, арпа және тары өсірген қарақалпақтармен айырбас сауда жасаудың нәтижесінде қазақ ауылдарына аздаған егіншілік өнімдері келетін болды»<sup>1</sup>. Мұндай сауданы малы бар ірі қазақ феодалдары ғана жасап отырған. Ел ішіндегі Жасыбай Бекімбаев және Ақмамбет Шабаров (Бирунн ауданы, «Қызыл қала» бөлімшесі) қариялардың айтуына қарағанда, малы жоқ, кедей адамдар көмірден кіре тартып, кәсіп еткен. Хиуа мен Үргеніш-майда қол өнершілердің кең өріс алған орны. Бұл қалаларда темірден құрал жасайтын шеберлерге аса қажет материал-көмір болған. Қазақтар сексеуілді көмір қалпына келерліктей шала жағып, оны Хиуа мен Үргенішке апарып, астық не өзіне керекті товарларға алмастырып отырған. Бұны жергілікті қазақтар «көмір салу» деп атаған. Сол «көмір салып» кәсіп еткен адамдардың талайымен дидарласып, әңгімелестік. Сауда-саттықтың мұндай түрлері де Хорезм халықтары мен қазақтардың ара қатынастықтарын жақындата түскен болу керек.

Ел ішінде көп жасаған қариялардың сөздеріне құлақ салсақ, қазақтардың бұл территорияға көшіп келуінің тағы бір себебі-ру тартыстары. Әмударья ауданында тұратын Мамыт Үркімбаевтың (67 жаста, Табын, оның ішінде Қарақойлы) берген мәліметіне қарағанда, бұл жерге Үркімбайдың әкесі Нияздың тұсында қоныстанған. Үркімбайдың жасы тоқсаннан асып кеткен. Нияз шамамен 1870 жылдары келген. Содан бері қазіргі отырған үйін төрт рет бұзып, орнына төрт рет үй салған. Қарияның айтуына қарағанда, бұл жерге рулардың айтыс-тартыстарынан жеңілгеннен кейін, ауылымен көшіп келіп, осы жерде орнығып қала берген.

Осы тәріздес әңгімені Төрткүл ауданының тұрғыны Қозыбағаров Яқыпбайдың аузынан да естідік (Қозыбағар — Яқыпбайдың әкесінің әкесі — Б. Б.). Бұл қонысқа атасы — Қозыбағар бастап келген көрінеді. Қозыбағардың көшіп келуіне басты себеп — ру тартыстарында жеңілуі болса керек. Сөйтіп осы күнгі тұрғындар арасында кездесетін «көп тентегі жүре-жүре би болады, аз тентегі қамшыменен и болады» деген мақалды сол кездегі тар-

<sup>1</sup> Народы Средней Азии и Казахстана, том II, Москва 1963, 354-бет.

<sup>1</sup> Қазақ ССР тарихы, Алматы, 1957, 172-бет.



тыстар тудырғаны байқалады. Ал хандардың рулар өзара таластырып, басшыларын әлсіретіп, олардан пайда түсіріп отыратыны бізге тарихтан белгілі. Хандар беделдерін олардың алдында осылай арттырып, хандықты ұстауға тырысып баққан. Сол замандағы хандардың бірі өзінің сұлтан балаларына: ру басыларын әлсіретудің ең дұрыс амалы — ру таластарын ешуақытта да ақырына дейін шешпеу деп ақыл берді<sup>1</sup>. Біздіңше осындай тартыстардан жеңілген рулар ата қонысы тастап, басқа елге көшуге мәжбүр болған сияқты. Со рулар ауылымен көшіп келіп қоныстанып, егіншілікпен айналысқан. Төрткүл ауданындағы «Шалабас», Бирун ауданындағы «Қазақша» деп аталатын арық аттары қазақтардың алғашқы қоныстанған дәуірлерінен қалған атаулар болуы ықтимал.

Бұдан басқа 1917 жылдары және колхоздастыру дәуірінде көшіп барған ауылдар да бар. Бұларға Төрткүл ауданындағы М. Горький атындағы колхоз бен ХХІ партсъезд колхозы, «Буденный» бөлімшесінің «Қырық қыз» массивіндегі қазақ ауылдарын қосуға болады.

Әйтеуір қазақтар осы территорияны ертеден-ақ мекен еткенін тарихшы У. Шалекенов архив материалдарына сүйене отырып мәлімдейді. Ол 1873 жылы Әмудария бөлімінің территориясында шамамен 52665 қазақтың болғандығын көрсетеді, ал 1897 жылғы Бүкілроссиялық санақта қазақтар Әмудария бөліміндегі халықтың 26,8 проценті, Хиуа хандығында — 3,4 проценті болған<sup>2</sup>.

Әмудария бөлімінің халықтары туралы мәліметтер 1912—1913 жылдардағы көші-қон басқармасының материалдарынан аламыз.

Бұл жылдары Әмудария бөлімінде 33509 шаруашылық тіркеліп, мұның 45,5 проценті қарақалпақтардың, 24,6 проценті қазақтардың, 21,6 проценті өзбектердің, 6,4 проценті түрікмендердің, 1,9 проценті басқа ұлттардың үлесіне тиген<sup>3</sup>.

Ертеде қоныстанған қазақтарды Қарақалпақстан оңтүстігінің барлық жерінен кездестіруге болады. Бұлардың басым көпшілігі кіші жүзге кіретін рулар. Атап айтқанда, Әлімнен — қарасақал, төртқара, шекті, кете, шөмекей. Байұлынан — адай, жеті рудан — табын, тама,

<sup>1</sup> Қазақ ССР тарихы, Алматы, 1957, 172-бет.

<sup>2</sup> У. Шалекенов. Көрс. еңбек, 61-бет.

<sup>3</sup> Материалы по обследованию кочевого и оседлого туземного хозяйства и землепользования в Амударыинском отделе Сырдарьинской области, вып. I, Ташкент, 1915, 128—129-бет.

керейт. Бұлардан басқа өздерін қазақпыз деп санайтын сожа мен төрелер бар. Сондай-ақ кіші жүзге жататын байұлынан беріш, жетірудан рамадан рулары да кездеседі. Соңғы көрсетіліп отырған беріш, рамаданға жататын тұрғындар саны көп емес, он шақты үй ғана.

\* \* \*

Қарақалпақстанның оңтүстік аудандарындағы қазақтардың шұғылданатын кәсіптері сан алуан. Олар өздерінің ұлттық белгілерінің ең бастысы — ана тілін сақтай отырып, шаруашылық саласына байланысты сөздерді алмасу нәтижесінде сөздік қорын молайта түсуде. Міне, сондықтан да бұл территориядағы қазақтардың тілін зерттеу қазақ тіл біліміне де, қарақалпақ тіл біліміне де пайдасын тигізбек.

## БІРІНШІ ТАРАУ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Қарақалпақстанның оңтүстік аудандарын мекендейтін қазақтардың тіліндегі фонетикаға байланысты кездесетін ерекшеліктер Қазақстан территориясындағы говорлардың фонетикалық ерекшеліктерімен салыстырғанда әлдеқайда мол. Мұндағы фонетикалық құбылыстар — аралас әрі көрші отырған халықтар тілдерінің әсерінен пайда болған. Соған орай, әрбір сөздің құрамында кездесетін дыбыс ерекшеліктері қазақ тілінің басқа говорлары және қарақалпақ, өзбек, түрікмен тілдеріндегі фактілермен салыстырыла қаралмақ.

Осыған қарамастан бұл говорға тән дыбыстар құрамы жағынан қазақ әдеби тіліндегі дыбыстардан онша алшақ кетпейді. Алайда, кейбір дыбыстардың айтылуында өзгешеліктер кездесіп те қалады.

### 1. Дауысты дыбыстарға байланысты ерекшеліктер

Зерттеліп отырған говорда дауысты дыбыстарға байланысты ерекшеліктердің ішінде алдымен көзге түсетіні әдеби тілде жуан айтылатын сөздердің көбіне жіңішке дыбысталуы:



| Говорда                                                       | Әдеби тілде                                                   | Говорда                                                   | Әдеби тілде                                                     |
|---------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|
| жәйнәп<br>әмелдеп<br>әбірейлі<br>әлдіне<br>әлдінгі<br>жәйылды | жайнап<br>амалдап<br>абыройлы<br>алдына<br>алдыңғы<br>жайылды | кәйтем<br>мәндай<br>төстап<br>шәрт<br>нәзер<br>жігірменші | кайтем<br>мандай<br>тастап<br>шарт<br>назар<br>жиырмасын-<br>шы |
| әпте<br>гәләп<br>кәте<br>мәйдан<br>жәнім                      | апта<br>талап<br>қате<br>майдан<br>жаным                      | зінден<br>мінгерде<br>містей<br>мәүсім<br>уәйім           | вындан<br>мына жерде<br>мыстай<br>маусым<br>уайым               |

тағы басқа да ондаған сөздерді тізіп беруге болар еді. Жоғарыдағы сөздердің кейбіреуін экспедиция кезінде жиналған материалдарға сүйене отырып, сөйлем ішінде мысал ретінде келтірейік:

Тапсын деп халайыққа жұмбақ шаштың,  
Қызымын деп қыпшақтың лебіз аштың.  
Жылында жігірменші айтқан сөзің  
Жәйылды баласына үш алаштың.

Кәйтіп жұмыстасаң да өзің жұмыста деді. Әттеген-ау ұзын жолға баратырғанда қате алды-ау деп ойлап едім. Бұны кәйтем шырағым-ау (Уч. Буд.) Өзіңнен өзің тәстап кетесің. Торғайдың баласы әлдіне тап берді. Ескіде кү нәлі қылып қаралағанда төрт шәрт бар. Мұндай дыбыстық құбылыс қазақ тілінің басқа да говорларында ұшырайды.<sup>1</sup> Бірақ бұл говорда жуан сөз

<sup>1</sup> Ж. Доскараев. Бір экспедиция отрядының диалектологиялық жұмысы туралы.— Вопросы истории и диалектологии казахского языка, вып. 1, Алма-Ата, 1958—188-бет; Ж. Болатов. Ұзынағаш экспедициясының материалынан.— Бұл да сонда, 165-бет; С. Аманжолов. Вопросы истории и диалектологии казахского языка. Алма-Ата, 1959, 323, 345-бет; Ж. Болатов, Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі ерекшеліктер туралы. ҚТТ мен ДМ, 2-шығуы, Алматы, 1960, 131-бет; Ғ. Қалиев. Арал говоры, кандидаттық диссертация, Алматы, 1954, 38-бет; О. Нақысбеков. Шу бойындағы қазақтардың тіліндегі ерекшеліктер, канд. дисс. Алматы, 1963, 28-бет; Ә. Нұрмағамбетов. Түрікменстандағы қазақ говоры, Алматы, дисс. 1965 ж. 41-бет; Н. Жүнісов. Каракалпақстандағы қазақ тілінің ауыспалы говоры (дисс.). Алматы, 1965, 49-бет; Ш. Бектұров. Сырдария экспедициясының материалдарынан кейбір мәлімет — Қазақ диалектологиясы, 1, 1965, 80-бет; Ж. Болатов. Аякөз ауданында тұратын қазақтардың тіліндегі ерекшеліктер.— Қазақ диалектологиясы, Алматы, 1, 1965, 54-бет.

дердің жіңішке айтылуы әлдеқайда жиі және қамтитын сөздері де молырақ. Оның себебін көрші отырған өзбек тілінің әсері деп ұғынамыз. Өйткені көрсетілген сөздердің бәрі дерлік өзбек тіліндегі айтылуына жуық.<sup>1</sup> Мұндай құбылыс қарақалпақ тілінде — тәлеп-талап орнына, әл-хал, хал<sup>2</sup> әниерде-анау жерде, әйше-айша<sup>3</sup>, түрікмен тілдерінде де дәне-дана ұшырайды.

Говордағы дауысты дыбыстарға байланысты құбылыстардың қатарына мына сияқты дыбыс сәйкестіктері жатады:

Ә/А. Әдеби тілдегі жіңішке дауысты «ә» дыбысының орнына говорда біршама сөздерде жуан «а» дыбысы қолданылады.

аура-әуре  
қарып-кәріп  
маз-мәз

барып-бәрін  
ары — әрі  
забыр — зәбір т.б.

Мысалы, я өзбекше, я түрікменше смес бір аура. Жұрттың барын байрақтады. Үйткені, Жанқожаның моласы Жана-дариядан ары. Көрген забырыма ат бойламайды.

Қайғымен қаз мұңайды қасына алып,  
Тастауға қасындағы жан жолдасын.  
Әзелден ұшуға жоқ қарыппын деп,  
Құрбақа көп ағызды көзден жасын.  
Бос белбеу босаң туған бозбала көп  
Киіздей шала басып қарпылмаған  
Солардың қатарында біз де жүрміз  
Маз болып күр түймеге жалтылдаған (Құлбай).

Бұл дыбыстық алмасулар қазақ тілінің басқа говорларында да бой көрсетіп қалып отырады. Семей облысының Үржар, Маканыш аудандарында «тәрбіс» сөзі «тарбия» формасында, Аякөз ауданында жардам — жәрдем орнына, аял-әйсел орнына айтыла береді.

А/Е. Бұл құбылыстың А/Ә алмасуына қарағанда аясы тар, тек ғана бірлі-жарым сөздерді қамтиды: кем-

<sup>1</sup> Ахмед Ишаев. Фонетические особенности Мангытского говора узбекского языка. Автореферат. канд. дисс. Ташкент, 1962, 10-бет.

<sup>2</sup> У. Бекбаулов. Каракалпақ тилинің түслик диалектикасиниң фонетикасы бойынша бирқанша бақлаулар. Өзбекстан Илимлер Академиясы Каракалпақстан филиалының Хабаршысы, 1964, № 4, 80-бет.

<sup>3</sup> У. Бекбаулов. Фонетические особенности южного диалекта каракалпацкого языка. Автореферат канд. дисс. Нукус. 1966, 13-бет.

зал-камзол орнына, шерт-шарт, кейтем-кайтем, т.б. деген сияқты сөздерде Е дыбысы бірінші буындарда ғана алмасатынын байқайтын болсақ, ал төмендегі сөздерде екінші, үшінші буындарда да кездеседі: миуе-миуа орнына, мақсат-мақсат, калем-калам, жорте-жорта, шертдесемі-шарттасамыз, шерепет-шарапат т.б. Мұндай дыбыс сәйкестіктері басқа говорларда да ұшырасады. Арал говорында, мөрже-моржа, тірнектеу-тырнақтау.<sup>1</sup> Түрікменстандағы қазақтардың тілінде: шерт — шарт орнына, миуе-миуа<sup>2</sup>, Қарақалпақстанның солтүстік аудандарын мекендеуші қазақтардың тілінде: қалегенін — қалағанын, жаутендеу — жаутандау, тәлен-тараж — талаң-тараж, мақсет — мақсат, дәне — дана,<sup>3</sup> т.б. Ал енді осы құбылысты жергілікті қарақалпақтар мен түрікмендердің ауызекі сөйлеу тілінен де кездестіруге болады.

**А/Ы.** Дыбыс алмасуларының бұл түріне мына сөздер мысал бола алады:

дастыркан — дастаркан орнына, туры — тура, жыпырып — жапырып, аз-мыз — аз-маз.

Нан ана дастырканда тұрылты ғой, алып жесен болмай ма? Туры барад сол жол, жолда пайаныл бар. Бір жақ шекесін оқ жыпырып кеткен бір адам кіріп келді. Планаға колхоз аз-мыз жетпей тұрыпты-ау!

Бұл құбылыс қазақ тілінің Арал (бұлыңдау-бұлаңдау орнына, дыбыл — дабыл, тықыр — тақыр, сыңлау — саңлау<sup>4</sup> т. б.), Шу (тыпын — топан, қысып — қасап, сынамыққа — сынамаққа, аз-мыз — аз-маз<sup>5</sup>), Қарақалпақстанның солтүстік (дыбыс — дабыл, ожыр — ожар, айырмысы — айырмасы<sup>6</sup> т. б.), Маңғыстау говорларында (ыкпыл — ықпал, шатқыл — шатқал<sup>7</sup>) ұшырайды.

А мен Ы-ның алмасулары Қарақалпақстанның оңтүстігін мекендейтін қазақтардан басқа қарақалпақтарда

(туумыйды — туумайды)<sup>1</sup>, бомыйды — болмайды<sup>2</sup>, түрікмендерде (быракь — бармак, чайшыкь — чайшан, ыгыламакь — агламак, жалбыр — жалбар<sup>3</sup> кездестіруге болады.

С. Омарбеков Маңғыстау говорындағы А мен Ы-ның алмасуларын сөз еткенде бұл дыбыстар туралы пікір айтқан Ф. Б. Исхаков пен Н. П. Дыренковалардың пікірлеріне сүйенсе келіп, бұл тек қазақ тілі үшін ғана құбылыс емес, бірқатар түркі тілдерінің фонетикалық жүйесіне де тән құбылыс екенін айтады.<sup>4</sup>

**Ә/Е.** Бұл біреп-саран сөздерде ғана ұшырасады. Шекірт-шөкірт орнына. Олардан еш шекірт қалмады.

Зерттеліп отырған говорда Е дыбысы тіл арты А, сондай-ақ Ә, И, І дауыстыларымен де алмасып келетінін байқаймыз.

**Е/А.** Говордағы Е дыбысының тіл арты А дыбысына алмасуы көбінесе сөздердің екінші, үшінші буындарында кездеседі:

есап — есеп орнына, әбдан — әбден, әура — әуре, мекан — мекен, әміра — әміре (кісі аты), үкүмет — үкімет, діірман — діірмен т.б. Құмның ішінің есабы бола ма. Ешнәрсе түсінбей есапшы болдым. Бәрекелді әбдан айдай аяқты отыр еді. Құдайдың әурасы. Көшіп келгенімізге жетпіш жыл болды. Жалаңның көлі әдепкі меканымыз.

Бұл құбылыс Қазақстан территориясында: Семей облысы Көкпекті, Ақсуат аудандарында (керемат — керемет орнына)<sup>5</sup> Арал (айал — әйел, алапат — әлемет, есар — егер, керемат — керемет, үкімат — үкімет)<sup>6</sup>, Шу (бекарға — бекерге, доража — дәреже, шидан — шиден, атпан — атпен)<sup>7</sup>, Қарақалпақстанның солтүстігіндегі қазақ говорларында (макама — мскеме, қодыраң — кө-

<sup>1</sup> Г. Калиев. Арал говору, дисс. Алматы, 1954, 39-бет.

<sup>2</sup> Ә. Нұрмағамбетов. Түрікменстандағы қазақ говору, канд. дисс. Алматы, 1965, 48-бет.

<sup>3</sup> Н. Жүнісов. Қарақалпақстандағы қазақ тілінің ауыспалы говору. Канд. диссерт. Алматы, 1965, 28-бет.

<sup>4</sup> Г. Калиев. Арал говору. Канд. дисс. Алматы, 1954, 44-бет.

<sup>5</sup> О. Нақысбеков. Шу бойындағы қазақтардың тіліндегі ерекшеліктер. Алматы, 1963, 30-бет.

<sup>6</sup> Н. Жүнісов. Қарақалпақстандағы қазақ тілінің ауыспалы говору. Алматы, 1965, 29-бет.

<sup>7</sup> С. Омарбеков. Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Алматы, 1965, 51-бет.

<sup>1</sup> У. Бекбаулов. Қарақалпақ тілінің түстік диалектісінің фонетикасы бойынша бірқатар бақлаулар. Өзбекстан Илимдер Академиясы Қарақалпақстан филиалының Хабаршысы, 1964, № 4, 80-бет.

<sup>2</sup> У. Бекбаулов. Фонетические особенности южного диалекта каракалпакского языка. Автореферат канд. дисс. Нукус, 1966, 13-бет.

<sup>3</sup> С. Аразкулыев. Гарагалпагыстан АССР-нің Дөртгүл районындағы түркмен геллешиклер. Ашгабат, 1961, 33-бет.

<sup>4</sup> С. Омарбеков. Аталған еңбек, 27-бет.

<sup>5</sup> Ж. Болатов. Семей облысы, Көкпекті, Ақсуат аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір диалектілік ерекшеліктер туралы. КТТ мен ДМ, 3-шығуы, Алматы, 1960, 77-бет.

<sup>6</sup> Г. Калиев. Арал говору, кандидаттық дисс. Алматы, 1954, 42-бет.

<sup>7</sup> О. Нақысбеков. Шу говору, кандидат, диссерт. 32-бет.

дірең, белбау — белбеу, есап — есеп, бикар — бекер кездеседі. Ал жергілікті қарақалпақ және түрікмен тілдерінің ауызекі сөйлеу тілінде бұл құбылыс мол ұшырасады<sup>2</sup>. Демек, бұл ерекшеліктер — осы халықтардың жергілікті қазақтарға тілдік әсері.

Е/Ә. Бұл дыбыс сәйкестігін біз Қарақалпақстанның оңтүстік аудандарында тұратын қазақтар тіліндегі басты ерекшеліктердің бірі демекпіз. Өйткені оның говорада өрісінің кеңдігі соншалық, сөздердің бірінші, екінші, үшінші буындарда да, тіпті сөздерге жалғанатын қосымшалардың құрамында да жиі кездеседі:

кебіруақ — кейбіруақыт  
ләген // ләген — ләген  
несибі — несібе

нәсіп — несіп  
дәреу // дәреу — дереу  
Нәпес — Непес // Лепес  
(алам аты)  
дәл — деп  
кәмпір — кемпір  
төбәсі — төбесі  
көрмәдік — көрмедік  
керәк — керек  
ертеден — ертеден  
дүкен — дүкен  
ештәнені — ештеңені  
дәрежелас — дәрежелес  
жүргәндә — жүргенде  
кішірәгі — кішірегі  
мәмләкәт — мемлекет

дерәк // дәрек — дерек  
гәдәй — кедей  
мәктәнкә // мәктәпкә //  
мектепке  
кәсә — кесе  
рахмәт — рахмет  
мәймән — менмен (жөкірек)

кәлтә — кәлет  
екән — екен  
недән — неден  
өтәлі — өтеді  
нәшә — неше  
кесәл — кесел  
көрәмәт — керемет  
ертәрәк — ертерек  
дәрәжелі — дәрежелі  
нәтижә — нәтиже

Бұл алмасулар Қазақстан территориясында Семей мен Шығыс Қазақстан облыстарының біраз аудандарында<sup>3</sup>, сондай-ақ қазақ тілінің Шу говорында<sup>4</sup> кездеседі. Ал Қазақстаннан тыс жерде Таулы Алтай автономиялы облысындағы Қошағаш ауданында, сонымен қатар Қарақалпақстанның солтүстігінде тұратын қазақтардың

ауызекі сөйлеу тілінен де көрінеді<sup>1</sup>. Осы жағдайды жергілікті түрікмен говорларынан да байқауға болады: нәрессе (на: рссте — нсрессе, мә: милекст — мемлекет, шә: нә:р) шәхә:р — шәхер<sup>2</sup>.

Бұл құбылыстың немесе Е-нің орнына Ә-нің қолданылуы қарақалпақ тілінің оңтүстік говоры үшін дағдылы құбылыс екенін қарақалпақ тілін зерттеушілер атап көрсеткен болатын<sup>3</sup>. Әрине біз сөз етіп отырған тұрғындар тіліндегі бұл құбылыстың басым көпшілігін қарақалпақ тілінің әсері дегеннен гөрі, аралас отырған өзбек тілінің әсері деу орынды. Өйткені, бұл сөздердің өзбек тілінде айтылуына жақын екендігі өзінен-өзі көрініп тұр. Бұл бір. Екіншіден, бұл аудандарда өзбектердің сан жағынан көптігі, баспасөздің өзбек тілінде шығатыны, радио хабарларының, сол сияқты іс қағаздарының өзбек тілінде жүргізілуі — бәрі де жергілікті қарақалпақ, түрікмен, қазақ тілдеріне әсерін тигізуі заңды құбылыс.

Е/И. Дыбыс сәйкестігінің бұл түрі говорда, 5—6 сөз көлемінде ғана байқалады:

исәп — есеп орнына, бикар — бекер, ікі — екі, бине — бейне, биім — бейім, нише — неше.

Бұл сөйлегеніңнің өзі де лекцияға исәп. Сұлтанмахмұт Қамар бизнесін романтикалық планда ондай адам сирек кездесетін етіп суреттейді. Бұл құбылыс басқа қазақ тілі говорларында кездеспейді десе де болады. Тек қана Қарақалпақстанның солтүстігіндегі қазақтар тілінде: бикарға — бекерге орнына, текимет — текемет<sup>4</sup> сияқтылар кездеседі. Бірақ, бұл құбылыс өзінің аумағы жағынан Қарақалпақстанның солтүстік аудандарына қарағанда оңтүстік аудандарында тұратын қазақтар тілінде жиірек қолданылады. Қазақтардың тіліндегі бұл жағдайды қарақалпақ тілінің әсері деп есептейміз. Себебі И дыбысының алдынан келген Е дыбысы И-ге өзгеріп айтылуы қарақалпақ тілінің солтүстік диалектісінің Чымбай говорында: «дейді — дийді, дейтұғын — дийтұғын, жейме — жийме) баршылық.

Е/І. Е дыбысының кей сөздердің құрамында І дыбысымен алмасып келуі де ерекшелік туғызады:

<sup>1</sup> Н. Жүнісов. Қарақалпақстандағы қазақ тілінің ауыспалы говоры, кандидаттық диссерт. Алматы, 1965, 29-бет.

<sup>2</sup> У. Бекбауловтың жоғарыдағы аталған мақаласы, 79-бет.

<sup>3</sup> С. Аразкулыевтың аталған еңбегі, 25-бет.

<sup>4</sup> Ж. Болатов. Аякөз ауданында тұратын қазақтардың тіліндегі ерекшеліктер. Казак диалектологиясы, 1-шығуы, Алматы, 1965, 55-бет.

<sup>5</sup> О. Нақысбеков. Шу говоры..., Кандидат. дисс. Алматы, 1963, 32-бет.

<sup>1</sup> Ж. Болатов. Қошағаш қазақтарының тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері КІТ мен ДМ. 4-шығуы, 1962, 53-бет; Н. Жүнісов. Аталған диссертация, 47-бет.

<sup>2</sup> С. Аразкулыевтің аталған еңбегі, 26-бет.

<sup>3</sup> Д. С. Насыровтың аталған мақаласы, 67—68-беттер.

<sup>4</sup> Н. Жүнісовтың аталған диссертациясы, 44—45-беттер.

Ің — ең орнына несібі — несібе, дөңірік — төңірек, кіңкіне — кішкене, өткіл — өткел, бәйгі — бәйге, ерегис — ерегес, тәйкі — тәйке т.б.

Дүз несібің көтерілетін болды ғой дедім. Дөңірік онбе хожалыққа өліп толады. Мұны ит жүзім дейді, қап-қара болады, нарқы кішкінесі.

Е/І дыбыс алмасуы Қарақалпақстанның солтүстік аудандарында мекендеуші және Түрікменстандағы қазақтардың тілінде кездеседі. Ал Қазақстан территориясында Семей облысының Абай, Шұбартау, Көкпекті, Ақсуат; Шығыс Қазақстан облысының Большенарын, Семейдің Аякөз аудандарында тұратын қазақтардың сөйлеу тілімен бірге Маңғыстау говорында да ұшырайды<sup>2</sup>. Бұл тәрізді дыбыс сәйкестіктері қарақалпақ тілінің оңтүстік диалектісінің фонетикалық ерекшеліктерінде де кездеседі.<sup>3</sup>

Қарақалпақстанның оңтүстік аудандарын мекендейтін қазақтардың тіліндегі кездесетін дауысты дыбыстарға байланысты ерекшеліктердің бірқатары ерін дыбыстарына байланысты.

О/У. Дыбыс сәйкестіктерінің бұл түрі мына сөздерді қамтиды:

ұс/ыв ара — ос/ы/ ара ұсыер — осы жер, дұмалақ — домалақ, сұпы // суны — сопы, сұрақы — сорақы және т.б. Соңғы құртынды сөзі. Ұсы келісте сегізінші ауылға кетті. Содан бері ұсы арадамыз. Дұмалақ қара баласы ғой депті.

Енді бірқатар сөздерде керісінше құбылыс — Ұ дыбысының О дыбысына алмасуы байқалады: сорадым — сұрадым, сорау, сораимын — сұраймын, омар-жомар — ұмар-жұмар, тор — тұр, сорақ — сұрақ.

Басқа сүйегі жоқ, неліктен деп сорадым. Сауал сораиман деген омар-жомар кіріп ұстайтын болды. Тор орныннан, жылама.

Сөз болып отырған құбылыс Ұ-мен О-ның бір-бірімен алмасулары Қазақстан және одан тысқары жерді мекен-

<sup>1</sup> Н. Жүнісов. Аталған дис. 32-бет; Ә. Нұрмағамбетов. Аталған диссертациясы, 50-бет.

<sup>2</sup> Ж. Болатов. Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарында тұратын қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы КТТ мен ДМ, 2-шығуы, Алматы, 1960, 132-бет; С. Омарбеков. Қазақтың ауыз-екі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Алматы, 1965, 52-бет.

<sup>3</sup> У. Бекбулатов. Қарақалпақ тілінің түрлік диалектисының фонетикасы бойынша бірқанша байқаулар. Өзбекстан Илимлер Академиясы Қарақалпақстан филиалының Хабаршысы, 1964, № 4.

деуші қазақтардың тілінен де табылады.<sup>1</sup> Мәселен, Арал говорында: моқалу — мұқалу орнына, марқом — марқұм, болжамас — бұлжымас<sup>2</sup> сияқты сөздерді кездестіреміз.

Ұ/Ы. Бұл да зерттеліп отырған говорда кездесетін ерекшеліктердің бірі. Бұл құбылыста пәлендей бірізділік жоқ және говордағы барлық сөзді қамтымайды. Мысалы:

Мағлымат — мағлұмат  
тымар — тұмар  
ыят — ұят  
ымыту — ұмыту,  
лышық — шұжық  
ымытып — ұмытып  
қыбыла — құбыла

тымақ — тұмақ  
тыну — тұну  
сырқия — сұрқия  
ысқынсыз — ұсқынсыз  
бызау — бұзау

Мағылыматты адам емес. Ыят нәрсе ғо. Үйге келген соң даңдаң бала ымытады. Қуырдақ емені шышық. Әзір айтсақ, соң ымытып кетед. Жолдың қыбыла бетіндегі үйлердің ішінде болуы керек.

Осы жағдай Шығыс Қазақстан облысының тұрғындары мен Маңғыстау говорында да бышық — пұшық, жылын — жұлын, жыму — жұму түрінде кездеседі. Сөз етіп отырған құбылыс тек қазақ не қарақалпақ тілдерінің говорларына ғана тән құбылыс емес, мұның түрікмен, азербайжан тілдерінің говорларында да ұшырасатынын көреміз<sup>3</sup>.

Ө/Ұ. Бұлардың өзара алмасуы арқылы да ерекшелік тұады. Мысалы: өрдск — үйрек орнына, мөңкіп — мұңкіп, төрпі — түрпі (редиска) т. б.

<sup>1</sup> С. Аманжолов. Вопросы истории и диалектологии казахского языка, Алматы, 1959, 323-бет; Ж. Досқараев. Байғанин ауданындағы тұратын қазақтардың тіліндегі фонетикалық ерекшеліктер. КТТ мен ДМ, 2-шығуы, Алматы, 1960, 7-бет; Ж. Болатов. Семей облысы Абай, Шұбартау аудандарында тұратын қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы, КТТ мен ДМ, 2-шығуы, Алматы, 1960, 132-бет; Ш. Сарыбаев. Батыс Қазақстан экспедициясының материалдарынан. 4-шығуы. 1962, 27-бет; О. Нақысбеков. Орынбор облысының Адамов, Бөрте аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір жергілікті ерекшеліктер, 4-шығуы, 1962, 106-бет; Ә. Нұрмағамбетов. Аталған диссертация, 152-бет; Н. Жүнісов. Аталған диссертация, 33-бет.

<sup>2</sup> Ғ. Қалиев. Арал говоры 47-бет.

<sup>3</sup> С. Аразкулыев. Жоғарыда аталған еңбек, 35-бет.

Керісінше, Ө дыбысы Ү-мен алмасып та келіп отырады: күңіл // жеуіл — көңіл, нүсер — нөсер, үнебойы — өнебойы.

Адамның күңлі гүл. Күңлі інжар қапа болып қалды. Биыл бәһәрде үнебойы нүсер жауыны үзбей жауып тұрған жоқ па осы.

Бұлармен қатар тұрғындар тілінде еріндік Ө дыбысы езулік Е дыбысымен алмасып отырады. Кесеу — көсеу ерік — өрік.

Бұл тәрізді дыбыстық сәйкестіктер Қарақалпақстанның Төрткүл ауданында тұратын түрікмендердің ауыз екі сөйлеу тілінде де бар.<sup>1</sup>

Тұрғындардың ауызекі сөйлеу тілінде бірлі-жары сөздерде әдеби тілде еріндік, жіңішке Ү фонемасы айтылатын жерлерде езулік жуан Ы фонемасының қолданылатынын көруге болады:

Ысқырық — үскірік, шыберек — шүберек.

Сондай-ақ әдеби тілдегі қысқа І дауыстысы Е, Ү, Ы дыбыстарымен алмасып отырады.

І/Е. Кешкентай — кішкентай орнына, үлгеру — үлгеру, ескерген — ескірген, бие — бүйі.

Біздің баллар қызықпайды да, бырақ ің кешкентайлары ұстайды. Үлгеру мәселесі төмен. Олар ескерген парта.

Осы тәрізді құбылыс Қарақалпақстанның солтүстік аудандарын мекендейтін қазақтар мен Түркіменстандағы қазақтардың ауызекі сөйлеу тілдерінде байқалады.<sup>2</sup> Таулы Алтай автономиялы облысындағы қазақтар тілінде (ерегесу — ерегісу, серенке — сіріңке, бүлдірге — бүлдіргі, мешет-мешіт)<sup>3</sup>, ал Қазақстан территориясында Маңғыстау қазақтарының ауызекі сөйлеу тілінде түсінек — түсінік орнына, сенек — сенік, үлгеру — үлгеру, ежегей — ежігей түрінде ұшырайды<sup>4</sup>. Бірлі-жары сөздерде І мен Ү алмасады: (індеме — үндеме орнына) Бұл құбылыс қазақ тілінің Шу говорында да (дәстір — дәстүр, шіберек — шүберек, індеме — үндеме, ін-тін — үн-түн)<sup>5</sup>.

<sup>1</sup> С. Аразқұлыев. Гарагаллыгстан АССР-нің Дөрткүл районындағы түркімен гелпешиклери, Ашгабат, 1961, 28—29-беттер.

<sup>2</sup> Н. Жүнісов. Аталған диссертация. 44-бет; Ә. Нұрмағамбетов. Аталған диссертация: 52-бет.

<sup>3</sup> Ж. Болатов. Қошағаш қазақтарының тіліндегі жергілікті ерекшеліктер, КТТ мен ДМ, 4-шығуы. Алматы, 1962, 71-бет.

<sup>4</sup> С. Омарбеков. Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер, Алматы, 1965, 52-бет.

<sup>5</sup> О. Нақысбеков. Шу говоры, кандидаттық диссертация, 35-бет.

І/Ы: Бұл құбылыс мына сөздер құрамында көрінеді: дыйырман — диірмен, бырақ — бірақ, мұғалым — мұғалім, қадыр — қадір, ылым — ілім, быраз — біраз т.б.

Бырақ сыйыр жегі, беш кило сарымай план. Мұғалымның барлығы түрікпен, қадырым бар адаммын. Ол ылым жетіспесе қайдан біледі. Науканның жапырағын әкегенде быраз дұрыс болар еді.

Ы дыбысының І дыбысы орнына қолданылуы Қазақстанда Семей облысының Аякөз ауданында (он бір орнына — он быр, бірсыпыра — бырсыпыра, тиісті — тыйысты, піскен — пысқан) ұшырайтынын көрсете келіп, Ж. Болатов Шығыс Қазақстан облыстарындағы аудандарда, сондай-ақ Семей облысының Үржар, Мақаншы аудандарында жиі қолданылатынын және Қазақстаннан тыс жерде Таулы-Алтай автономиялы облысында, Монғолияда тұратын қазақтардың тілінде кездесетінін айтады<sup>1</sup>.

Ы/А: мана — мына орнына, дабыстап — дыбыстап, құдағай — құдағый, арқалы — арқылы, жөн-жосақ — жон-жосық. Мана адам көз болмаса қыйын екен. Мал сугарған болғай деп келе жатса, шарықтың «йық-йық» деген дыбысы шығады.

Бұл тәрізді алмасуларды Арал говорында (жон-жосық — жөн-жосық, шамырқану-шымырқану, құдағай-құдағи, қыйсақ-қыйсық)<sup>2</sup>, Орынбор облысының Адамов. Бөрте аудандарында және Түрікменстан мен Қарақалпақстанның солтүстік аудандарын<sup>3</sup> мекендеуші қазақтардың ауызекі сөйлеу тілінен кездестіруге болады.

Ы/А дыбыс алмасулары жергілікті қарақалпақтардың ауызекі сөйлеу тілінде байқалмағанмен түрікмен тілінде, сондай-ақ түрікмен тілінің сарық, ёмут диалектісінің құнбатыс говорларына тән<sup>4</sup>.

Бұл құбылыстар қазақ, қарақалпақ тілдерінен гөрі оғыз тобындағы тілдерге меншіктілігі байқалады.

<sup>1</sup> Ж. Болатов. Аякөз ауданында тұратын қазақтардың тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. — Қазақ диалектологиясы. Алматы, 1965, 55—56-беттер.

<sup>2</sup> Ғ. Қалиев. Арал говоры, кандидаттық диссертация, 45-бет.

<sup>3</sup> О. Нақысбеков. Орынбор облысының Адамов, Бөрте аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір жергілікті ерекшеліктер, КТТ мен ДМ, IV. Алматы, 1962, 106-бет; Ә. Нұрмағамбетов. Аталған дисс. 47-бет; Н. Жүнісов. Аталған диссертация, 41-бет.

<sup>4</sup> С. Аразқұлыев. Гарагаллыгстан АССР-нің Дөрткүл районындағы түркімен гелпешиклери, Ашгабат, 1961, 30-бет.

Енді бір сөздерде езулік «Ы» дыбысы орнына «Ү» дыбысы айтылады. Мысалы: Бекмұрза — Бекмырза орнына, мұрза-мырза, мұржалы — мырзалы, тұнбай-тыңбай.

Күдедей бел, күпшек сан,  
Бедеу атқа мінген жер.  
Салтанат дүзеп мұрзалар  
Қызығып жұртым көрген жер.

Біз келдік Мұрзалының ордасына  
Жолықтық Әбубәкір молдасына  
Жыландай зәрін шашқан сөз сөйлейді  
Мұрзалы қой демейді молдасына.

Токсан торғай, отыз қаз  
Айнала ұшар пыр-пырлап  
Екі лашын, бір сұңқар  
Тұнбай ұшар йыр-пырлап.

## 2. Дауыссыз дыбыстарға байланысты ерекшеліктер

Қарақалпақстанның оңтүстік аудандарын мекендеуші қазақтардың тіліндегі кездесетін фонетикалық ерекшеліктердің енді бір қатары дауыссыз дыбыстар сәйкестіктерімен байланысты. Әрине, бұл ерекшеліктер қазақ тілінің кейбір говорларына ғана емес, жалпы түркі тілдерінің қай-қайсысына да ортақ құбылыс.

**Б/П.** Бұл тәрізді алмасулар говорда көптеген сөзді камтиды: пахт — бақыт орнына, пасқа — басқа, пуқара — бұқара, пақыр — бақыр, пәтенке — бәтенке, пал — бал, пұтак — бұтак, пәсеке — бәсеке, пүтін — бүтін, палгер — балгер, полат — болат, пор — бор, Піржан — Біржан (адам аты), пұта — бұта, пүктемс — бүктемс, палапан — балапан, пейіл — бейіл, пұқа — бұқа, пітірді — бітірді, пәте // пата — бата, пытыра — бытыра, пәкі — бәкі, парқыт — барқыт. Пақытқа қарсы күзгі жәрмеңкеге баратқан қасында бес кісі бар. Бірдемені тілеп, сұрап барма, пақтың қайтады деген. Білетін адам бір пасқа, 1937 жылы СӨГУ-ді (САГУ) піткерген. Жабылып ақша беріп пітім жасайды. Піржан өлерінде байлы тұрады. Бұрынғының сөзінің білгенге палдай дәмі бар. Ікзәмі жаман емес, былтыр пітірді. Пітірген іс жоқ, салған құс жоқ.

Б және П дыбыстарына байланысты құбылыстар сөздің басында ғана алмасып қоймай ортасында да кездесіп отыратынын мына төмендегі сөздерден көруге болады:

кепек — кебек орнына, кішпесін — кішібесін, тепе ме? — тебе ме?, палақпан — балақпан (торғайды үркітетін құрал), тапа — таба. Мысалдар: Еленген ұннан қалғанды — кепек дейміз. Сол уақытта күн кішпесін еді. Сексен сом қарныңа тепе ме?

Жоғарыда көрсеткен «пітірді» етістігі кейде «бітірді» формасында да ұшырайды. Әрине, бұл құбылысты, біріншіден, қазақтардың топтасып отырған жерлері Қызыл қала, Қырыққыз сияқты елді мекендерден кездестірсек, екіншіден, оны жасы үлкен қариялардың тілінен байқаймыз. Бұған қарағанда, олардың тілінде ана тілінің біршама сақталғаны сезіледі.

Жоғарыдағы айтылған дыбыс сәйкестігіне керісінше жағдайларды мына сөздердің құрамынан көреміз (Әрине, бұл құбылыс сан жағынан Б/П алмасуына қарағанда анағұрлым аз): бада — пада орнына, жабан — жапан (ауыл мағынасында қолданылады), балуан — палуан, гербіш — керпіш — кірпіш т.б. Мысалы: Қыз алысуға тағы болмайды, содан соң осы жаққа көшіп келіп Хорезмнің бадасын бағып кеткенбіз ғо. Бендешілік, қол құсырып қарап отыралмаймын. Жабанға кетіп еді гой, қайтып оралмады: Хиуаның балуандарының бәрін жығады.

Зерттелін отырған говорда кездесетін Б мен П дыбыстарының өзара алмасулары қазақ тілінің көпшілік говорларында — атап айтқанда Жамбыл, Алматы, Қарағанды облыстарында тұратын қазақтар тілінде<sup>1</sup>, бұлардан басқа Семей облысы тұрғындары тілі мен Маңғыстау говорында ұшырасады.<sup>2</sup> Бұл құбылыс Қазақстанның тысқары жердегі қазақтар тілінде де бар: Таулы Алтай автономиялы облысындағы Қошағаш қазақтарының тілінде пензин — бензин орнына, пандит — бандит, лент — бинт; бұған керісінше: байдалы — пайдалы орнына, бысық — пысық, байдакүнәм — пайдакүнәм<sup>3</sup> т.б.

<sup>1</sup> Ж. Досқараев. Байғанин ауданында тұратын қазақтардың тіліндегі фонетикалық ерекшеліктер — КТТ мен ДТ, 2-шығуы, Алматы, 1960, 9—10-бет.

<sup>2</sup> Ж. Болатов. Семей облысы, Көкпекті, Ақсуат аудандарында... КТТ мен ДМ, Алматы, 1960, 80-бет; С. Омарбеков. Маңғыстау қазақтарының..., 223-бет.

<sup>3</sup> Ж. Болатов. Қошағаш қазақтарының тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. КТТ мен ДМ, 4-шығуы, Алматы, 1962, 73-бет.

Орынбор облысындағы қазақтарда пригад — бригад орнына, өнепойы — өнебойы, пазына — базына; керісінше — бенде — пенде орнына, байда — пайда<sup>1</sup>. Түрікменстандағы қазақтарда: пейнет — бейнет орнына, пұтақ — бұтақ, піту — біту, палта — балта; керісінше — бара — пара орнына, бісіру — пісіру<sup>2</sup> тұлғаларында айтылады.

Н. А. Баскаков алтай, чуваш т.б. тілдерде сөз басында қатаң П дыбысы келсе, кейбір тілдерде Б дыбысының айтылатынын көрсетеді<sup>3</sup>. А. М. Щербак бұл дыбыстарды бір ғана дыбыстан пайда болған десе<sup>4</sup>, ал Ф. Абдуллаев Б дыбысы П дыбысынан дамыған деген пікір айтып А. М. Щербак пікірін толықтыра түседі<sup>5</sup>. Проф. І. Кеңесбаев түркі тілдері мен қазақ тіліндегі П, Б дыбыстарын салыстыра келіп, қазақтың ауызекі сөйлеу тілінде бұл скеуі жарысып қолданылатындығын сөз етеді<sup>6</sup>. Жалпы алғанда Б, П дыбыстарының бір-біріне алмасып айтылуы тек ғана қазақ тілі үшін емес, жалпы түркі тілдеріне ортақ фонетикалық құбылыс.

Б/М. Қарақалпақстанның оңтүстік аудандарындағы тұрғындар тіліндегі кездесетін фонетикалық ерекшеліктердің бір тобы осы сипатта көрінеді: минет — бейнет орнына, мауыздау — бауыздау, мұрыш — бұрыш, мейт — бейіт, мелшесінен бату — белшесінен бату. Сорлы қара минетке езілген адам. Малдың мауыздау қанын ішсе жақсы болады дейді ғо. Бағалар мына жағын екі мұрышқа байласайшы. ...Анау көрініп тұрған мейіт сол кісінікі болуы керек. Мелшесінен батып отырпыты... Осы тәрізді алмасу, сирек болса да сөз ортасында ұшырасады:

эмме — әмбе («Барлық, бәрі» қарақалпақ әдеби тілінде «хәмме» түрінде айтылады), кеммағал — кембағал, қармыз — қарбыз, самап — сабан.

Бұл жерде ақшапы әмме манат дейді. Қосбармақтың әкесі болғанынша кәммағал болған. Бұл төрт бала жар-

лы кеммағал болады. Дайы қармыз же деп айтпайсың ғо. Самап алайын деп едім.

Қосымшалардағы Б дыбысы өзінен бұрынғы мұрын жолды Н, Н дыбыстарының әсерінен кейде М дыбысына айналып кетіп отырады. Мыс.: Гүнжі саттың ма? (Күнжі саттың ба? орнына, Мен саған мімме дедім ғо. (Мен саған мінбе дедім ғой), Сеп оған сүйкенме (Сен оған сүйкенбе).

Жоғарыдағы ерекшелікке кері құбылыстар да бірлі-жарым сөздерде бой көрсетіп қалады. Мысалы, Бакмалмен (мақпалмен) қаптаған кітап, сызбай білінеді. Сыртын бұқабалы (мұқабалы) етемін деп жүріпті. Байрамдап (мейрамдап) жүріпті. Бұл дыбыстық алмасуларды жергілікті көрші тілдердің әсері деп қарайтын болсақ, онымыз бір жақты пікір ғана болар еді. Себебі дәл осындай құбылыс қазақ тілінің басқа говорларында да бар. Әсіресе, Семей облысының Абай, Шұбартау, Көкпекті, Ақсуат аудандарында байқалады<sup>1</sup>.

Қазақ тілінің Маңғыстау говорында Б мен М дыбыстарының алмасуы мына сөздердің шеңберінде байқалады: Мауыздау — бауыздау, күймендеу — күйбендеу. С. Омарбеков бұл құбылыс жөнінде Н. А. Баскаковтың, В. В. Решетовтердің еңбектеріне сілтеме жасай отырып, осы құбылыстың ноғай, өзбек және алтай тілдерінде де бар құбылыс екендігін атап өтеді<sup>2</sup>.

Осы тәрізді дыбыс алмасулары Қазақстан территориясынан тысқары жерде тұратын қазақтардың тілінде де байқалады. Орынбор облысының Адамов, Бөрте аудандарында тұратын қазақтар тілінде, береке — мереке орнына, кибат — қымбат, мәйіт — бейіт, майтаба — байтаба болып айтылады<sup>3</sup>. Мұндай алмасуларды Қарақалпақстанның солтүстік аудандары мен Түрікменстанды мекендеуші қазақтар тілінен де табамыз<sup>4</sup>. Бұл құбылыс

<sup>1</sup> О. Нақысбеков. Орынбор обл., 4-шығуы, 106—107-бет.

<sup>2</sup> Ә. Нұрмағамбетов. Жоғарыдағы аталған диссертация, 78—79-беттер.

<sup>3</sup> А. Н. Баскаков. Каракалпакский язык. II, М., 1952, 92—93-беттер.

<sup>4</sup> А. М. Щербак. Грамматический очерк языка тюркских текстов. М.—Л., 1961, 61-бет.

<sup>5</sup> Ф. А. Абдуллаев. Фонетика Хорезмских говоров узбекского языка, автореферат докторской диссертации, Ташкент, 1961, 41-бет.

<sup>6</sup> І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі, Алматы, 1962, 253-бет.

<sup>1</sup> Ж. Болатов. Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарында... КТТ мен ДМ, 32-шығуы, Алматы, 1960, 133-бет; Семей облысы, Көкпекті, Ақсуат, аудандарындағы..., КТТ мен ДМ, 3-шығуы, 1960, 80-бет.

<sup>2</sup> С. Омарбеков. Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Алматы, 1965, 56-бет.

<sup>3</sup> О. Нақысбеков. Орынбор облысының Адамов, Бөрте аудандарында..., КТТ мен ДМ, 4-шығуы, 1962, 107-бет.

<sup>4</sup> Н. Жүнісов. Аталған диссертация, 57, 84-бет; Ә. Нұрмағамбетов. Аталған диссертация, 60, 81-беттер.



жергілікті карақалпақтармен қатар түрікмендердің ауызекі сөйлеу тілінен де орын алған. Осыған орай, бұл құбылыс туралы бұрын пікір айтқан зерттеушілердің еңбегіне жүгінесек, олардың бір-бірімен сәйкесу тарихын таныта түспек.

Б, М дыбыстарының өзара алмасуы түркі тілдерін былай қойғанда, монғол тілінде де бар құбылыс екенін көреміз<sup>2</sup>. Қазақ тілін алғашқы зерттеушілердің бірі — П. М. Мелиоранский өзінің «Краткая грамматика казак-киргизского языка» деген кітабында бұл құбылысты өзінен соңғы Р, Л дыбыстарының әсерінен болған деп<sup>3</sup> көрсетеді. Н. А. Баскаков карақалпақ тіліндегі М, Б, П дыбыстарына байланысты алмасуларды айта келіп, «как спонтанные так и комбинаторные соответствия м — б — п указывают на пережитки слабой фонематической дифференциации этих согласных причем, как это подтверждают данные древних языков тюркской группы, начальной согласный М является более поздним по отношению Б, П»<sup>4</sup>, — дейді.

Ә. Құрышжановтың Қарақалпақстанның солтүстік аудандарындағы қазақтардың тіліндегі кездесетін бұл ерекшелікті көрші тілдердің әсері деуден гөрі басқаша жағдаймен байланыстыра қарау керек дегені құптарлық пікір<sup>5</sup>. Себебі, бұл құбылыстың жоғарыдағы көрсетіп өткеніміздей, көптеген түркі тілдерінде, сондай-ақ монғол тілінде кездесуінің өзі бұған дәлел. Сондықтан оны әлі де толығырақ зерттеу қажеттілігі айтылып жүр.

Л/Н. Тұрғындар тіліндегі дауыссыз дыбыстарға байланысты ерекшеліктердің ендігі бір тобы сонар Л мен Н дыбыстарының алмасуымен байланысты. Бұл дыбыс сәйкестігі қазақ тілінің басқа говорларына қарағанда молдау тәрізді. Л мен Н дыбыстарының алмасуын мына төмендегі сөздердің құрамынан көреміз: ладан — надан,

<sup>1</sup> У. Бекбаулов. Карақалпақ тилинің түслик диалектисиниң дауыссызлар системасы — Өзбекстан Илимлер академиясы Карақалпақстан филиалының хабаршысы, 1965, № 3, 72-бет; С. Аразкулыев. Жоғарыда аталған еңбек, 40-бет.

<sup>2</sup> Ц. Номинханов. О чередовании некоторых согласных в тюрко-монгольских языках. Ученые записки Каз. гос. ун. им. С. М. Кирова, том. XIX, 1955, 144-бет.

<sup>3</sup> П. М. Мелиоранский. Жоғарыдағы аталған еңбек, I бөлім, СПб ч. I. 1894, 21-бет.

<sup>4</sup> Н. А. Баскаков. Каракалпакский язык. II. Москва, 1952, 81-бет.

<sup>5</sup> Ә. Құрышжанов. Карақалпақ АССР-ында тұратын қазақтардың тіліндегі ерекшеліктер. КТТ мен ДМ, 5-шығуы, Алматы, 1963, 158-бет.

жамалдату — жамандату, ләпсі — нәпсі, лаган — паган. Мысалы:

Білмеген ақмақ ладандар  
Пайда дейді забырды-ақ  
Жеңілсініп біреулер  
Аркалап жүр ауырды-ақ.

Бұған керісінше дыбыс алмасулары — қысынып — қысылып орнына, түгендеу — түгелдеу сияқты бірлі-жарым сөздерде ғана қолданылады. Мысалы: Ұялғаннан қысынып кеттім.

Л дыбысының орнына Н дыбысының қолданылуы карақалпақ тілінің арқа диалектісіндегі басты фонетикалық ерекшеліктердің біріне есептеледі. Ол түбір сөздерде ғана қолданылып қоймай, түбір сөзге жалғанатын қосымшаларда да кездесе береді. Мысалы, күнлер орнына — күннер, сенлер — сеннер, жыңли — жинни т.б. Бұл құбылыс карақалпақ руларының ішінде, әсіресе, мүйтеп руына тән екені карақалпақ тіл мамандары тарапынан айтылып жүр.

З/С. Бұл тәрізді алмасулар қазақтардың тілінде аз болса да кездескенімен жергілікті — карақалпақ, өзбек тілінен байқау қиын сияқты.

З/С, С/З алмасуларын төмендегі сөздердің құрамында кездестіреміз:

көреміс — көреміз орнына, барамыс — барамыз, мәс — мәз, келеміс — келеміз, айтамыс — айтамыз, есілген — езілген, «-мыс, -міс» қалпындағы қосымша Қарақалпақстан территориясындағы қазақтардың барлығына тән ерекшелік. З-ның С дыбысына алмасуы сөздің бас не орта шенінде кездеспейді десек те болады.

Бірлі-жарым сөздерде С-ның «З» дыбысына сәйкес келетін жайлары бар:

зобалаң — собалаң орнына, зырғанау — сырғанау, насыбайгүл — насыбайгүл (гүлдің аты).

Мұндай дыбыс сәйкестіктері Қарақалпақстандағы түрікмендердің ауызекі сөйлеу тілінде бой көрсетіп қалып отырады.<sup>1</sup>

Д/Л. Қазақ тілінің диалектологиясын зерттеуші ғалымдардың бірі — бұл екі дыбыстың бірінің орнына екіншісінің қолданылуына қарай, говорларды екі топқа бөледі.<sup>2</sup> Қарақалпақстандағы қазақ тілі оңтүстік говоры —

<sup>1</sup> С. Аразкулыевтың жоғарыдағы аталған еңбегі, 49, 50-беттер,  
<sup>2</sup> Ж. Досқарасев. Кейбір фонетикалық құбылыстар жайында. КТТ мен ДМ, 5-шығуы, Алматы, 1963, 141-бет.

Д дыбысының орнына Л дыбысы қолданылуының басымдылығымен ерекшеленеді. Мұнда олардың алмасып келуі — түбір сөздерде сирек те, ал қосымшаларда жиі қолданылады. Қазақтың әдеби тіліндегі тұлғаларын сақтап жалғанатын қосымшаларды да кездестіруге болады. Бұлар, әрине, Л-ден басталатын қосымшаларға қарағанда көлемі тар: тек қана қария — жасы үлкендердің тілінде; Қызылқала, Сексенбір, Бируни ауданындағы ХІХ партерезд колхозының «Буденный» уағестігі сияқты қазақтардың топталып оқшау отырған жерлерінде ғана ұшырайды. Мысалы, молла — молда орнына, түндік — түндік, Маңдай — маңдай, тірілей — тірідей, анла — анда, қаралай, қарадай, падашылай — падашыдай, ізле — ізде, демле — демле.

Әй, күнлүм, ауаланба анла мұны,  
Абайлай әр нұсқасын шегарасын.

Падашылай әр үйге бір қонам. Ізлестірсең тауып аласың. Мына шәйнекті демле. Бү көлдің өткеніне неше заманлар боғанын күдай білсін.

Жаз болса су ағады бешжаппенен  
Қыс болса су қайтадан бір таппенен  
Саған қыз түгел, қатын да жоқ  
Маңдайыңа ұра бер көлсеппенен (Әзіл өлең).

Д дыбысының Л дыбысына алмасуына мысалдарды көптеп келтіруге болады. Бірақ олардың барлығын тізіп беру қажет бола қоймас. Осы іспеттес құбылыс Семей облысының Абай, Шұбартау, Көкпекті, Ақсуат аудандарында да кездеседі.<sup>1</sup> Сондай-ақ, Батыс Қазақстан,<sup>2</sup> Маңғыстау қазақтарының тілінде де ұшырасады<sup>3</sup>. Түрікменстандағы қазақтар тілінде бұл құбылыс бас-аяғы екі-үш сөзде кездессе, Қарақалпақстанның солтүстік аудандарын мекендеуші қазақтардың тілінде бұдан гөрі молырақ<sup>4</sup>. Ж. Досқараев Д дыбысының орнына Л дыбысы-

<sup>1</sup> Ж. Болатов. Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарында... КТТ мен ДМ, 2-шығуы, 1960, 134-бет; Семей облысы, Көкпекті, Ақсуат аудандарында..., КТТ мен ДМ, 3-шығуы, 1960, 78-бет.

<sup>2</sup> Ш. Сарыбаев. Батыс Қазақстан экспедициясының материалдарынан, КТТ мен ДМ, 4-шығуы, 1962, 28-бет.

<sup>3</sup> С. Омарбеков. Маңғыстау қазақтарының тіліндегі кейбір диалектілік ерекшеліктер. КТТ мен ДМ, 3-шығуы, Алматы, 1960, 224-бет.

<sup>4</sup> Ә. Құрышжанов. Қарақалпақ АССР-ында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір ерекшеліктер КТТ мен ДМ, 5-шығуы, Алматы, 1963, 159—160-беттер.

ның қолданылуын көне құбылыс деп көрсете келіп, оның орхон-снисей жазуларында, сондай-ақ ХІ ғасырдың ескерткіші М. Қашқаридың «Диван лугат — ат түрк» атты кітабында да ұшырасып отыратынын айтады<sup>1</sup>.

Осы тәріздес пікірді басқа да зерттеуші жолдастардың елбектерінен кездестіреміз. Мәселен, Ә. Құрышжанов: «Қазақ тілінде т//д//л болып айтылатын сөздердегі қосымшаның басында Л қолдану — көне түркі тілдері мен осы күнгі көптеген түркі тілдеріне ортақ құбылыс»<sup>2</sup> — деп көрсетеді.

Қарақалпақстанның оңтүстік аудандарын мекендеуші қазақтардың тіліндегі Д дыбысының Л дыбысына алмасуы — көне түркі тілдерінің ізі болуымен бірге, біздің ойымызша, көрші отырған өзбек, қарақалпақ тілдерінің тигізген әсері болуы да заңды.

С/Ш. Бұл — осы говорда жиі қолданылатын фонетикалық ерекшеліктердің бірі. Ол сөздің басында, ортасында және аяғында да жиі айтылады. Сөз басында, шамал — самал орнына, шүйінші — сүйінші, шалы — салы (күріш), шу — сол, шорпа//шурпа-сорпа, шабаз — сабаз. Мысалы: Құрттай ғана тесік боса шамал тартады. Мәктөпке барған шақта артымнан шүйінші сұрап келді. Биыл шалыдан қақылдық деп отырмыс. Үйі шу аяқта деп ойлаймын. Шорпа — порпа ішіп кетің ақыр болмас. Шабаздың баласы-ай, пып-пысык!

Сілтеу есімдігінің «шу//шул» болып айтылуы немесе «сорпа зат есімінің «шорпа//шурпа» болып айтылуы зерттелген территорияның бәрінде кездесе бермейді. Бұл екі сөздегі дыбыстық алмасу Төрткүл ауданының Аққамыс, Ақбасты, Монтык, Шорахан; Әмудария ауданында Қылышбай және Қытай ауылдарындағы тұрғындар тіліне тән.

Сөз ортасында:

ешек — есек орнына, ашық — асық (қойдың асығы), өшіту — өсіту, ұқшату — ұқсату, башқа — басқа, ташау — тастау, ұқшау — ұқсау (сәйкес келу, дәл келу), іш — іс (жұмыс, қызмет), пішенбі // бишембі — бисембі, пышық // мышық — мысық, қостау — костау, бешатар — бесатар, тышқары — тысқары, ауышқан — ауысқан, Мысал-

<sup>1</sup> Ж. Досқараев. Кейбір фонетикалық құбылыстар жайында. КТТ мен ДМ, 5-шығуы, 1963, 146-бет.

<sup>2</sup> Ә. Құрышжанов. Қарақалпақ АССР-ында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір ерекшеліктер. КТТ мен ДМ, 5-шығуы, 1963, 160-бет.

дар: Таң сызып атқан уақытта ешекке бір қысым бек салдым. Мың қойдың ашығын жұттан өлген сытып алып бұякқа әкеп саттық. Айтып отырған сөздерің ештің бе. Ұқшатып жазған жанағыдан бетер. Ауа, ол саған ұқшайды. Бикарсыздар ғой келіп тұрындар іштеріңіз қышқанда. Жолбашылық еткен ғаррыға... Бір тоз (товарищески) обработка земли) башқасын білмедім. Одан кейін де талайларын ташады. Есі ауышқан адам ғо, болмаса. Онда да қоштайтын адам керек қо дедім.

С дыбысының Ш дыбысына алмасып келуі говордағы жиі кездесетін құбылыс. Сөз аяғында: беш — бес, қыш — қыс, аш — ас (тағам), арыш — арыс (жетек), тұрмыш — тұрмыс, нақыш — нақыс, жетпіш // жетміш — жетпіс (сан есім), ылтыш — алтыс, таш — тас, кеуіш — кебіс.

Оның өзі нағыз он нан алып беш нан сатқан саудагер ғо. Қыш жайлаудан жаз жайлауға көшіп келе жатқанда өлген құсайды. Аш деп етсіз пісетін ауқатты айтамыс. Арбаның арышының үстінде тұрыпты. Арыштай екі балам өлді. Тұрмышымыс осы өзің көріп отырған. Мүйізің қазақша нақыштың түрі ғо. Мұның таш ғо менің тісім өтпейді. Кеуішті табу өте қиын.

Осы келтірілген мысалдардың ішіндегі нақыш, мәш және кеуіп сияқты сөздерді говордың барлық территориясынан ұшыратуға болса, қалғандарын өзбек және түрікмендермен аралас отырған жерлерде ғана кездестіруге болады.

Тұрғындардың ауызекі сөйлеу тілінде жоғарыдағы құбылысқа керісінше Ш дыбысының С дыбысына алмасатын жағдайларды байқай алмадық.

Бұл құбылыс (С дыбысының Ш дыбысына алмасуы) тек осы Қарақалпақстан қазақтары мекендейтін өңірге ғана емес, Қазақстан территориясын мекендеуші қазақтардың тіліне де жат құбылыс емес. Біз мұны бұрын соңды қазақ тілінің говорлары туралы жиналған диалектологиялық материалдардан көреміз. Бірақ та осы зерттеліп отырған говордағы С-ның Ш-ға алмасуы мен қазақ тілінің басқа говорларының, атап айтқанда Қазақстан территориясындағы қазақтардың тілінде кездесетін С-ның Ш-ға алмасып қолдануында біраз айырмашылықтың бар екені байқалынады. Бұл айырмашылықты біз осы құбылыс байқалатын сөздердің қолданылу аясынан көреміз. Қазақ тілінің басқа говорларында ондай сөздердің саны 4—5 сөзден аспайды. Жергілікті тұрғындар тілінде

бұл құбылысты қамтитын сөздердің өте-мөте аз екендігі білінеді.

С/Ш дыбыс сәйкестігі Қазақстан территориясында Ақтөбе облысының Байғанин ауданында (мұрса — мұрша орнына, есек — ешек, мысық — мышық), Көкшетау облысында (мұрша — мұрса, нақыш — нақыс), Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарында (башқыш — басқыш, тұрмыш — тұрмыс, мышық-мысық, машқара — масқара, қышқаш — қысқаш, текшер — тексер, ұқшаш — ұқсас) кездеседі.<sup>1</sup> Сондай-ақ, Семей облысының Көкпекті, Ақсуат аудандарында, берсекеші — берекесі, тұрмыш — тұрмыс болып айтылса, Семейдің Аякөз ауданында: асхана-ашхана, асқазан — ашқазан, тексеру — текшеру, күнкөріс — күнкөріш, тұрмыс — тұрмыш қалпында қолданылады.<sup>2</sup>

Бұл құбылыс, аз болса да Қазақстанның батыс аймақтарына да меншікті.<sup>3</sup>

С дыбысының Ш-ға алмасуы республика территориясында ғана емес, сонымен бірге Қазақстаннан тысқары жерді мекендеуші қазақтардың да ауызекі тілінде ұшырасып отыратынын байқаймыз. Қарақалпақстанның солтүстік аудандарын мекендеуші қазақтардың тілінде — кеуіш — кебіс орнына, машақ — масақ, көкшерке — көксерке (балықтың аты), оқшату — ұқсату<sup>4</sup> қалпында кездессе, Түрікменстандағы қазақтар тілінде: қыштау — қыстау, тышқары — тысқары, оқшау — ұқсау, шермеу — сермеу, құрдаш — құрдас, ешск — есек<sup>5</sup> болып қолданылады.

<sup>1</sup> Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. 2-шығы. Алматы, 1960, 12, 92, 135-беттер.

<sup>2</sup> Ж. Болатов. Семей облысы, Көкпекті, Ақсуат аудандарында... КТТ мен ДМ, 3-шығы, 1960, 80-бет. Аякөз ауданында тұратын... Қазақ диалектологиясы, Алматы, 1965, 157-бет.

<sup>3</sup> Ш. Сарыбаев. Батыс Қазақстан экспедициясының материалдарынан, КТТ мен ДМ, 4-шығы, Алматы, 1962, 28-бет; С. Омарбеков. Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Алматы, 1963, 54-бет.

<sup>4</sup> Н. Джунусов. Казахский переходный говор на территории Каракалпакской АССР. Авторефер. канд. дисс. Алма-Ата, 1965, 7-бет. Ө. Құрышжанов. Каракалпакстан АССР-ында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір ерекшеліктер. КТТ мен ДМ, 3-шығы, Алматы, 1963, 160-бет.

<sup>5</sup> А. Нұрмағамбетов. Казахский говор на территории Туркменской ССР. Авторефер. канд. дисс. Алма-Ата, 1965, 5-бет.

С/Ш дыбыс сәйкестігі қарақалпақ тілінің диалектілі құрамын ажыратудағы басты белгілердің бірі<sup>1</sup>. Қарақалпақ тілінің оңтүстік говоруы — Ш дыбысы орнына С-ның жиі қолданылуымен сипатталады. Осы жағдайды ескерсек, қазақтардың тіліндегі бұл дыбыс ерекшелігі көрші тілдердің әсері деп қортындылаймыз.

Д/Т. Тұрғындардың ауызекі тіліндегі бұл құбылысты тәрежелі — дәрежелі, томалақ — домалақ, теңе — дене, төме — дөме, басқалтақ — баспалдақ, тайындау — дайындау, топ — доп, жәнтік — жәндік секілді сөздерде байқауға болады.

Біртемнен тілеп, сұрап барма, пахтың қайтады деген екен оған. Мұндай тәрежелі бола ма деген ой бар ма? Төнеден судай ақты қызыл қандар. Әлі төмеміз бар құдайдан. Бір ай запас жыйнайды басқалтақтан. Пахта тайындаудың жылдық пыланын орындауға таярланып жатыр т.б.

Тұрғындардың тілінде бұған керісінше Т-ның Д-ға алмасып келетіні де баршылық: деңіз — теңіз орнына, Дориткүл — Торткүл қаласы, дөңірек // дөңірік — төңірек, дым — тым, дүрлі — түрлі, дуры — тура, дыйанақты — тыйанақты, дор — түр, дәулік // тәулік.

Гурьевтен деңіз күн батысынан көшіп кеткен. Дорткүлде бар деп есіттік. Дөңірек он бес хожалыққа өліп толады. Тамның дөңірегін кара. Дым сыртпен барады. Балшықты мың күн илесең дүрлі қауқар тас болмас. Дуры өзің бір нәрседен қорықсаң, жатқан жерің сің — сирек көрінеді. Дыйанақты, нашар болса не жақты. Сен оған дейін осы жерде дор. Дор орнынан, жылама. Дәулік — дәулік дейді, дәулігі бір сәткі екен ғо. Бізді де дізімге тіркеді.

Көкшетау, Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарында тұратын қазақтардың тілінде де Д/Т және керісінше дыбыс алмасулары байқалады<sup>2</sup>. Шығыс Қазақстан облысы, Болышенарым ауданын мекендеуші қазақтардың тілінде, дөрт — төрт орнына, дүз — тұз, дұзақ — тұзақ, дізе — тізе, оңдайлы — оңтайлы, т. б. калпында дыбыс-талады<sup>3</sup>.

<sup>1</sup> Д. С. Насыров. Диалекты каракалпакского языка и их основные особенности. — «Вестник Каракалпакского филиала Академии наук УзССР», 1966, № 1, 68-бет.

<sup>2</sup> Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері, 2-шы-ғуы, Алматы, 1960, 92, 134-беттер.

<sup>3</sup> Ж. Болатов. Шығыс Қазақстан облысы, Болышенарым селолық ауданында тұратын қазақтардың тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы. КГТ мен ДМ, 5-шығуы, Алматы, 1963, 197-бет.

Д мен Т дыбыстарының өзара алмасулары қазақ тілінің батыс говорларында да жүйсілі түрде ұшырасып отырады<sup>4</sup>.

Бұл құбылыс тек қазақ говорларына ғана емес, ол карақалпақ, өзбек және түрікмен тілдеріне де меншікті. Карақалпақстанның оңтүстік аудандарын мекендеуші карақалпақтардың ауызекі сөйлеу тілінде, тәу-мет — дәумет, түмше — дүмше деген сөздерде Д дыбысы Т дыбысына алмасып отырса, керісінше, шадыр — шатыр, тізе — дізе, тұз — дүз деген сияқты сөздерде Т дыбысы Д-мен ауысып отырғанын байқаймыз<sup>5</sup>. Мұндай жағдай осы территорияны мекендеуші өзбектер тіліне де жат еместігін кейбір зерттеушілерден білеміз<sup>6</sup>.

Ж. Досқараев өзінің жоғарыдағы аталған мақаласында Байғанин ауданында тұратын қазақтар тіліндегі Д мен Т дыбысының өзара сәйкестігін сөз ете келіп, оның әзірбайжан және татар тілдерінің говорларында да кездесуінің себебін — IX—XI ғасырлардағы оғуз, қыпшақ тілдерінің бір-біріне тигізген әсері деп біледі<sup>7</sup>. Н. А. Баскаков Д дыбысының Т-ның фонемалық варианты ретінде Карақалпақ тілінің оңтүстік — батыс диалектісінде жиі қолданылатынын көрсете отырып, «Д» дыбысы сөз басындағы фонемалық мағынасын араб, парсы тілдерінен сөз ауысу дәуірлерінде алды деп көрсетеді<sup>8</sup>.

Шындығында, Д дыбысы Т дыбысының ұяндануынан пайда болғанын басқа да зерттеушілердің пікірлері айқындай түседі<sup>9</sup>. А. Н. Кононов Әбілғазы шығармасында (XVII ғасырдағы) Д дыбысы сирек екенін, тек араб, парсы тілдерінен кірген сөздерде ғана кездесетіндігін көрсетіп, жоғарыдағы Н. А. Баскаковтың пікірін толықтыра түсті<sup>10</sup>.

<sup>4</sup> Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері, 5-шығуы, Алматы, 1963, 240-бет; С. Омарбеков. Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Алматы, 1965, 56-бет; А. Борибаев. Языковые особенности Урлинских казахов. Автореферат канд. дисс. Алма-Ата, 1966, 9-бет.

<sup>5</sup> У. Бекбаулов. Каракалпак тилинің туслик диалектисинин дау-мсызлар системасы. Өзбекстан Илимлер академиясы Каракалпак филиалының Хабаршысы, 1965, № 3, 74—77-беттер.

<sup>6</sup> Э. Ю. Уразов. Узбекские говоры южной Каракалпакии. Автореферат кандидатской диссертации. Ташкент, 1966, 9-бет.

<sup>7</sup> Ж. Досқараевтың жоғарыдағы көрсетілген мақаласы, 11-бет.

<sup>8</sup> Н. А. Баскаков. Каракалпакский язык, II. Москва, 1952, 65-бет.

<sup>9</sup> М. Ряснен. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. М., 1955, 138-бет. А. М. Щерба. Грамматический очерк языка тюркских текстов... М.—Л., 1961, 60-бет.

<sup>10</sup> А. Н. Кононов. Родословная туркмен. М.—Л., 1958, 121-бет.

Тағы бір зерттеуде қырғыз, хакас, шор және алтай тілдерінде көне Т дыбысының сақталып қалғандығы айтылады<sup>1</sup>. Бұлардан шығатын қортынды — әңгіме етін отырған объектідегі Т дыбысының Д дыбысына алмасуының бір жағынан көрші тілдердің әсері, яғни кейінгі кездерде пайда болған құбылыс деп қарасақ, екінші жағынан Д дыбысының Т-ға ауысуының көне түркі тілдерінің сақталып қалған ізі деп те жорамал айтуға болатын сияқты.

Қ/Г. Дыбыс сәйкестігінің бұл түрі говорда мына сияқты сөздерді камтиды:

Ғары — кәрі (қарт) орнына. Тұрғындардың ішінде қазақ тіліндегі Кәрібай деген адам аты Ғаррыбай болып дыбысталады, ғажырлы — қажырлы, ғаз — қаз (құстың түрі), гауга — қауға (шелек), гам — кам (кам жеме), ғарғыс — қарғыс, ғоза — қоза (мақтаның қозасы), ғарбыз — қарбыз, кешғұрым — кешқұрым т.б. Тұрғындардың ауызекі тілінде қ/ғ дыбыс сәйкестігін көптеп ұшыратуға болады. Бұлай болу заңды құбылыс. Өйткені, қазақ тілінде К-мен айтылатын сөздердің көпшілігі қарақалпақ тілінде Ғ дыбысымен басталып айтылады және қарақалпақ тілінің сөздігінде осы дыбыстан басталатын сөздердің саны қазақ тілімен салыстырғанда әлдеқайда мол<sup>2</sup>. Говордағы ұяң Ғ-дыбысынан басталатын сөздердің көп ұшырауын — көрші отырған қарақалпақ, өзбек және түрікмен тілдерінің әсері деп білеміз.

Осы сөз болып отырған құбылысқа керісінше жағдайда кездеседі. Атап айтқанда, қазақ әдеби тіліндегі «ғ» «г» дыбыстарын говорда Қ мен К дыбыстары ауыстырады. Әрине, мұның қолдану аясы шағын, аздаған ғана сөздерді камтиды: жоқары — жоғары орнына. Жоқарқы — жоғарқы<sup>3</sup>, Қани — Ғани, қылқыту — қылғыту үкіт — үгіт.

Олар жоқарыдан ертедеп-ақ келіп қоныстанып отырған адамдар. Жоқары жақ айтқаның солай болады. Қолына не түссе соны қылқытып жұта береді. Адам баласының үкітіне енбейтін жап өзі.

<sup>1</sup> И. А. Батманов, З. Б. Арагачи, Г. Ф. Бабушкин. Современная и древняя енисеика. Фрунзе, 1962—69-беттер.

<sup>2</sup> Каракалпакско-русский словарь. М., 1958; Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. I-том, Алматы, 1959.

<sup>3</sup> Жоғары сөзімен байланысты сөздер қарақалпақ тілінің орфографиялық нормасында, түлғасында қатаң сақталып жазылады. Мәселен: Жоқарылау-жоғарылау, жоқарылат. (Каракалпакско-русский словарь. Москва, 253—254-беттер).

Қ/Г. Говорда бұл ерекшелік көп сөзді камтиды, гүм-бірлеу — күмбірлеу, гүна — күнә, гөне — көне, гейде — кейде, Генжебай — Кенжебай, гүй — күй, гүрес — күрес, гөз — көз, гешір — кешір (сәбіз), гілем — кілем, гүзе — күзе және т.б.

Жанқазының мына гөне әулісін көреміз. Гөне скен деп алмадым Утамбетгерен бар еді. Гей-гейде қидырып барып тұрамыз. Гейде өздері келеді. Домбыра тартқанмен гүй тарта алмаймын. Гүресетін адам шықпады. Ол Хиуада гүрес тұтты. Якшы, якшы айналайын гөзіңнен, Гешір бос жерге жақсы пітеді. Қаланы қазғанда сынған гүзенің қалдығы табылды. Гезеклесіп қарауылға тұрдық. Осы дауыссыз дыбыстармен байланысты бұдан басқа да фонетикалық ерекшеліктер жоқ емес. Бірақ олар өте сирек кездеседі. Мысалы: кәпілім — капелім орнына, кемзал — камзол, кәдір — қадыр.

Говордағы Қ, Қ, Ғ, Г дауыссыз дыбыстарымен байланысты байқалатын ерекшеліктердің бірқатары — осы дыбыстардың кейбір жекелген сөздерде түсіп қалуын, қосарланып келуін, сондай-ақ кейбір дыбыстармен алмасуын жатқызуға болады. Мысалы: зорда — зорға (Өнбес күнде зорда әкелдік, айтысып жүріп); Тамға — таңба (әкесі — Табын өліп қалып, шешесі балаларын сиңілетірінде Байқозыға тарағын берген тамға қылып, Тартуылға көсеуін, Бозымға шөмішін берген, осыдан табын үш тамғалы табып болып аталған); Басқалтақ — баспалдақ (Бір ай запас жинайды басқалтақтан). Әдәби тілдегі Ғ дауыссыз дыбысы сақталынып жазылатын сөздердің кейбірінде бұл дыбыс түсіріліп айтылады: Ары — арғы орнына, ажайып — ғажайып, алым — ғалым т.б.

Говордағы Ғ және Қ дыбыстары тоғғыз // төккіз, секкіз // сеггіз, екі сияқты сан есімдерде қосарланып дыбысталатын жағдайлар да ұшырасады. Мысалы, Еккі — ескіден бөлісіп алдық. Жеті-секкіз жылдан берлі қолхозға саңға аспай жүріппін. Бүйерге секкіздеп тоғғызға қарағанда көшіп келдік. Бұл сияқты дыбыстардың түсіріліп не қосарлануы жөнінде сәл кейінірек сөз болмақ.

Г, Ғ, Қ, К дыбыстарының бір-бірімен алмасып келуі — қазақ тілінің басқа говорлары үшін де жат еместігін байқаймыз.

Қазақ тілінің Шу говорында Г/К дыбыс сәйкестігі мынадай сөздердің құрамында ұшырасады: күл — гүл, үкіттеу — үгіттеу, мектеу — медеу, ілкері — ілгері,

ақылкөй — ақылгой; Арал говорында: үкіт, жауынке үзенкі.<sup>1</sup>

Ж. Доскараевтың көрсетуі бойынша, Ғ/Қ, Г/Қ дыбыстарының алмасуы Ақтөбе облысының Байғанин ауданының тұрғындарының тілінде,<sup>2</sup> Ж. Болатовты мәлімдеуінше Семей облысынан Көкпекті, Ақсуат аудандарындағы қазақтар тілінде кездесіп отырса,<sup>3</sup> Батыс Қазақстан қазақтарының ауызекі тілінде де бірлі-жарым сөздерде ұшырасатын жағдай скенін көруге болады.<sup>4</sup>

Қазақстаннан тыс жердегі қазақтардың тілінде де осы іспеттес дыбыс сәйкестіктері байқалады. Таулы Алтай автономиялы облысын мекендеуші қазақтардың тілінде Ғ дыбысынан басталатын кісі аттары Қ-мен айтылады. Сондай-ақ әдеби тілде сөз ортасындағы ұяң дыбысы қатаңдап Қ дыбысына айналып отырады.<sup>5</sup> Осы тәріздес дыбыстық алмасу үкіттеу — үгіттеу орнына теңке — теңге сөздерінде Орынбор қазақтарының тілінде байқалады.<sup>6</sup> Жоғарыда көрсетілгендердің ішінде Қ/Ғ, Қ/Г алмасуларының мол ұшырайтын өңірі — Қарақалпақстанның солтүстік аудандарын мекендеуші қазақтардың тілі.<sup>7</sup>

Ш/Ч. Тұрғындардың ауызекі тіліндегі дауыссыз дыбыстарға байланысты ерекшеліктердің ендігі бір тобының Ш дыбысының аффрикат Ч дауыссызымен сәйкестенуі. Бұл құбылыс зерттеліп отырған говорда өзінің жұмыс ауымымен қазақ тілінің басқа да — Маңғыстау, Шығыс т.б. сыяқты говорларда да кездеседі. Бірақ олармен с

дыстырғанда мына говорда кездесіп отырған аффрикат «Ч» анағұрлым жиі әрі көп қолданылады.

Әрине, говордағы кездесіп отырған Ч дыбысының айтылуымен әдеби тілдегі Ч дыбысының дыбысталуы жағынан біршама айырмашылық бар екендігі мәлімет берушілермен әңгімелескеннің өзінде де байқалып отырады. Бұның басты себебі «Ч» дыбысының қазақ тілі құрамында кейін пайда болуынан шығар деп ойлаймыз. «Қазақ тіліндегі Ч дыбысы туралы бұрынғы бір айтылған пікірлер де осы ойымызды дәлелдей түседі.

Зерттеліп отырған говордың материалдарынан мысал келтірейік: Чекпейді — шекпейді (тартпайды мәнісінде), чәй — шай, чашу чашты — шашты, үч — үш, қач — қаш, қалғы — шалғы, чекпен — шекпен, чөже — шөже, чаппа — шалпа, кепчик — көбшік, чатақ — шатақ, Чалқаров — Шалқаров (адам аты), чакмак — шақмак (чакмактас, чакмак қант), чанах — шана (ұя), пычкы — пышкы, чігіт — шігіт, чел — шел (атыз), чакқан — шаққан, чалы — шалы, салы (күріш).

Қайып папирос чекпейді. Мехман чәй ішсәйікту уақытында. Кепчикке тастап чәй ішейік кәне. Чапай чәйге кешікті қой. Тамақты жеп болған соң алып бересін де біздің чашты. Саат үчте үйге зор да келдік. Качты мықты ағаштан салады. Жолдан былай ойна, кач деймін. Өзі кішкентай құс пәбрике. Чігітті чакқан салып болса пахта ерте піседі.

Қазақстан территориясын мекендеуші қазақтардың ауызекі тілінде бұл құбылыс, Маңғыстау говорынан басқа Тарбағатайдан бастап Семей облысының оңтүстігі, бүкіл Жетісу, Алатау өңіріне дейінгі аймақтарды мекендеуші қазақтардың тілінде байқалатындығы анықталып отыр деп көрсетеді.<sup>1</sup> Ж. Болатов осы дыбыстық алмасулардың Шығыс Қазақстан облысының Большенарым селолық аудандарында — чакча — шақша орнына, чарчадым — шаршадым, камчы — қамшы, қойчы — қойшы, тершіді — тершіді тәрізді сөздерде ұшырасатынын айтады.<sup>2</sup>

Ал, Қазақстан территориясынан тыс жердегі қазақтардың тілінен бұл құбылысты Қарақалпақстанның сол-

<sup>1</sup> О. Нақысбековтың жоғарыдағы аталған қолжазбасы, 70-бет. Ғ. Қалиевтің қолжазбасы, 76-бет.

<sup>2</sup> Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері, 2-шығы, Алматы, 1960, 14—15-беттер.

<sup>3</sup> Жоғарыда аталған жинақтың үшінші шығуы, Алматы, 1968-82-бет.

<sup>4</sup> А. Борибаев. Языковые особенности урдинских казахов. Автореферат канд. дисс. Алма-Ата, 1966, 11-бет.

<sup>5</sup> Ж. Болатов. Қошағаш қазақтарының тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. ҚТТ мен ДМ, 4-шығы. Алматы, 1962, 73-бет.

<sup>6</sup> О. Нақысбеков. Орынбор облысының Адамов, Бөрте аудандарындағы... 106-бет.

<sup>7</sup> Ә. Құрышжанов. Қарақалпақ АССР-ында тұрушы қазақтардың тіліндегі ерекшеліктер... ҚТТ мен ДМ 5-шығы, 1963, 155—156-беттер. Н. Джунусов. Казахский переходный говор на территории Каракалпакской АССР. Автореферат канд. дисс. Алма-Ата, 1965, 8-бет.

<sup>1</sup> С. Омарбековтың жоғарыдағы көрсетілген еңбегі, 41-бет.

<sup>2</sup> Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері, 5-шығы, Алматы, 1963, 198-бет.

түстік аудандарын мекендеуші қазақтар мен Түрікменстандағы қазақтар тілінен табамыз<sup>1</sup>.

Қазақ әдеби тілінің нормасына Ч дыбысы жат болғанымен, оның говорларында кездесетінін аңғардық. Бұл қалай? Әлде «Ч» дыбысы қазақ тілінде ерте кезде болып қазіргі говорларда ұшырасып отырған құбылыс соны сақталған қалдығы ма? Немесе көрші тілдердің әсері ме?

Қазақ тілінде Ш дыбысымен басталатын сөздердің көпшілігі өзбек, түрікмен, әзірбайжан, ұйғыр, татар, қырғыз тілдерінде Ч дыбысымен айтылады. Бірақ осы тілдерде Ш-дан басталатын сөздер де аз емес. Фонетикалық ерекшеліктер сипатында ұшырасып отырған Ч дыбысы жоғарыдағы тілдерде Ш-ның орнына қолданылады. Бұл жөнінде түркі тілін зерттеушілердің кейбіреулері пікір айтқан болатын<sup>2</sup>. Бұндай дыбыс алмасулары туралы Қарақалпақстанның оңтүстік аудандарын мекендеуші өзбек және түрікмен тілдерін зерттеуші ғалымдардың да пікірі бар<sup>3</sup>.

Қазақ тілі тәрізді Ч дыбысы қарақалпақ тілінде де шет тілдерден кірген сөздерді есептемегенде, сөз басында кездеспейді. Бірақ соңғы кездерде қарақалпақ тілінің оңтүстік диалектісіндегі фонетикалық ерекшеліктердің бірі ретінде көрсетіліп жүр<sup>4</sup>.

Бұл аудандарды мекендеуші басқа ұлттың өкілдері (өзбек, түрікмен және қарақалпақтардың) тілдерінде Ч дыбысы түбір сөзде де және оған жалғанатын қосымша-

<sup>1</sup> Н. Джунусов. Казахский переходный говор на территории Каракалпакской АССР. Автореферат дисс. канд. филолог. наук. Алма-Ата, 1965, 8-бет; А. Нурмагамбетов. Казахский говор на территории Туркменской ССР, Автореферат канд. фил. наук. Алма-Ата, 1965, 4-бет.

<sup>2</sup> В. А. Богородицкий. Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками. Казань, 1934, 45-бет; К. К. Юдахин. Краткие сведения по сравнительной фонетике. См. Киргизско-русский словарь. М., 1940, 571—572-беттер.

<sup>3</sup> Ахмед Ишаев. Фонетические особенности мангытского говора узбекского языка. Автореферат канд. дисс. Ташкент, 1962, 16-бет; С. Аракулович. Каракалпастан АССР-ның Дортгүл районындағы түркмен гелешиклери. Ашгабат, 1961, 52—54-беттер.

<sup>4</sup> Д. С. Насыров. Диалекты каракалпакского языка и их основные особенности — «Вестник Каракалпакского филиала АН УзССР, 1966, кн. I, 68-бет; У. Бекбаулов. Фонетические особенности южного диалекта каракалпакского языка. Автореферат канд. дисс. Нукус, 1966, 18-бет; Н. А. Баскаков. Каракалпак тілінің оңтүстік диалектісінде Ш-ның фонетикалық варианты есебінде Ч-ның түбір сөздерде ұшыраса беретінін көрсетеді (Қараңыз: Каракалпакский язык. II бөлім. 1952, 67-бет).

ларда да ұшырасып отырады. Осындай жағдай сол ұлттармен аралас отырған қазақтар тілдерінен де байқалады. Мысалы, бірінші, екінші, чапчы (киіз басумен шұғылданатын адам) т.б.

Ч дыбысы ертедегі енисей жазуларында да ұшырасады. Бірақ, осы Ч дыбысы тува және шор тілдерінде Ш дыбысына айналып кеткен де, қырғыз, алтай тілдерінде Ч қалпын сақтап қалған. Енисей ескерткішінде — чериг, кирг. черик, алт. — черу, тува, шор тілдерінде: шериг — армия, әскер.<sup>1</sup>

Кейбір ғалымдар XIII—XIV ғасырлардың ескерткіші «Кодекс Куманикусте» де Ч дыбысының бар екендігін көрсетеді.<sup>2</sup>

Бұлардың барлығы да Ч дыбысының ертеден-ақ түркі тілдеріне тән дыбыс екендігін дәлелдейді.

Қазақ тілінің говорларындағы Ч дыбысы туралы әртүрлі пікірлер айтылып жүр. Ол пікірлер негізінен екі топқа бөлінеді. Бірқатар ғалымдар бұл дыбысты көршілес отырған тілдердің әсерінен пайда болған құбылыс деп қараса,<sup>3</sup> қазақ тілін зерттеушілердің бірі — Ж. Досқараевтың пікірі бойынша, Ч дыбысы тайпа тілдерінің қалдығы ретінде танылады.<sup>4</sup>

Кейбір зерттеушілер тарапынан сөз болып жүрген жағдай — қазақ тілі говорларында кездесетін Ч дыбысының дыбысталуы. Бір зерттеуші қазақ тілінің Шу говорында таза аффрикат Ч ұшырасады<sup>5</sup> десе, енді біреулері Ч мен Ш-ның аралығындағы дыбыс күйінде немесе таза аффрикат күйінде ұшыраспайды деп есептейді. Аффрикат Ч-ның өзі — Т-мен ызың Ш дыбысының қосындысы. Ал говорлардағы кездесіп жүрген таза аффрикат

<sup>1</sup> Ш. И. Батманов., Арагачи, Г. Бабушкин. Современная и древняя енисейская. Фрунзе, 1962, 70-бет.

<sup>2</sup> Н. А. Баскаков. Каракалпакский язык. II. Москва, 1952, 75—76-беттер.

<sup>3</sup> А. Н. Самойлович. Казахи Кошгагачского аймака Ойротской автономной области. — Материалы Комиссии экспедиционных исследований, вып. 15, сб. статей Л., 1930. 323—324; Н. Т. Сауранбаев, Г. Бегалиев. Казах тілінің грамматикасы. Алматы, 1945. 8-бет; Ш. Ш. Сарыбаев. Семей облысы Мақаншы..., Қазақ тілі білімнің мәселелері. I. Алматы, 1959, 38-бет; Ә. Құрышжанов. Нарынкол, Кеген... — Бұл да осы жипакта, 46-бет.

<sup>4</sup> Ж. Досқараев. Кейбір фонетикалық құбылыстар жайында — ҚТТ мен ДМ, Алматы, 1963, 145—146-беттер.

<sup>5</sup> О. Нахысбеков. Языковые особенности казахов Чуйской долины. Автореферат дисс. канд. филол. наук, Алма-Ата, 1963, 7-бет.



емес — Т дыбысынан гөрі Ш дыбысының элементі ба-  
сымырақ көрініп тұрады деп көрсетеді.<sup>1</sup>

Әңгіме етіп отырған говорымызда аффрикат Ч дыбы-  
сының дыбысталуы — құрамындағы Т-нің элементіне  
гөрі Ш-дыбысының элементіне жақындау екендігі бай-  
қалады.

Түркі тілдеріндегі аффрикат Ч дыбысы — түркі тілі  
мен шұғылданушы ғалымдардың қай-қайсының да на-  
зарынан тыс қалған емес.

Қазақ және қарақалпақ тілдерінде аффрикат дыбыс-  
тардың жоқтығын былай қойғанда, қазіргі кезде құра-  
мында аффрикат дыбыстары бар деп жүрген башқұр  
және татар тілдерінде біреулер ол жоқ деп санаса, екін-  
ші біреулер, дыбысы болған күнде де оның таза аффри-  
кат қалпында емес екенін айтады. Н. К. Дмитриев — ескі  
башқұр тілінде Ч дыбысының болмағандығын айтса  
Ф. Г. Исхаков — татар тіліндегі Ч әрпі орыс тіліндегідей  
аффрикат емес, жай ғана дауыссыз, тек қана Ч мен Ш  
аралығындағы дауыссыз екенін ескертеді.<sup>2</sup>

Біз де осы келтірілген пікірлердің ішінен — «Ч» ды-  
бысын көрші тілдердің әсерінен пайда болған дыбыстық  
ерекшелік дегенді қостағымыз келеді. Бұл жерде біз  
оның (Ч дыбысының) қазақ тілінде ертеректе болғанын  
жоққа шығарғымыз келмейді, мүмкін болған да шығар,  
бірақ ертедегі тілдердің қалдығы дегеннен гөрі көрші  
отырған тілдердің әсері деу орынды сияқты. Бұған мы-  
надай дәлелдер бар. Біріншіден, Ч дыбысы — көрші  
отырған өзбек, түрікмен тілдерінің дәстүрлі белгісі. Қа-  
зақтар осы халықтармен тығыз байланыста. Қазақ ба-  
лалары, өзбек, түрікмен кластарында оқып, кеңселерде  
іс қағаздарын өзбек тілінде жүргізеді. Екіншіден, бұл  
дыбыс алмасуы осы говор қамтитын тұрғындар тіліне  
ортақ болып келе бермейді. Оны Аққамыс, Мимін, Қыр-  
ғыз, т.б. жерлердегі өзбек және түрікмендермен аралас  
отырған қазақтар тілінде ғана ұшыратамыз.

Зерттеліп отырған говордағы ерекшеліктердің енді  
бір тобы тұрғындар тіліндегі Ж дыбысымен байланысты.  
Говордағы Ж дыбысы, біріншіден, аффрикат — ДЖ (Ж)

қалпында айтылса; екіншіден, — А -Е тұлғалы көсемше  
етістіктер (бара, келе) мен «жатыр» көмекші етістігі  
тіркесіп келгенде Ж дауыссыз И дыбысына айналады;  
үшіншіден, қазақ тілінің кейбір говорларындағыдай  
мұнда да Ж-ның орнына ішінара сөз басында Д қолда-  
нылады.

Ж/Ж. Аффрикат дыбыстардың ішінде ж (дж) дауыс-  
сызының қолданылуы осы говордағы дыбыстар алма-  
суына байланысты ерекшеліктердің ішінде назар аударар-  
тын фонетикалық құбылыстардың бірі. Тұрғындардың  
тілінде аффрикат Ж көбінесе мынадай сөздерде жиі қол-  
данылады: Жо // жоқ — жоқ орнына, жақсы — жақсы,  
жылама — жылама, жыңғыл — жыңғыл, жігіт — жігіт,  
жығыл — жығыл, жырту — жырту, жемге — жемге, жү-  
тсе — жұмыс, жәй — жай (үй), т.б. Өзі жоқ дегенсің  
бармадым. Жылама, ұрысып жатыр. Жыңғыл бұл жерде  
насын өсетін еді. Жігіт болып тұрғанда өлді. Мінбе, жы-  
ғыласың деп айтым ға ақыр. Жыртылып қалғаны болмаса  
әлі шыт таза. Жұмысқа кетіп бара жатқанымда келіп  
қалды. Жұмыс жағдайына қарай ешқайда көшпей қал-  
дык. Бес жүзге жәй алдым. Жо ата дедім. Қимаймын  
жақсы көремін, орным жоқ дедім.

Говорда «Ж» дыбысының аффрикат, «ж» (дж)-ға  
сәйкестенуі сөздердің тек қана басында емес, ортасында  
да, аяғында да кездесіп отырады. Қазақ тілінің зерттел-  
ген говорларының ішінде аффрикат Ж дыбысы көбіне  
Шу говорында ұшырайды.<sup>1</sup> Шу говорында аффрикат  
дыбыс Ж-ның қолданылуы зерттеліп отырған говордағы  
Ж дыбысынан кем түспейді, қайта қамтитын сөзі әлде  
қайда басым. Бұл құбылыс осы территориядағы өзбек  
неп түрікмен тілдерінің говорларын айтпағанның өзінде,  
бұл жерде мекендеуші қарақалпақтардың тіліне де жат  
емес. Қарақалпақ тілін зерттеушілер ж/ж (дж) сәйкес-  
тіктерін қарақалпақ тілінің диалектілерін бір-бірінен  
ажыратып тұратын фонетикалық белгілердің бірі ретін-  
де көрсетіп жүр.<sup>2</sup>

Қазақ тілінде Ж және Ж дыбыстарының ертеден-ақ  
бар екендігі белгілі. Қазақ тілін зерттеушілердің бірі —  
П. М. Мелиоранский қазақ тілінде ДЖ дыбысының бар  
екенін көрсетіп, оның батыста қолданылатынын айта-

<sup>1</sup> А. Нурмагамбетов. Казахский говор на территории Туркмен-  
ской ССР. Автореферат дисс. канд. филол. наук. Алма-Ата, 1965,  
4-бет, С. Омарбековтың жоғарыдағы аталған еңбегі, 36-бет.

<sup>2</sup> Н. К. Дмитриев. Грамматика башкирского языка, М.—Л. 1948,  
28-бет, Ф. Г. Исхаков. Об отдельных фонемах татарского языка. Ис-  
следование по сравнительной грамматике тюркских языков. I. М.,  
1955, 247-бет.

<sup>1</sup> О. Нақысбеков. Қазақ тілінің Шу говоры, қолжазба, 1963,  
47-бет.

<sup>2</sup> А. А. Баскаков. Қарақалпақский язык, II. М., 1952, 87-бет;  
Д. С. Насыров. Жоғарыдағы аталған мақаласы, 68-бет.

ды<sup>1</sup>. Ал, біздің тіл ерекшеліктерін сөз етіп отырған қазақтарымыздың өзі Қазақстанның батыс облыстарына ертеде келіп қоныстанған. Бұлардың ата-бабалары батысты мекендеген, бірақ олардың тілінде бұрын Ж аффрикаты байқалмаған. Бүгінгі зерттеліп отырған территориядағы қазақтардың тіліндегі аффрикат Ж дыбысын көрші отырған өзбек, түрікмен тілдерінің әсерінен пайда болған құбылыс деп қараймыз. Себебі бұл да, говордағы аффрикат Ч дыбысы тәрізді, өзбек және түрікмен халықтарымен тығыз байланыста отырған қазақтар тілінде мейлінше мол ұшырасады.

**Ж/И.** Қарақалпақстанның территориясындағы қазақтар тіліндегі Ж-мен байланысты ерекшеліктердің бірі — оның И дыбысына алмасуы: йаб — жаб (арық), Иамансай — Жамансай (жер аты), Иакыпбай — Жакыпбай (адам аты), Иакия — Жакия (адам аты), йақшы — жақсы, йатта — жатта, йағдай — жағдай, йаш — жас, йана — жаңа, йыл — жыл, йетті — жеті және т. б. Иамансай, Ханиаб, Бируни ауданындағы белгілі атамалар Жүгөрілерді ақыйқаттан суық йақшы ұрды. Йаш жігіт уақ өлім йатта жоқ, сыдырып барып, сыдырып қайтам. Йағдай йамап емес те мына жұмыс шырықты бұзып тұрыпты. Йетті жылдықтың ақырғы жылы деп отыр ғо ақыр.

Бұл дыбыстық алмасуды зерттеліп отырған территорияның қай жерінен болса да кездестірдік. Ж дыбысының И-ге алмасуы себебін екі түрлі жағдаймен түсіндіруге болады. Бірі — ескі ру, тайпа тілдерінің қалдығы деп қарасак, екіншісі — мұндағы қазақ говорында Ж орнына И айтылуы — аралас отырған түркі тілдес оғуз тобындағы өзбек, түрікмен тілдерінің тигізген әсерінен деп білеміз.

Говордағы Ж дыбысына байланысты тағы бір ерекшелік — ескі сөз аралығында оның И дыбысына айпалып кетуі. Бұл әсіресе, сілтеу есімдіктерінен кейін келген «жак» және «жер» сөздері, сондай-ақ, «келе, бара» сияқты көсемшелерден кейін келген «жатыр» көмекші естігімен тіркескен кездерде пайда болады, бүйер-бұл жер орнына, осыйер — осы жер, сөйер — со (л) жер, кайер — қай жер, кайақ — қай жак, бұйак — бұ(л) жак, келе йа-тыр — келе жатыр, бара йа-тыр — бара жатыр.

Бүйерде қазақлар бұрыннан отырымлы. Жерлесіп кетті бүйерге. Ойерге отырғанымызға иетпіс алты жыл

болғаны. Бұйактында адамдар кетті. Барайатырып жол-дөңкей ала кетсе болады ғо.

Сөз етіп отырған фонетикалық құбылыстың қазақ тілінде бар екендігін Н. Ильминский өз еңбегінде көрсеткен болатын. Сондай-ақ мұндай ерекшелік П. М. Мелиоранский еңбегінде де сөз болады. Біздің бұл келтіріліп отырған пікірлерден байқайтынымыз — Ж/И алмасулар қазақ тілінде бұрыннан бар құбылыс екендігі.

**Ж/Д.** Зерттеліп отырған говордағы тағы бір ерекшелік — Ж дыбысының орнына Д дыбысының қолданылуы. Дүз — жүз (пышақтың дүзі), дүз сом (жүз сом), дүзеді (жүзеді), т. б.

Мөккенің ұлы Мұрат ақын — байұлы беріш, бұған дүз жылдан асып кетеді. Пышақтың дүзіндей жылтылдап тұрған нәрсе ме деймін өзін.

Біз көштік Жемнен асып Қотыр тасқа  
Айырылдык ағәйіннен енді басқа  
Айырылып ағәйіннен кеткеннен соң  
Көзімнен дүзеді үйрек аққан жасқа (фольклор).  
Жасадым жиырма бірмен жиырма екіні  
Жайылды кіші дүзге сөзім шеті.  
Тындаған азаматқа тілім дәрі  
Секілді арнап атқан құдың өті (Әбубөкір).

Тап-тақыр су дегені бір жапан дүз. Екі дүз сексен алты сағасы бар. Адай молда Парахат дүз жиырма жыл жасаған, мені дүз үйге жаз дейді.

Қазақ тілінің кейбір говорларында кездесетін бұл құбылысты жергілікті тұрғындар тілінде көбіне егде жастағы адамдар тілінде ғана ұшыратамыз. Жастардың тілінен бұл құбылысты байқау қиын.

Қарақалпақстанның оңтүстік аудандарында мекендеуші қазақтардың тілінде жоғарыдағы көрсетілген дыбыстық алмасулардан басқа да, бірлі-жарым сөздерде ұшырасып отыратын дыбыс сәйкестіктерін де кездестіреміз.

**Л/Б.** Сыбап-сылап орнына. Сыбап болып соңынан дасымалдайды екен. Алтыншы мен жетінші күні сыбағаным құлды айна.

**Л/Р.** Жоғарыдағы тәрізді Л дыбысының Р дыбысымен алмасып келуі де сирек кездесетін құбылыс. Айбарам салу — байбалам салу, пітірелден — бітірерден. Бұл келіп алып, сырттан айбарам салады.

Меккеге жетті қаздар есен-аман

Құрбақа тартты сусап шөл жазысын.

<sup>1</sup> П. М. Мелиоранский. Краткая грамматика казак-киргизского языка, СПб., 1894, ч. I, 8-бет.

Һәр ісін пітірелден әуел ойла,  
Таппасаң ақыр бір күн ой табарсың (фольклор).

**Н/Ж.** Жекен-саяқ — некен-саяқ орнына: Қасқыр жекен-саяқ естіледі.

**Б/Ғ.** Жамғыр — жанбыр: Жамғырдай жауып тұрған ок.

**Ш/Ж.** Кележек — келешек: Кележекте бір нәрсеге аса ма деген ғо.

**П/Ф.** Говорда дауыссыз дыбыс алмасуларының ішінде П дыбысының Ф дыбысына алмасулары да бар: кұф — күпшек орнына — арбаның осіп бекітетін немес ұстап тұратын дөңгелектің ортасындағы жуан, іші қуыағаш. Сондай-ақ «алып барып» етістігі қысқарып, «афарып» («аларып» орнына) болып дыбысталады. Мыс Түрткүлге афарып қойды.

### 3. Дауыссыз дыбыстардағы басқа құбылыстар

Говордағы дауыссыз дыбыстарға байланысты ерекшеліктердің көлемі жоғарыдағы айтылғандармен шектелмейді. Олардан басқа говорда дыбыстардың қосылуы н түсірілуі нәтижесінде пайда болған сөздер арқылы д ерекшеліктер туады. Атап айтқанда, бұл құбылыстар сөздердегі протеза, афerezис, эпентеза, синкопа, апокоп және метатезамен байланысты. Қарақалпақстанның оңтүстік аудандарын мекендеуші қазақтардың ауызек сөйлеу тіліндегі осы құбылыстардың әрқайсысына жеке жеке тоқталайық.

**Протеза.** Зерттеліп отырған говордағы өзіне тән, қазақ тілінің басқа говорларынан ерекшеленетін протезалық құбылыстар бар. Бұл құбылыс мына төмендегі сөздерде ұшырасады: һәркім — әркім орнына, һак — а (күнасыз, жазықсыз), һадал — адал, һайал — әйел, һақы — ақы, қақы, һасыл — асыл, ғазаб — азап, һәл — әл т.б.

Һәр ісінді пітірелден әуел ойла, (фольк) һадал мине тімді жейін деп отырғаным ғо. Өлгеннен кейін һак бала деп жуып көмеді. Жай салу деген ғазап екен быыл көріп отырмыз. Һайал үйде жоқта келдіндер, балаларым, һақысы алып дейтін жігіттің өзі. Пахта һасыл зат ғо. Һәліз кеткенде кездесіп отырғанын көрмеймісін бұның.

Бұл өңірде мекендеуші қазақтардың ауызекі тілінде протезаның бұл түрі көп. Бірақ біз бұлардың барлығын тізіп көрсетіп жатуды артық көрдік. Қазақ тілінің

басқа говорларына қарағанда протезаның бұл түрі дәлірек айтқанда, а, ә дауыстыларының алдында һ дауыссызының қосылуы, говорға аралас, көрші отырған қарақалпақ, өзбек тілдерінің әсері. Негізінен жоғарыдағы көрсетілген сөздер араб, парсы тілдерінен енген. Говордағы дыбысталуы — көрші, аралас отырған өзбек, қарақалпақ тілдеріндегі дыбысталуына сәйкес келеді. Өйткені, қазақ тіліне ол сөздер осы халықтар арқылы ауысқан.

**АФЕРЕЗИС.** Бұл говорда кейде сөз басында кейбір дауыссыз дыбыстардың түсіп қалатыны да байқалады. Әлеби тілде Ғ, Қ-ден басталатын кейбір сөздер говорда оларсыз-ақ айтыла береді. Мысалы: алым — ғалым орнына, айран — қайран, ажайып — ғажайып, ашық — қашық, азыр // өзір — қазір, көзір, ылым — ғылым.

Афerezис құбылысына байланысты келтіріліп отырған материалдарымыздағы мысалдар, жоғарыдағы протеза құбылысы сияқты, қарақалпақ, өзбек тілдеріндегі айтылуына жуық келіп отырады. Мысалдағы сөздердің көпшілігі, өзінің шығу төркіні жағынан, говорға араб және парсы тілдерінен өзбек, түрікмен және қарақалпақ тілдері арқылы ауысқан. Бұған қарап, говордағы Ғ, Қ дыбыстарынан басталатын араб, парсы тілдерінен енген сөздердің барлығында да үнемі Ғ, Қ дыбыстары түсіп қалып отырады екен деп ойламау керек. Осы дыбыстардың өздерінен басталатын хал // қал (пята) — парсы сөзі; қайыр (милость, добро), қауіп — қатер (опасность) т.б. сияқты араб сөздерінде К, Х, Қ дыбыстары түсірілмей айтыла береді.

**ЭПЕНТЕЗА.** Зерттеліп отырған говорда протеза және афerezис құбылыстарымен қатар эпентеза да ұшырасады. Эпентеза сөз арасына белгілі бір дыбыстың килігіп, қосылып айтылуы. Мысалы: суғару — суару орнына, киім-кешек — киім-кешек, дүрре — дүре, дәрреу // дерреу — дереу, еккі — екі, тоғғыз // тоққыз — тоғыз, Ғарыбай — Кәрібай (кісі аты), ғарры — кәрі, қарт, секкіз — сегіз, жігірма — жиырма, белбуар — белуар, бүткіл — бүкіл, еңкіс — еңіс және т. б.

Пахтаны шөлдетпей суғарудың ахмиеі зор ғо. Пахтадан әртүрлі киім-кешек алынады. Жетпіс дүрре үстінде бала өледі. Дүррені жас кезімізде ойнайтын едік. Дәрреу секкіз күшікті әкеп қойдым. Секкіз күшіктің біреуі өлді. Еккі — екіден бөлісіп алдық. Көп жасыған бір ғарры бар. Жетті — секкіз жылдан берлі қолхозға санға аспай жүріпті. Бүйерде секкізден тоғғызға қарағанда көшіп келдік.

Келтірілген мысалдардың ішіндегі суғару, киім-кешек сөздерінің осы тұлғаларда дыбысталуы қазақ тілінің басқа говорларында да ұшырасады. Бұл говордағы дүрре, дәррсу, ғарры деген сөздер қарақалпақ тілінде дүрре, дәрриу, ғарры тұлғасында дыбысталса, мысалда келтірілген біршама сөздер өзбек тілінде төмендегі тұлғада көрінеді: дарра — дүрре, дарраз — дереу, тез, ики — екі, саккиз — сегіз, түккиз — тоғыз. (Қараңыз: узбекско-русский словарь, М., 1959. (Егер де жоғарыдағы — суғару, киім-кешек, дүрре, дәрру сияқты сөздерді қарақалпақ тілінің әсерінен пайда болған құбылыс десек, еккі, секкіз, тоғғыз тәрізді сөздерді өзбек, түрік мен тілдерінің ықпалы деп қорытынды жасауға болады).

**СИНКОПА.** Говордағы сөздердің ішінде синкопалық құбылыстар да кездесіп отырады. Синкопа — сөз ортасында кейбір дыбыстардың түсіріліп айтылуы, боған — болған, кеген — келген, қаған — қалған, көз сағанын — көз салғанын.

Атамың атасы Арықбалықта боған. Ол беріректі тап боған нәрсе ғо. Оразак, сөйлесейін деп кегенің боған емес. Ақшам, Нөкістен кеген қонақтар боған шыға. Қартайып қағаныңа катты қиналамын. Қаған нәрселерді алып кел үйге.

Қасқырға қарал жүрсе жан тие ме,

Қойса егер көз сағанын, барымтасын (фольк.)

Л дыбысының говордағы сөздер арасындағы түсі қалатын жағдайларының енді бір тобы — етістік қаларайының жұрнағы (-са, -се), алдына келген Л дыбысы мен байланысты. Қалау райдың -ша (-се) жұрнағының алдында келген Л дыбысының түсіп қалуы зерттеліп отырған говорда өте жиі кездесетін ерекшелік түрі. Дыбысы кейде басқа тұлғадағы етістіктерде де түсіріліп айтылады: кесе — келсе, бөсе — бөлсе, боса — болса, бомайды — болмайды, жойытса — жойылтса, жөңкіту — жөңкілту, қысам — қылсам.

Кесе, үйіне барамыз. Кесе келет те, нығыламыз. Қатық болса бір-екі лұм қатық алып кесе, ішер едік. Қа бөсе дәл ортасынан. Бөсе бөліп көрейік, кәне. Мен онда боса неғылайын. Түбін сыпыр шөл-шары кетеді ғо ебомаса. Ол Хиуа ханына бақыныссы боса керек, сонда тракторды әрлі-берлі кетпенді жүргізбесе бомайды. Есікті ашып қой, жойытса жойытады да, іздейд ғо.

Кетеді қыз қырымға ұзатылып

Боған соң бұрын мирас жазуақтан.

Қырықта қыздың жанын мысал қысам  
Сол екен бұл халыққа абайлатқан (фольк.)

Тұрғындар тіліндегі синкопа құбылысына сөз ортасында Ж, Т, Р, Ғ дыбыстарының түсіп қалуын да жатқызуға болады: біротала — біржолата, айтырдым — айтырдым, көсетпеу — көрсетпеу, ары — арғы.

### МЕТАТЕЗА.

Говордағы метатезалық құбылыс мына төмендегі сөздерде байқалады: Жаңал аяқ-жалаң аяқ орнына, жарпық //жарпақ — жапырақ, торпақ — топырақ, айлан — айнал, айры — айыр.

Мен ол кезде жаңал аяқпын. Жарпағы майды нәрсе жо өзі. Май торпақ үстінде ыластайды. Сол күні адасып бір жерді қайта — қайта айлана беріппін. Айры бір жерде жатқан шығар, іздестіріп көрсейші.

**АНОКОПА.** Говорда сөздердің соңындағы дыбыстардың түсіп қалуы да байқалады. Мысалы: уак — уақыт, жо — жоқ, дұры — дұрыс, бәлкі — бәлкім, ғо — ғой.

Песін уақта өз әскерің бұйырған тамға кіргізбейді. Олар Сатайдың бір-екі жас уағында келген.

Жо ата дедім, кимаймып, жақсы көремін.

## ЕКІНШІ ТАРАУ ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Экспедиция арқылы жинаған материалдарымызды әр сала талдай түскенде Қарақалпақстан республикасының оңтүстігінде тұратын қазақтар тіліндегі ерекшеліктердің лексикасынан кейін өзінің жиі қолданылып, көлемі жағынан көзге түсетіні — грамматикалық өзгешеліктер. Тіл біліміндегі дәстүр бойынша говор грамматикасын іштей екі салаға — сөздердің құрылысы өзгеруін зерттейтін — морфологияға және сөздердің сөйлемде тіркесу заңдылықтарын сөз ететін — синтаксиске бөле қарағанда, бұлардың алғашқысы — говорда әлдеқайда басым, көлемі қомақты. Сондықтан бұл тарауды екі тақырыпқа бөле қарауды жөн көрдік: біріншісі — морфология, екіншісі — синтаксис.

### I Морфология

Говордағы сөздердің морфологиялық құрамы алуақ түрлі қалыпта көрінеді. Олар қазақ тіліндегі басқа го-

ворлардың ерекшеліктерімен, кейде тіпті қазақтың әдеби тілінде ұшырасатын тұлғалармен де ұштасып, жалғасып жатады.

Морфологиялық ерекшеліктерді бұл кітапта мынада реттермен баяндауды дұрыс деп біліп, былайша орналастырдық. Алдымен, бұл саладағы ерекшеліктерді екі параграфқа — 1. Сөз тұлғалары (Қос сөздер, бірікке сөздер); 2. Сөз таптары. Тиісті жерінде әр параграфты іштей бөле түспекпіз.

## Сөз тұлғалары

### А) Қос сөздер

Жергілікті тұрғындардың тілі қос сөздерге өте бай. Солардың біркатары ғана атап өтсекпіз.

**ҒАБЫР-ҒҰБЫР** — қимылдың тез, шапшаң болғанын білдіреді. Мысалы: Ғабыр-ғұбыр не қылып жатсыңдар. Түсімен ғабыр-ғұбыр сөйлесіп ұйықтаплады ғой бұлар. Бұлардың ғабыр-ғұбырына адам түсінбейді т.б.

**АДЫН-ГҮДІН** — ойланбай, ретсіз сөйлеуді ұғындырады: Құнанбай адын-гүдін сөйлейтін қазақылау адам еді. Ол өзі адын — гүдін сөйлей береді.

**ӘЛБЕК-ТӘЛБЕК** — әлтек-тәлтек: Әлбек-тәлбек аяғыңды басасың. Бұл қос сөздің тұлғасы әдеби тілдегі қос сөзге жақын. Тек «т» дыбысы орнына «б» қолданылып тұр.

**АЛА-ШОЛАҢ** — «дақпырт» деген мағынаны аңдатады. Бұл қос сөздің қай тілдің әсерінен қазақтардың ауызекі тіліне еніп отырғанын айту қиын. Мысалы: Айқайдың ала-шоланымен жүрген апайға. Шолаң — Арал теңізінде ауланған балықты жинайтын, қамыстан жасалған, ішіне мұз салып қоятын салқып қойма. Бірақ, бір ескерсе кететін нәрсе, бұл аудандарда Арал теңізіндегідей балық кәсібімен шұғылданып отырған ауыл жоқ.

**ШЕЛ-ШЕБІР** — атыз-арық, жап. Қитақтан кішісі шел-шебір болып кетеді.

Говордағы осы қос сөздерді қазақ әдеби тілін былай қойғанда, қазақ говорларынан ұшыратуымыз екіталай. Зерттеліп отырған территориядағы қос сөздердің біркатары өзбек не қарақалпақ тілдерінде кездесіп қалады.

**ШЕЛ** — бұл өңірдегі мекендеуші халықтар тілінде егістік даланы тегіс суғару үшін (ой мен биік жерлерін) үйілген топырақтар.

**ТАНДАР-ТЕТІК** — аман-есен. (Хал жағдай немесе сәлемдескенде амандық-есендік сұрасқанда айтылады)

ассалаумаалейкум, тандар-тетік барсыз! Тандар-тетік отырсыздар ма? Тұрғындардың ауызекі тіліндегі ұшырасып отырған бұл сөз көбінесе жасы үлкен, қартайған адамдарға байланысты қолданылады. Яғни жасы кішілер қарияларға тандар-тетік барсыз ба деп, ол кісінің хал-жайын сұрайды. Бірақ, бұл сөз говордың барлық жерінде бірдей қолданыла бермейді. Көбіне қазақтардың өзбектермен аралас отырған жерлерінде ұшырасады.

Осы қос сөздің соңғы сынары жеке тұрып та қолданыла беретінін кездестіреміз: Оқсаң тетік пе? Әзірінше тетік.

Жоғарыдағы келтірілгендерден басқа да екі сынары әдеби тілде айтыла бермейтін қос сөздерді зерттеліп отырған говордан көптеп кездестіруге болады. Бұл сөздердің барлығына бірдей анықтама беріп жатпай-ақ, оларды тізіп көрсетіп әр қайсысының тұстарына әдеби тілдегі баламаларын көрсетіп отыруды мақұл көрдік.

**АҚИ-ТАҚИ** 1. Үзілді-кесілді, мүлдем, біржолата. Біздер онымен қатынасты ақи-тақи үздік. 2. Тас-талқан. Мен барсам ол шіркіннің ақи-тақиын шығарамын ғой. Оның ақи-тақиын шығып қалыпты ғо.

**АСПА-ЖАЛАП** — өтірікші, суқит, яғни айтқан сөзінде тұрақ жоқ. Мысалы: өзі бір аспа-жалап екен. Ол аспа-жалаптың сөзіне ерме, қор боласың, балам.

Бұл сөз Түрікменстанда және осы Қарақалпақстанның солтүстік аудандарындағы қазақтардың ауызекі сөйлеу тілінде де ұшырасады. Бірақ олардағы «аспа-жалап» қос сөзінің мағынасы әңгіме етіп отырған говордағы қос сөздің мағынасына қарама-қарсы. Жоғарыдағы аталған говорларда «аспа-жалап» — асығыс, шапшаң мағыналарында қолданылса, біздің әңгіме етіп отырған говорымызда «алдаушы, өтірікші» мағыналарын білдіреді.

Бұл келтіріліп отырған сөз осы өңірдегі өзбек, қарақалпақтардың тілдерінде де ұшырасады. Мұндағы қазақтар тілінде оның «әспе-жәлеп» варианты да қолданылады.

**ЫЛЫМ-ЖЫЛЫМ** — бұл қос сөздің әдеби тілдегі мағынасы жым-жылас, үшті-күйді: Осы үйде бар еді, ылым-жылым жоқ болды. Ылым-жылым жоқ болып кетті ғой ат-жөніңді айтпай.

**ӘЛІ-ПӘЛІ** — үйтіп-бүйтіп: Қолхоздың жұмысына жарамаймыз. Әйтеуір әлі-пәлі деп жүрген жағдай бар,

<sup>1</sup> Ә. Нұрмағамбетов. Түрікменстандағы қазақ говору. Алматы, 1965, 207-бет. Н. Жүнісов. Қарақалпақстандағы қазақ тілінің ауыспалы говору. Алматы, 1965, 102-бет.

шырағым. Бұл сөз жергілікті қарақалпақтардың тілін «әлли-пәлли» тұлғаларында қолданылады.

**ӘУЛІ-ӘРЕМ** — бау-бақша. Бай отырған жәйін әулі-әремімен тастап, қашып кеткен. Біздерде әулі-әремі орнымызды тастап бұл жерге келіп, қоныс бысып отырыпмыз ғой. Бұл сөз говорға өзбек, қарақалпақ тілдеріне енген болу керек. Осы қос сөздің екінші сыңары қарақалпақ тілінде хәрәм<sup>1</sup>, болып айтылады да, жеке-дара тұрғанда мынадай екі түрлі мағынада жұмсалады:

**ӘУЛІ-ХӘРЕМ** — шөпті мал жеп кетпес үшін сыртынан орай қазылған ор; Хәрәм — егілген қауын-қарбызды, пиязды т.б. жалпы алғанда бау-бақшаны малдан қорғау үшін, сыртын шенгел, тал, тағы басқалармен қоршау. Бірінші сыңары — «әулі» қарақалпақ тілінде «хәули» болып айтылады да, «үй» деген мағынаны білдіреді.

**ҚОҢСЫ-ҚОЛАТ**. Қос сөздің бірінші сыңары — «қоңсы» жергілікті тұрғындардың ауызекі тілінде ең жиі қолданылатын сөз. Мұның әдеби тілдегі баламасы — «көрші»: Қоңсы-қолат елатымен жыға-жыға сілессін қатырды Қоңсы-қолат болып жиналып, осы балаңы аман-есен құтқардық.

Бұл қос сөздің екінші сыңары — «қолаттын» говорда басқа да мағынасы бар. Мысалы «қолат» деп говорда — көлі бар жерді айтады.

**ҚАУЕНДЕР-ҚОСТАР** — қамқоршы. Қауендер-қостар болмаса жалғыз ілікті адамға қиын болады екен. Қауендер-қостарсыз адамы жоқтай ол не қылғанын білмедім баланың. Қауендеріне алды — қамқорлығына алды. Қауендерсіз қалды-қараусыз қалды, қауендері бар-қамқоршысы немесе қарайтын адамы бар. Осы қос сөздің екінші сыңарының мағынасы қостаушы, сүйеуші, демеуші. Екі сөз бірігіп, қос сөз ретінде — қамқоршы, жәрдемші, көмекші, сүйеуші деген бір-ақ мағынада жұмсалады.

**АУ-ДӘСКЕ** — ау т. б. құралдар. Ау-дәскелерін сазлай алмай жатырмыз. Ау-дәскелері болса, балық бұл көлде тегі бар ғой. Бұл сөздің бірінші сыңары жалпы халыққа түсінікті балық ұстайтын құрал — ау. Ал, екінші сыңары түсініксіз. Бұл қарақалпақ тілінен енген сөз. Қарақалпақ тілінде «құрал-сайман» дегенді білдіреді.

**ҚАЗУ-ҚАЙШЫ** — қазу т.б. жұмыстар. Қазу-қайшымен жүріп тіс түсіп қалды. Біздердің өміріміз қазу-қай-

шымен етті ғой. Қыс болса қазу-қайшымен қолымыз бәнт болады. Бұл келтіріп отырған қос сөз жергілікті жердегі арық қазу жұмысына байланысты айтылады. Қос сөздің екінші сыңарына сәйкес әдеби тілімізде «қайшы» (мата кесетін құрал) сөзі бар. Оның қос сөздегі «қайшы» сөзіне ешқандай мағыналық қатысы жоқ. Қос сөздегі «қайшы» — қазылған арықтардың жағасындағы үйілген топырақты білдіреді. Бірақ жергілікті қарақалпақ тілінде біз өңгімелеп отырған қос сөздің екінші сыңары «қайшы» тұлғасында емес, қашы тұлғасында<sup>1</sup> кездеседі. «Қазу-қайшы» сөзінің мағынасы, сонымен, қазу және оны қазғандағы үйілген топырақтар деген мағынаны білдіреді.

**ОЙ-БӘЛЕНТ** — ойлы-қырлы жер. Теріс емес, ой-бәленті көп. Ой-бәленті жоқ, ол жакка тез барасыңдар. Қосарланып айтылуын былай қойғанда бұл сөздерді жеке-жеке де кездестіруге болады. Бәлент жер — биік жер. Жалпы алғанда «бәлент» сөзі жоғары деген мағынаны аңғартып, «ой» сөзімен қосылып, «жоғары-төмен» немесе «ойлы-қырлы» деген мағынаны аңғартады.

Бұл топқа төмендегі қос сөздерді де жатқызуға болады: пәле-пәтер (пәле-жала), кемпір-ғарры (кемпір-шал), көде-қаулет (көде-жора), көне-көскі (ескі-құсқы), сәрсен-кесек (әуре-сарсаң), пәлен-пүтіген (пәлен-түген). Бірқатар қос сөздердің кейбір сыңарлары әдеби тілдегі екінші бір мағыналас сөзбен ауысып келіп отырады. Мысалы: Аман-түгел (аман-есен), хат-ошар (хат-хабар) т.б. Енді бір қос сөздер әдеби тілдегіден өзгешелеу дыбыстық варианттарда қолданылады. Мысалы: дару-дармақ (дәрі-дәрмек), жол-жосақ (жол-жосық), кемпір-семпір (кемпір-сампыр), көз-көреге (көрер-көзге), бақ-бақша (бау-бақша) т.б.

### Ә) Біріккен сөздер

Говордағы біріккен сөздерді әдеби тілге қатысы жатып бірнеше топқа бөлуге болады.

#### 1) Бір сыңары әдеби тілде қолданылып, екінші сыңары қолданылмайтын біріккен сөздер

**ГҮЛТАРАШ** — ұй қабырғаларының сыртына ойып салынған накыш: Гүлтараш жайды әдемі етіп көрсетеді.

**ТЕМІРЖАБА** — шөп жинайтын айыр.

**ШЫШТАЗА** — тап-таза, Шыштаза кемзалам бар еді, шәй ішіп отырып ұрлатып алдым.

<sup>1</sup> Қараңыз: Қарақалпақско-русский словарь, М., 1958, 390-бет.

<sup>1</sup> Қарақалпақ тілінің орфографиясындағы Х — қазақша һ-ны, И таңбасы — І дыбыстарын білдіреді.

**ҰЗЫНТӘМӘ** — бос дәме. Адамда ұзынтәме болады.  
**НАНЖАППАЙ/ҚАЗАНЖАППАЙ.** Қазанға пісіріген нанның түрі. Қамырды тұтас етіп, қазанның іші жапсырады да, жер-ошаққа төңкеріп, шоққа пісіреді. Қазанжаппай аталуы — қазанның ішін түгел қамыр жауып шығуына байланысты болса керек.

**ҚОСТЫРНАҚ** — фундамент: Үй қос тырнағынан тұрады.

**ЖҮНПОТА** — әйелдердің жүннен тоқылған орамал.  
**СІЛЕШҮБЕРЕК** — марля, қазақы шыт сияқты маталар түрлері.

**ТАЙПАХТА** — шігітінен (шитінен) ажыратылған мата.

## 2) Екі сыңары да әдеби тілде қолданылатын біріккен сөздер

**ДЖҰҚАЯҚ** — көрпе-төсектің астына қойып, үстіне көрпе-төсек жинап, қоятын төрт бұрышты стол тәрізді арнаулы орындық.

**ШАБАҚБАС** — жүгерінің түрі.

**КӨКСАҒАЛ** (көксақал) — дәнді дақылдардың жаңбыр бас алу кезеңі. Сондай-ақ тарының піспеген кезі «көксағал» делінеді.

**ЖЫЛТЫРАҚШАМ** — маймен жанатын шам. Бұрыңғы кезде бұндай шамды малдың майымен жағатын боған.

**БӨЛКЕНАН** (ор. буханка).

**ЕТШАБАР** — еттің сүйегін шабу үшін астына қойылатын ағаш. Сондай-ақ говорда «отшабар» деген де сөз қолданылады. Ол ұсақтап шабатын отынның астын қойылатын ағаш.

**ҚАНТҚАЙШЫ** — қантты ұсақтайтын тістеуік.

**ҚАЛТАҚАП** — қанттың кішірегі.

**ҚАНТҚАЛТА** — қант салатын қалта.

**ИНЕАҒАШ** — су әкелетін ағаш (иін ағаш).

**КІРІЛЕГЕН** — кір жуатын ілеген.

**САПТЫАЯҚ** (қолбақыр — су құюға пайдаланылатын ыдыс).

**ШАРАШЫЙЫН** — (лампа шыйша — лампаның шыйшысы.)

**ҚОЛТЕРІМ** — қолмен теру. Мақтаның бірінші терімі қолтерімге болмай жатыр.

## СӨЗ ТАПТАРЫ

Жергілікті тіл ерекшеліктерінің сөз таптарының бірінде мол, екіншісінде аз мөлшерде кездесетіндігіне қарамай-ақ оларды жеке бөліп ала отырып, әңгімелесуді ыңғайлы көрдік. Демек, сөз таптарының әрқайсысына жеке дара тоқталып өтпекпіз.

### Зат есім

Мұндағы зат есімге меншікті ерекшеліктердің жиі қолданылатыны — сөз тудырушы жұрнақтар. Олардың көбі тұлғасы жағынан әдеби тілдегіден онша алшақ кетпейді. Бөрімізге таныс қосымшалар әдеби тілде жалғалбайтын сөздерге қосылады немесе бір жұрнақ орнына басқа біреуі қолданылады. Әрине, інінара говордың өзіне тән саналатын жұрнақтар да кездесіп қалып отырады.

Ең алдымен, зат есімнің көптік жалғауы туралы айтып өтпекпіз.

Қазақ әдеби тіліндегі **-дар, -дер, -тар, -тер** көптік жалғауы орнына сөздің үнді не қатаң дыбыстарға аяқталуына қарамастан **-лар, -лер** тұлғаларына жалғана береді. Мысал: Сол кездегі жүруші адамдар бұл екі үй еді, бұлар жетеу болып қалыпты дейді сөз. Бу көлдің өткеніне неше заманлар боғанын құдай білсін. Бүйерлерді араңдар жаулап алған. Бұл оқиғалар қарақалпақтар көшіп келгеннен көп кейін болады. Ішкі имканияларды есеплеп центнерді отыз центнерге жеткіземіз.

Бұл құбылыс, біздіңше, өзбек, қарақалпақ, тілдерінің әсерінен пайда болған. Бірнеше жылдардан бері аралас отырған тілдердің әсерінен болуы да заңды. Әрине, көптік жалғаудың тек осы-лар (**-лер** варианты) ғана айтылады да, басқалары кездеспейді деген пікірден аулақпыз. Өйткені көптік жалғаудың әдеби тілдегідей үндесіп жалғасуы — өз алдына араласпай, бірыңғай отырған қазақтар тілінде, атап айтқанда, Қызыл қала, Көк көз Иристаны, Буденный участогі сияқты елді мекендерде жиі айтылады. Тағы бір назар аударарлық қызық жайт — әдеби тілдегі көптік жалғауы жалғанбайтын сөздерге кейде көптік жалғауының жалғанып келетіндігі:

Аузым толған күлкілер  
Жылауларменен басылды  
Түндөлөр жұлдыз санаймын

Күндіз де шолып қараймын...  
Жетімді жетім деп пе едің  
Жетімнің ақын жеппе едің  
Тілеп те алған нашарың (қызың Б. Б.)  
Житімдер болсың деп пе едің.

Папиросты түнделер тұрып шегетінмін. Тенеден суда ақты қызыл кандар.

Көптік жалғауының бұл тәрізді қосылып айтылуы әрине, аралас отырған каракалпак, өзбек, түрікмен халықтарының әсері. Өзбекше — уйкуларим келди (үйіңге келді), эслиримга түшиб (есіме түсіп), бацларимга тегнб утдилар (басыма тиіп өтті) қалпында айтыла береді.<sup>1</sup>

Бұндай сөздерге көптік жалғауының жалғанылып айтылуы — зерттеліп отырған территорияның барлық жерінде бірдей емес. Өзбектермен аралас отырған Шорахан, Күйік көпірдегі қазақтар тілінде айтылады да, басқа жерді мекендеушілерге тәп емес. Мұндай құбылысты қазақ тілінің басқа говорларынан кездестіре алмадық. Осыған орай, бұл ерекшелікті зерттеліп отырған говордың қазақ тілінің басқа говорларынан айырып тұратын морфологиялық көрсеткіштердің бірі деп есептеуге болады.

**Шы/-ші.** Бұл жұрнақ говорда есім сөздерде де, етістіктерге де жалғанып туынды зат есім жасайды. **-Шы-ші** жұрнағы жалғанған сөздер көбіне кәсіптік, мамандық атауларын білдіреді: Қыркым+шы (қой қыркатын адам қырықтықшы). Әрбір қыркымшы жүздеп астам қой қыркады. Шап+шы — киіз басатын адам, сөздің түбірі, біздіңше, «шап» бұйрық райлы етістік. Жергілікті жердің тұрғындарының арасында киіз басумен шұғылданатын адамдар бар. Ондайларды жергілікті тұрғындар «шапшы» деп атайды.

**Терім+ші** — мақта жинайтын адам. Көкнәршы (көкнәр+шы) — көкнар ішетін адам. Ішші — қызметкер. Олар атқа мініп іш-ші болып жүрген. Күндік+ші — күнделікті жалданып жұмыс істейтін адам. Күндікшіге жүрдік.

**-ДІРІК.** Говорда бірлі-жарым сөздерге жалғана отырып, зат есім тудырады. Қазақ әдеби тіліндегі «үпелек» тұлғасында дыбысталатын сөздің соңғы қосымшалары өзгеріп «үфілдірік» тұлғасында дыбысталады. Тұрғындардың тілінде «үфілдірік» деп қамыстың үлгілдек ба

сын айтады. Ол өте жеңіл әрі жұмсақ болып келеді. Осыған орай зерттеліп отырған говорда кейбір жұқа әрі нәзік заттарды «үфілдіріктей» деп салыстырып айтатын жағдайлар да жиі кездеседі. Төбелдірік-самовардың камфоркасы (Кейде тұрғындар кәмперке деп те айтады).

**-ДЫҚ/-ДІК.** Қорымдық (қорым+дық), мазарстандық — көп мола. Шігілдік — майда жиде. Жаңа бір шігілдіктің арасынан келген екеу емес пе? Шалдық — көрлілік. Енді шалдық басып малмен бірге жүргеніміз ғо.

**-ЛЫҚ/-ЛІК.** Зат есім тудыратын бұл жұрнақ говордағы ең өнімді жұрнақтардың қатарына жатады. Бұл жұрнақпен келетін сөздердің саны жоғарыдағы көрсетілген-дірік, — дық, дік жұрнақтырына қарағанда молдау ұшырайды. Мысалы: Баулық — орылған шөптерді буатын шөп. Дөлірек айтқанда, шөпті арқан ретінде пайдаланып, шөпті буу. Осымен байланысты жергілікті тұрғындарда «баулау» сөзі қолданылады. Бұл — «жиналған шөптерді буу» деген сөз. Дариялық — өзендік. Шәймалық — порция: Төрт шәймалық дәне (дән, астық), екі арасын көтеріп тұратын жіп. Кәтқұдалық — басшылық, жасы үлкендік. Мыс.: кәтқұдалық қыла алмас, өз туғаны қорласа.

Түсерлік — етек, бөктер. Хожакөлдін түсерлігінде бізін үй. Сіпселік сыпырғыш болатын тары. Сіпсе тарыңнан сіпселік бер.

Бұлардан басқа — «қалыңлық» — шөбі қалың жер т.б. сөздерге де -лық-лік қосымшалары жалғанып айтылады. Зерттеліп отырған говордағы зат есімнің бұл қосымшасының жиі кездесуі, әрине, көрніп отырған тілдердің әсерінен деп білеміз. Жоғарыдағы сөздердің көпшілігі өзбек, каракалпак тілдерінде бар сөздер.

**-ШЫЛЫҚ/-ШІЛІК.** Зат есім тудыратын жұрнақтардың ішіндегі говорда өнімділігімен көзге түсетін қосымшалардың бірі. Бұл жұрнақ әдеби тілде де зат есім тудыратын өнімді жұрнақтардың қатарына саналады. Говордағы сөздерден бірер мысал: наукашшылық — наукастық. Гаррының наукашшылығы бізді шаршатып тұрыпты. Кембағалшылық — кедейлік, Кембағалшылық әркімнің басына түседі ғо. Қорымшылық — мола. Бұл қамыс қорымшылық. Қараханшылық — қиыншылық. Шөлгершілік — қуандық. Шөлгершілік болып халықтар көшіп кетті. Пермешілік — ферма. Колхоздың пермешілігінде істейтін едік. Әккішілік — зорлық, күш көрсету. Әккішіліктің керегі не.

<sup>1</sup> А. Н. Кононов. Грамматика узбекского литературного языка. М.—Л., 1960, 78—79-беттер.



Меймәңгершілік — қонақ қылу, қонақжай. Бір ашам түнімен меймәңгершілік қылып, Саид Азимкеш жақсы киімдер кигізіп еліне қайтарады.

-МА/МЕ-ПА/ПЕ, -БА/БЕ. Бұл жұрнақтар қазақ әдеби тіліндегі тәрізді бұйрық райлы етістіктерге жалғанып туындай зат есім жасайды.

Мысалы: өткерме — кішкене арық үстіне салынған адам өтетін ағаш. Бірлеме — жаңа шығып келе жатқан мақта өсімдігінің қатар арасын сирексіту. Бірлемеге балалар шығады. Кеппе — төрт ағашты көміп үстін жапқан көлсекейлі жер. Тешпе, қақтама — тезектің түрлері. Аст теппе болған екен дейді. Қақтама — кепкен тезектің түрі. Жанама — қайрак. Шоңқайма — өкшесі биік етік пен туфли. Қатырма — қазанға қатырылып пісірген нан. Қарма — балықтың немесе күріштен пісірілген тағамның түрі. Шаппа — бәкі (бүктемес пышақ). Ашытпа — боз (бидай, жүгеріден істейді). Аяқтаспа — малды ортақта сып сойып жеу. Бүгін аяқтаспа бар жер, бар мекен; аяқтаспа болады. Шалма — әйелдердің басына орайтын орамалы. Бұйыртпа — заказ: Бұйыртпа беріп май айында істеткен ем; Созба — резинка, кішкентай шалбарындағы киі созбасы бар. Біреуге пұл қоссақ, созба әкеп берейміз; Көрсетпе — көрме: Бұл көрсетпеге апаратын йер. Керме — аяққап, Отырыспа — кеш, вечер:

Отырыспаның мәнісі бырысы мен келісі. Арғымақтың мәнісі жүрісі мен желісі (фольклор). Отырыспа көрмеген адамдар көп ғо. Құралпа — колхоз аты: Екі колхоздан бірігіп құрылғаннан Құралпа аталған. Қырма-табақ, жайма — дәннің астына жаятын алаша не кенеп. Шақырыспа — бірнеше адамның жиылып кезек-кезек бірін-бірі үйіне қонақ қылуы. Бастырма — үйдің алдында жаз айларында отыратын орын. Дегішме — күлкі, әзіл.

-ША+ШЕ. Бұл жұрнақтар өзі жалғанып келген зат есімдерге кішілік мағынасын үстейді. Мысалы: қаламше (қаламша), қаламча — үй құрылысында аркалықтың үстіне салатын кішкене ағаш. «Қаламша» сөзінің орнына кейде тұрғындардың арасында «қада» сөзі де қолданылады. Күзеше — құмыраның кіші түрі. Айуашпа — үйдің жаз айларында отыратын бөлмесі. Бұл көбінесе есіктің алдына жалғастырылып салынады. Өгізше — жасы екі не үшке жеткен өгіз. Ұрғашы болса — «қашарша» дейді.

Өңірше — кемпірлердің көйлегінің жағасының алдына көйлек түсінен бөлшек матадан жасалған, қосымша жаға. Жамбылша — қауынның ерте пісетін, кішкене түрі. Бұна

қазақ тілінің оңтүстік говорларында — «әңгелек» деп атайды. Таңдырша/алақшын — пештің ішіндегі шоқ еденге шашылмау үшін жасалған қалқан. Көлше — атыздың кішкене бөлігі. Бір көлше жоңыршқа бар еді. Солардың екі көлше жүгерісін алып қалды. Екі көлше жер ексе боларды ғо. Маңдайша — босаға. Кешпе — күректің кішкентай түрі. Мөлдекше — кішкене атызға еккен егін немесе біреуге атап ескен атыз.

-ҚЫ/-КІ. Әдеби тілдің өзінде де өнімсіз жұрнақтардың қатарына жатады. Негізінен алғанда оларды мынадай сөздерде ұшыратамыз: Шап+қы — жарыс. Мысалы; бұл ат шапқыға болмайды. Шапқы — бәкі, пышақ. Басалқы — әзіл. Олар бізін үйде біраз басалқы айтып тұрды. Кергі — домбыраның бөтіндегі тақтайы түсіп кетпеу үшін, астына қойылған көлденең ағаш. Кергіні алып тастау керек болады. Кергі болса даусы шықпайды. Сыралқы — сый: Адамға белгілі сыралқы болады. Сасқы — іше кірген түлкіні ұстау үшін інінің аузына түтіп түтету.

-ЫҚ/-ІК. Говорда бұл жұрнақ бір-екі сөздің құрамында байқалады. Мысалы, сабық — бұл сөздің түбірі «сап» бұйрық райлы етістік, ал оған -ық жұрнағы жалғанып, — «жеміс беретін ағашы» деген ұғым тудырып тұр. Жергілікті тұрғындардың айтуы бойынша сабылмаған алма, өрік, шабдал т.б. жемісті жақсы бермейді. Сабық ағаштың түрі басқа жеміс ағаштарына қарағанда ықшамдау болады. Қонық — той, ас берілетін күннен бір күн бұрып, ұзақ жерден келетіндерге беретін ас. Шақырық — той, ас т.б. Мысалы: шақырыққа барамыз. Шақырыққа кетті. Көмік — бұрын қазылып қайтадан көмілген жер: Тамды былайырақ созып салайық десек, аржағы көмік болды. Көмік болса жәй төмен иегіп кетеді.

-КЕШ. Қазақ тілінің басқа говорларымен салыстырғанда бұл жұрнақпен келетін сөздердің саны зерттеліп отырған говорда молдау. Мысалы: Ылайкеш — ылай жасайтын адам. Жапакеш — еңбекшіл. Минеткеш — еңбекші. Жапакеш халық болады түрікпен, Минеткеш маңдай терімен піткен жұмыс ғой. Жадыкеш жаткеш — есіткенін ұмытпайтын, әңгімесін көп білетін адам. Қағазды қайта-қайта оқи берсең жеткеш боласың. Ізейкеш — жердің ащы суын ағызатын арық. Ізейкеш Қарақалпақстанның оңтүстік аудандарында солтүстігіне қарағанда жиі кездеседі. Насыбайкеш — насыбай ататын адам. Түйекеш түйемен отын, т.б. заттар тасып қызмет ететін адам. Пьянкеш — маскүнем.

Бұл тәрізді — кеш жұрнағы арқылы жасалған за-  
есімдер қазақ тілінің басқа говорларынан да табылады.

-Кеш жұрнағының зерттеліп отырған говорда — көп  
варианты да қолданылады: дасымалкөш — жағымпаз  
Дасымалкөш адам болады, мен сондай адаммын. Пах-  
такөш — мақташы. Піллөкөш — жібек құртын өсіруші  
адам. Зиянкөш — зиянкес т.б. -Көшпен айтылатын сөздер  
қазақтардың өзбек, түрікмендермен аралас отырған  
ауылдарында Ақбашлы, Шоракан, Қытай ел атты мекен-  
дерде жиі ұшырайды.

-Көш жұрнағы арқылы жасалған сөздер каракалпак-  
тардың да ауызекі тілінде қолданылады.<sup>2</sup>

-КОР. Әдеби тіліндегі -кер/гер жұрнағының өзгеше  
дыбысталуы. Бұл жұрнаппен кездесетін сөздердің саны  
көп болмағанымен бірлі-жарым сөздерде кездесіп оты-  
рады: Себеккер — себеккер, себекші орнына.

Себеккер өлдесің мен бол па ем

Қарайсың жаман көзбек ажырайып (фольклор).

Талапкер — талапкер, жұмыстан қолы бос уақытын-  
да қосымша жұмыс істеп, ақы алушы адам. Бұл вариант  
өзбек тілінің әсерінен туған болу керек. Себебі басқа  
тілдерге қарағанда аралас отырған өзбек әдеби тілінде  
жиі ұшырайды.<sup>3</sup>

-ЛАҚ. Мысалы: Шанлақ — шанды жер. Шаңлақтың  
топырағы тез көтеріледі. Жұртлақ — жұрт. Баяғы қон-  
ған жұртлақта бір баласы қалады.

-МАН. Тарашман — салынған үйдің бетіп тегістейтін  
адам. Бакман — бау-бакша өсіруші адам.

-ХАНА. Қазақ әдеби тілінде — ханамен айтылатын  
сөздердің саны аз емес. Мысалы, асхана, шайхана, жатақ-  
хана, масахана сияқты сөздерді күнделікті өмірде жиі  
қолданамыз. Зерттеліп отырған говор «хапа» қосымша-  
сымен айтылатын сөздерге өте бай. Сан жағынан әдеби  
тілмен салыстырғанда әлдеқайда мол.

Хана — тәжік және парсы тілдерінде үй, бөлме ма-  
ғынасын білдіретін сөз. Өзбек тілі арқылы енген бұл сөз

<sup>1</sup> Ә. Нұрмағамбетовтың аталған жұмысы, 234-бет, Н. Жүнісов  
Аталған жұмыс, III-бет; Ю. Абдувалиев. Фонетико-морфологичес-  
кие особенности Ташкентского говора казахского языка. Авторефе-  
рат канд. дис., Алма-Ата, 1976, 14-бет.

<sup>2</sup> У. Бекбаулов. Фонетические особенности южного диалекта  
каракалпакского языка, автореферат. канд. дисс., Нукус., 1966,  
I-бет.

<sup>3</sup> А. Н. Кононов. Грамматика современного узбекского литера-  
турного языка, М., 1960, 109-бет.

есімнен зат есім тудыратын өнімді қосымшаға айналып  
кеткен. Мыс: Казанхана — асхана я ас үй (кухня). Гөл-  
дехана /дәнхана — астық сақтайтын қойма, Пахтахана  
/мактахана — жұмысшылардан жиналған мақтаны қа-  
былдайтын орын. Кеселхана — /аурухана. Қарауылха-  
на — қарауыл отыратын бөлме. Әскерхана — казарма.  
Әскерхананы салды үш-төрт күнде. Саллакхана — мал  
саятын орын (бойня). Саллакханадағы гөштің керегі жоқ.  
Сейісхана /малхана — мал қамайтын қора. Барлық мал-  
дар отардан әлі сейісханаға келеді. Қарамалхана —  
сыырларды қамайтын қора. Пішенхана — пішен жинал-  
ған қора. Сабанхана — сабан жиналған қора. Пы-  
шактың жүгірегі сабанхананың төрі (мақал). Отынха-  
на — отқа жағатын ағаш жиналған қора. Тойхана — той-  
дұман өткізетін үй.

Говордағы кездесетін «календархана» топонимика-  
лық атауы да -хана қосымшасы арқылы пайда болған.  
«Календар» сөзі жергілікті тұрғындардың тілінде «диу-  
ана, қайыршы» дегенді білдіреді. Қайыршылардың жиы-  
лып отыратын жері — «календархана» болып аталып  
кеткен. Мысалы: календарханадан келсіміз.

Говордағы — хана қосымшасы тек белгілі бір сөз-  
дерге жалғанып қана қоймай, өз алдына, жеке-дара тұ-  
рып та қолданылады. Мысалы: Зәріпбай ағаның әйелі  
мен менің әйелім больницада бір ханада жатыр. Мұнда-  
ғы «хана» сөзі бөлме (комната) мағынасын білдіріп  
тұр. -Хана қосымшасы говорда «пәрсе» сөзіне қосылып,  
«нәрсехана» болып айтылып, үй ішіндегі майда-шүйде  
заттың жиынтығын білдіреді. Мысалы, Екі түйеге пәрсе-  
ханасын артып кашайын деп жатыр екен. Нәрсехананды  
бұл жерден көтер. Мына нәрсеханаларыңды шашпай,  
жина.

-Хана қосымшасының қолданылу шеңбері жоғарыда-  
ғы айтылғандармен шектелмейді. Онымен байланысты  
тағы бір ерекшелік — адамның дене мүшелерінің атта-  
рында кездеседі. Мысалы: Басханаңнан айналайын, ба-  
сың ауырып отыр ма? Көзханаңнан айналайын. Көзха-  
наңнан көрініп тұрыпты ғо. Алсын, қолханаңда өлейін.

Бұл келтірілген мысалдардан — хана қосымшасы бас,  
көз, қол сияқты дене мүшелерінің аттарына жалғанып  
«басыңнан», «көзіңнен», «қолыңда» деген мағыналарды  
ұғындырып тұр.

Сөйтіп, говордағы-хана қосымшасы өнімді қосымша-  
лардың бірі екендігі байқалады. Бұл қосымша қазақ,  
каракалпак, өзбек тілдерінің байырғы сөздерін былай

койғанда орыс тілінен енген кейбір сөздерге де тікелей жалғанады. Мысалы: бізін шу дежурныйханада көзімі түшті. Дүжурныйханада отырған жерінен алып келді. Он жылдықты ашуға классхана жетісбейді. Классхана нешеу екен? Классханалары үлкен бе? Кешке қара киноханада істейді. Клубтың киноханасы бар т.б.

### Сын есім

Сын есіммен байланысты ерекшелік говорда — те әдеби тілде бар кейбір жұрнақтардың көмегімен диалект сөздер тудырумен ғана шектеледі.

-ЛЫ/-ЛІ, -ДЫ/-ДІ, -ТЫ/-ТІ. Зерттеліп отырған говорда сын есім тудыратын жұрнақтардың ішінде молыра кездесетіні осы қосымшалар; Ойдалы — Қарақалпақстанды, Хорезмді мекендеуші, қырдалы — Қазақстанда тұрушы қазақтар. Ойдалының бәрі сол-ау! Біздер ойдалы. Отырықлы — отырықшы. Егін егін, соннан отырықлы, ат-арбалы, сауын-сиырлы болып қалған. Мазалы сөз — жөн сөз. Мазалы сөз екен. Жерлі — жергілікті. Өзіміздің жерлі халықтан бастық қой десек кәйтел. Оңайлы-ыңғайлы, қолайлы. Ол да оңайлы жігіт. Мазалы тәтті: Дүнияда шаббаз бишегінен мазалы қауын жоқ. Отырымлы — отырықшы. Бұ йерде қазақтар бұрыннан отырымлы. Патлы — қарқынды. Асылдарлы — өнімді. Төрткүл асылдарлы район, центіері ауыр. Болымды — бітік. Болымды жүгері. Көзді — соқыр. Мыңбай көз адам екен.

Бұл жұрнақтың диалектизм сөздерді тудыруы Қазақстан территориясындағы, одан тыс жердегі говорларда да байқалады.<sup>1</sup>

-ДАЙ/-ДЕЙ, ТАЙ/-ТЕЙ. Бұл жұрнақ осы говорда аса өнімді, көп сөздің жасалуына себепші болып отыр. Мысалы: Батпалақтай — ортан қолдай, мықты, жарамды. Баласын көрсен батпалақтай. Батпалақтай қолхашымыз жоқ, осы баллар істейтін. -Тай-тей жұрнағының — тәй варианты да бар. Мысалы, Амангүл өмірін аркала демейді кіттей болып, жеркендей болып жүр береді. «Құрғақтай» сөзі кейде «құрылай» балып та а

тылады. Бізін бұл жерлерде мақтаға мал жіберсең шашынды құрылай алады.

Біз әңгімелеп отырған -дай/-дей, -тай/-тей қосымшасы қазақ тілінің қай говорынан болса да табылғанмен, ал -тәй вариантын ұшырату кыш. Әрине, бұл да көрші отырған тілдердің әсері.

Говордағы сын есім тудыратын жұрнақтардың енді бір қатары -РАҚ/РЕК. Говорда бұл көрсетілген жұрнақтар әдеби тілде жоқ сөздерге жалғануымен ерекшеленеді. Олар мынандай сөздерде жалғанып келеді: Бардамдырақ/пардамырақ — байлау, байырақ деген мағыналарда. Бардамдырақ бір кісі қайтыс боған. Өзі қуатты пардамырақ хожалық боса сатып алады екен. Говордағы бұл көптіріліп отырған сөз жергілікті жердегі басқа ұлттардың тілінде жиі қолданылады.

Говорда -рак/-рек жұрнақтарының -рәк варианты да кездеседі. Кішірәгі — кішірегі орнына, үлкенірек — үлкенірек. Пәмлірек — маңыздырақ т.б. Сын есімнің бұл формасы осы өңірде мекендеуші қарақалпақтардың ауызекі тіліне тән<sup>1</sup> екенін кейбір зерттелген еңбектерден көруге болады.

-ҚЫ/-ҒЫ. Бұл жұрнақпен жасалатын сын есімдердің саны санаулы, бір-екі сөздің аясынан аспайды: Айтқы-айтқыш, Мұрат айтқы ақын болған. Орасағы — бос, мылжың сөз. Орасағы сөз, орасағы геп.

Орасағы сөз күлмеге жақсы.

Бұралқы мал мінбеге жақсы (мақал).

Лаққы — біреуді мысқылдауға шебер кісі. Әйемгі — ежелгі, алғашқы.

Говорда бірер сөзге ғана қосылып сын есім тудыратын өнімсіз жұрнақтардың да кездесетінін төмендегі сөздердеп байқаймыз:

Көшпенжі — көшпелі. Бұрын көшпенжі болғанбыс. Пітімер — ішмерез адам. Жолдас пітімерлеу адам. Түсіншек — түсінгіш. Олар түсіншек. Шыртылтақ — ашушан. Іскер адам шыртылтақтау мәнімен бірге келеді. Ғырыстай (жігіт) — мықты, қарулы. Ғырыстай жігіт. Егізек — егіз. Мінтерде бір қатынның егізек екі қызы бар. Жүтірек — жүтіргіш. Мышқтың жүтірегі сабанхананың төрі (мақал).

<sup>1</sup> А. Нурмагамбетов. Казахский говор на территории Туркменской ССР. Автореферат канд. дисс. Алма-Ата, 1965, 13-бет; Н. Дянусов. Казахский переходный говор на территории Каракалпакской АССР. Алма-Ата, 1965.

Д. С. Насыров. Диалекты каракалпакского языка и их основные особенности. Вестник каракалпакского филиала Академии наук УзССР, 1966. № 1, 60-бет; У. Бекбаулов. Фонетические особенности южного диалекта каракалпакского языка, автореферат канд. дисс. Нукус, 1966, 8-бет.

Қызғыш — қызғылт. Сарғыш — сарғылт. Көгіс — көгілдір. Нәрегей — әлсіз, кішкентай. Нәрегейлеу бала еді. Өзі туасылы нәрегей.

Парсы ызафетінің — И жұрнағы әдеби тілімізде жер кездесетін — кәсіби, ғылыми, әдеби, саяси сияқты сөздерден басқа зерттеліп отырған говорда: білімі — білімді, өзбеки — өзбекше, парси — парсыша сияқты сөздер қолданылады.

Бұл говорды қазақ тілінің басқа говорларынан бөліп тұратын ерекшеліктердің тағы бір түрі — ХОР жұрнағымен байланысты. Ол мынандай сөздерге жалғанады. Шымхор — шөлті тандап жейтін кейбір жылқыға байланысты қолданылады. Шымхор екен жүде. Өзінің шымхорлығынан семірмей жүріпті. Адамхор — түйе, сиыр байланысты айтылады. Кейбір түйелер көктемде жарағайларында адамды басып не шайнап тастайды. Снылардың ішінде де адамды көрсе қуып, сүзетіндері бар. Жергілікті қазақтар тілінде мұндай түйелер мен сиырларды «адамхор» деп атайды.

Кейбір мал пісірілген астың қалдықтарына құма келеді. Қазан жуындысын да ішіп қояды. Міне бұнда малды «жуындыхор» деп атайды. «Жуындыхорлар» кәбінесе ешкі мен қой арасында жиі кездеседі.

Қантхор — қантты көп жейтін балаларға айтылады. Қантхорсың ба?

Иран тілдерінен ауысқан на-/на- префиксі әдеби тілде қарағанда жергілікті тұрғындардың тілінде жиі қолданылады да, болымсыз мағыналы сөздерді тудырады. Мысалы, надұрыс — кате, дұрыс емес. Қолхозда бұрынғы манторлары сымды надұрыс байлаған. Намқұл — кате, орынсыз, бұзық, менің сірә өзімше намақ істеген ісім жоқ. Нақолай-қолайсыз, ынғайсыз. Бұл ісіміз нақолай болған жоқ па? Нәйлаж / найлаж — лаңғыс, амалсыз. Нәйләж келдім.

Бәд- префиксі арқылы да біраз сөздер жасалады. Бәдбақ — бағы кара, жүзі кара. Бәдбешер — снықсыз. Бәдайбат, бәдзамап — қолайсыз заман.

Бұлардан басқа сын есім тудыратын, Иран тілдерінен ауысқан, префикстердің бірі — «би»: Бисағат — тәртіпсіз, бимаза. Бисағат екен баласы. Бижай — жайсыз, ынғайсыз. Биаза — азарсыз. Бұл кісі биаза кісі. Бизар — жайсыз, жалығу. Нағыз бизар. Ным кәседен бизармы. Бибазар — базарсыз күн. Бибәһә — бағасыз, күнсыз. Бипарық — ретсіз, жөнсіз. Салыны (күрішті Б. Б.) екі екен де, бірақ көбісі бипарық жатыр. Бикар — жұмыссыз.

Бидәулет — жалқау, жатып ішер. Оның баласы барып тұрған бидәулет. Биасыл — асылсыз. Бимәні — мәнсіз. Бинәтиже — нәтижесіз. Ол бинәтиже адам емес шығар. Билайғат — орынсыз, лайықсыз. Биәбірәй — абыройсыз. Биносіп — құт қалу, жетпей қалу. Биәдепшілік — әдепсіздік. Бидәмі болу — күдер ұзу. Не болса да, інім, жерден бидәмі болдық және, т. б.

### Сан есім

Говордағы морфологиялық ерекшеліктердің енді бірі — сандары сан есіммен байланысты. Сан есімдердегі ерекшеліктердің көпшілігі көрші тілдердің әсерінен туындаған.

Мұндағы ерекшеліктер көбі есептік сан есімдерге меншікті. Мысалы, «бір» сан есімі әдеби тілдегі айтылуымен бірге «біттә / піттә» немесе «біртә» болып қолданылуы Төрткүл ауданының Мимін, Монтық, Шорахан; Бирунш ауданының ҚИМ және Әмудария ауданының Қүйін көпір, Қытай бөлімшелерін мекендеуші қазақтар тіліне тән: Бізін піттә ауыз (сөз Б. Б.). Бізге де біттәсін қалдыр. Егер өзбек тілінде есептік сан есімге-та қосымшасының жалғануымен (бирта) битта, иккита, бешта болып айтылатынын ескерсек,<sup>1</sup> бұл сөздің өзбек тілінің әсерінен пайда болғандығын аңғару қиын емес. Сондай-ақ «екі» сан есімі «еккі» немесе «әккі»; тоғыз — тоғғыз; слу-еллі; сегіз-секкіз тұлғаларында дыбысталады. Әккі сом, оттыз үш тиін-ақ болды-ә. Еккікіне қапы соғып берейін деді. Бұның комнатасы жаз айуанмен секкіз. Бүйерге секкіз-деп тоғғызға карағанда көшіп келді. Алтмыш тоққыз манат. Еллі бес кило ет салды. Алайда қазақтардың жиі, өз алдына ауыл болып отырған жерлерінде әдеби тілдегі айтылуы сақталып отыратынын еске саламыз.

Есептік сан есімдерге байланысты тағы бір ерекшелік — бір, екі, үш сан есімдерінің тәуелденіп келгенде — бірісін, екісін, үшісін тұлғаларында айтылуы. Күс екінші әптеде және бірісін туады. Екісін де алып кетті ме? Қайтсең де үшісін де бересің дейді. Бұл сан есімдерді әдеби тілдің нормасымен айтатын болсақ, «біреуін, екеуін, үшеуін» болып айтылған болар еді.

Сан есімдердегі мұндай жағдай Түрікменстандағы қазақтардың да ауызекі тілінде ұшырайды<sup>2</sup>. Бұл құбы-

<sup>1</sup> А. М. Кононов. Грамматика современного узбекского литературного языка. М., 1960, 167-бет.

<sup>2</sup> Ә. Нұрмағамбетовтың аталған еңбегі, 260-бет.

лыс та көрші халықтар тілінің әсерінен пайда болған даусыз.

Сан есімдегі ендігі бір ерекшелік — бөлшектік сан есімдермен байланысты. Мысалы, әдеби тілдегі — сексен сегіз де жүзден қырық бес (88, 45) деген бөлшектік сан есімді жергілікті жерде: «сексен сегізу жүзден қырық беш», «Елу де жүзден он бес (50, 15) сан есімі «елу жүзден он беш» болып айтылады. «Сексен үшу жүзден отыз жеті (83, 37) — сексен үш те жүзден отыз жеті орнына.

Бұл мысалдардан күрделі сан есім құрамындағы «да», «де» шылауларының орнына — У жұрнағының қолданылатынын көреміз.

Күрделі сан есімдерді айтуда тағы бір ерекшелігі бар. Мысалы, «68» дегенді — екеуі кем жетпіс, «тоқсан» дегенді — оны кем жүз, 39 дегенді — бірі кем қырық деп айтуға дағдыланған.

Реттік сан есімдердің айтылуында да ерекшеліктер жоқ емес: Мен бір мың тоғыз жүз жиырмаланшы (жиырмасыншы орнына) жылы тудым. Кейінімізден екінші (екінші) күні жаумыт басып кетіпті. Сондай-ақ жетіләнші (жетінші орнына), онләншы (оныншы) болып айтыла береді.

Қарақалпақстанның оңтүстігінде тұратын қазақтар тіліндегі сан есімге байланысты, солардың өздеріне ғана тән дерлік, мына бір ерекшелікті айырықша еске салмақпыз. Жинақтық сан есім — біреу, екеу, үшеу т.б. соңына -хана және-сы қосымшалары қатарласа жалғанып — біреуханасы, екеуханасы қалпында дыбысталады. Мысалы: Біреуханасы ғана келмеді. Екеуханасы барды. Жоғы үшеуханасы, кел қарта ойнайық.

Ат үсті ойлаған адамға, осы сан есімдердегі -хана біздің тілімізде зат есім тудыратын, (кітапхана, асхана т.б.) парсы тілінен ауысып келген жұрнақтан, тұлға жалғанып, ешбір айырмасы жоқ. Біздің байқауымызша, бұған мына сан есімге жалғанып тұрған-хана-ның снқандай да қатынасы жоқ. Бұл — кейде жинақтық сан есім соңынан келетін шектік демсулік «ғана» -ның дыбыстық өзгеріске түскен түрі. Көп реттерде «ғ» дыбысының «қ» не «х» болып айтылуы бұл өңірдегі қазақтар тіліне тән құбылыс екендігі жоғарғы бір жолдарда ескертілген болатын. Осыларға келіп түрікмен, қарақалпақ тілдерінде жиі ұшырасатын -сы, -сі іспеттес қосымшалар қосарлана жалғанған. Демек, әдеби тілімізде «біреу ғана», «екеуі ғана» тіркесінде айтылатын сан есімдер былайша өзгеріске түскен: біреу+ғана — біреу-ғана —

біреухана+сы — біреуханасы т.б. Мысал үшін келтірілген «екеуханасы барды» деген сөйлем, әдеби тіл қалпында — «екеуі ғана барды» болмақ.

Жоғарыдағы келтірілгендерден басқалық қосымшасы кейбір сан есімдерге де жалғанады. Мысалы, бірлік, үшлік, беслік, елулік т.б. Бұл жерде ескерте кетейік деп отырғанымыз — бұрынғы кезде елу үйге басшылық ететін адамды «елулік» деп атаған.

### Есімдік

Есімдіктермен байланысты жергілікті ерекшеліктердің мәнісі оңша көп емес және негізінде әдеби тілдегі есімдіктерден аулақ кетпейді. «Біз, сіз» есімдіктері ілік есімдігінің жалғауын қабылдағанда, «бізін, сізін» түрінде айтылып, Д дыбысы түсіріледі. Мысалы: Бізін айта-жаңымыды біледі. Бізін қызымыз кішірек нәрсеуі. Бізін әкем алты жасында қырдан көшіп келген. Сізін айтқанымызды көрдік. Сізін жібергеніңіз бізге келмеді. Сізін бригадада мақта көп болуға тиіс. Жіктеу есімдігінің бұл тәрізді тұлғаларда айтылуы — қазақ тілінің батыс диалектісінде кездесуімен бірге,<sup>1</sup> Қазақстаннан тыс жердегі қазақтардың тілінен де ұшыратуға болады.<sup>2</sup> Қазақ тіліндегі жіктеу есімдіктерінің жоғарыдағыдай тұлғада дыбысталуы Н. И. Ильминский мен П. И. Мелиоранский еңбектерінде де айтылған.<sup>3</sup> Сондықтан мұны тілімізде бұрыннан сақталып келе жатқан құбылыс деп есептеуге де болады.

Зерттеліп отырған говордағы есімдіктерге тән ерекшеліктердің енді бір қатары жалпылау есімдіктерінде көрінеді. Жергілікті қазақтардың ауызекі тілінде жиі қолданылатын есімдіктің бірі һәмме (бәрі, барлық) есімдігі. Мысалы, һәмме қауын егіп, мәкке егіп жер болып кетті. Жұмыстарында һәмме уақыт табыстар болсын.

<sup>1</sup> С. Аманжолов. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959, 331-бет; Ш. Сарыбаев. Батыс Казакстан экспедициясының материалдарынан — КТГ мен ДМ, 4-шығуы, 1962, 31-бет.

<sup>2</sup> Ж. Болатов. Қошағаш казактарының тіліндегі жергілікті ерекшеліктер — КТГ мен ДМ, 4-шығуы, 1962, 103-бет; О. Нахысбеков. Орманбор обл. Адамов. Бөрте... Бұл да сонда, 109-бет; Ә. Нұрмағамбетов. Түрікменстандағы қазақ говору, қолжазба, Алматы, 1965, 267-бет.

<sup>3</sup> Н. И. Ильминский. Материалы к изучению киргизского наречия. Казань, 1861, 26-бет; Н. М. Мелиоранский. Краткая грамматика казакско-киргизского языка, часть I. СПб., 1894, 37, 38-беттер.

Кейде һәмме есімдігінің «һ» дыбысы түсіріліп, «әмме» болып та айтылады. Мысалы: әммесі су алып кетеді. Әмманат дейді. Осы есімдік өзбек тілінде — «хамма», қарақалпақша — «хәмме» тұлғаларында айтылса, түрікмен тілінде — «хемме» дыбыстық құрамда кездеседі.

Жергілікті жерде әдеби тілдегі «бүкіл» есімдігі «бүкіл» болып, сондай-ақ, «барлық» есімдігі «бәр» тұлғасында айтылады. Бүткіл дүния жүзінің халқы қанша екен? Әзір, соң бәр жерге оларды ғо.

Жергілікті ерекшеліктердің ендігі бір тобы сілтеу есімдіктерінен аңғарылады. Бұған және әдеби тілде «осы» сілтеу есімдігінің «ұсы» тұлғасында айтылуы жатқызуға болады. Сілтеу есімдігінің бұл тұлғасын зерттеп отырған территорияның барлық жерінен де кездестіреміз. «Сойерде» сөзі «сүйерде» болып айтылады.

Бұлардан басқа тұрғындардың ауызекі тілінде сілтеу есімдіктерінің «то» («сол» орнына) тұлғасын да ұшырасатырамыз. Мысалы: Біз то Жанадәйрадан бері қарауып кеттік. То көрініп тұрған теректің қасында бүйерді мектебі.

### Етістік

Жергілікті тұрғындардың тілінде аса көп, жиі жәнесаны жағынан көп кездесетін ерекшеліктер етістік категориясымен байланысты.

Тұрғындар тілінде кездесетін ерекшеліктердің біреуі көрші отырған туыстас тілдердің әсерінен пайда болса, енді бір қатары қазақ тілінің зерттелген говорларында, оның ішінде оңтүстік пен батыста жиі ұшырасып отыратын көне құбылыстар.

Етістікке байланысты ерекшеліктердің бірқатары жақсыз сөйлем құрайтын -малы/-мелі, -палы/-пелі жұрнақтарының жалғануына қарай анықталады. Бұрынғы уақытта болғанда су болмай қалған күйінде көшіп кетіп бермелі. Егер шақырғаны шын болса бармалы. Уақыт болып қалды, ендігі жерде кетпелі. Ондай қызығы болса онда бармалы ғо. Осы асты сызылған «бермелі», «бармалы», «кетпелі» деген сөздер — «беру керек», «бару керек», «кету керек» деген мағыналарда жұмсалып тұр. Ерекшеліктің бұл түрін тек ғана Аққамыс, Қылышбай. Ақ башлы мекендерінде түрікмендермен аралас отырған қазақтардың тілінен ұшыратамыз.

Басқа қазақ говорлары ішінде бұны біз Түрікменстанда мекендеуші қазақтардың ауызекі тілінен ғана

кездестіреміз. Сондықтан да қазақтардың тіл ерекшелігінде кездесетін бұл тұлғаны тек көрші, аралас отырған түрікмен тілінің әсері деп есептейміз.

Бұл өңірдегі тұрғындар тіліндегі етістікке байланысты ерекшеліктердің ішінде — а+жақ / —е+жақ қосымшалары етістіктің басқа қосымшаларынан гөрі өзінің жиі кездесуі арқылы көзге түседі.

Мысалы: кетежақ жұмыстар болып тұрыпты. Ақсақ Темірдің алмажақ шәһәрі жоқ. Бұл жұрттың миуасына кетежақ түрі жоқ, суы да мазалы. Білмежақ Тенізбайдың пәрсесі жоқ, ол Шәкір — Шәкіратты айтатұғын еді. Әне бізін білежақ сол. Мал емес базардан мыңды көріп, бірін алатын әкеп берсе не болажақ. Алажақ айлығының өзі апың-жетпіш сом. Нәмірі қалай кетежақ.

Етістіктің-жақ қосымшалы тұлғасы Қарақалпақстандың солтүстік аудандарымен бірге Түрікменстанды мекендеуші қазақтардың ауызекі тілінде кездеседі.<sup>1</sup> Ал, Қазақстан территориясында бұл тұлға батыс говорларына тән болып келеді. Қазақ тілінің қай говорында болмасын -жақ қосымшасы жалғанып келетін сөздер — алу, беру, кету, бару етістіктері. Ал, оңтүстік аудандарды мекендеуші қазақтардың тілінде бұларға қосымша болу, білу, жіберу, тастау т. б. сөздерге жалғанып көлемі молая түседі.

Жақ қосымшасы аралас отырған қарақалпақ өзбек, түрікмендердің тілдеріне меншікті формалардың бірі. Түрікмендерде: болма+жақ / болмай жақ; гитмежек/гитмейжек, гитмежек; бермежек/бермейжек тұлғаларында ұшырастырсақ, жергілікті өзбектердің ауызекі тілінде: алажақ нәссе, баражақ йер, т. б. сөз тіркестерінде байқалады.

Қарақалпақ және түрікмен тілдері үшін, -а+жақ / -е+жек қосымшаларының етістік жасайтын жұрнақтарының бірі екенін ескерсек, сол халықтармен аралас отырған қазақтардың тілінде, қазақ тілінің басқа говорларымен салыстырғанда, молырақ болуы заңды құбылыс.

Көсемше жұрнағы жалғанып, одап кейін жіктеліп келетін «барыпты, барыпсыз» сияқты бұрынғы өткен шақ тұлғалы етістіктер говорда осы шақ тулдыру үшін жұмсалады. Оны мына кестедегі мысалдардан байқау қиын емес:

<sup>1</sup> Н. Джунусов. Казахский переходный говор на территории Каракалпакской АССР. Автореферат канд. дисс., Алама-Ата. 1965. 9-бет.

|         |      |                           |                         |
|---------|------|---------------------------|-------------------------|
| Жекеше: | Жақ: | Говорда                   | Әдеби тілде             |
|         | I    | Мен күтіп тұрыпмын        | Мен күтіп тұрмын        |
|         | II   | Сен күтіп тұрыпсың        | Сен күтіп тұрсың        |
|         | III  | Ол күтіп тұрыпты          | Ол күтіп тұр            |
| Көпше   | I    | Біз (-лер) күтіп тұрыпмыз | Біз (-дер) күтіп тұрмыз |
|         | II   | Сіз (-дер) күтіп тұрыпсыз | Сіз (-дер) күтіп тұрсыз |
|         | III  | Олар күтіп тұрыпты        | Олар күтіп тұр          |

Жергілікті қазақ тіліндегі бұл тұлға қарақалпақ тілінің әсерінен туған. Бұл тұлға — жергілікті говор қазақтың басқа говорларынан ажыратып, анықтай түсетін ерекше белгілердің бірі.

-Н (ың), -ің қосымшалары етістік түбіріне жалғанып бұйрық райдың II жағының білдіретін етістіктің қосымшасыз түрінің орнына жүреді. Мыс.: жүр десе, бары. Оны үйіне қайтарып жіберін. Ертеңке қалдырмай, бұры болың. Үйдің ішіне кірің.

Говордағы етістіктің бұл тұлғасы қазақ тілінің оңтүстігіндегі кейбір говорларда кездеседі<sup>1</sup>. Бұл Қазақстан территориясынан тыс жердегі говорларда да бар құбылыс<sup>2</sup>. Говордағы қолданылып отырған етістіктің -ың/-ің қосымшалары көрші отырған қарақалпақ, өзбек және түрікмен тілдерінде де кездеседі. Қазақ тілінің басқа говорларына қарағанда зерттеліп отырған говорда бұл құбылыстың жиі кездесуінің себебі де осыдан.

Етістікке жалғанатын жіктік жалғауының сыпай түрі -сыңыз/-сіңіз қосымшасы да, осы говорға меншік ерекшеліктердің бірі. Мына төмендегі мысалдарға назар

<sup>1</sup> Ж. Досқараев, Г. Мұсабаев. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. Алматы, 1951, 12-бет; С. Омарбеков. Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Алматы, 1965, 147-бет; О. Нақысбеков. Орынбор облысының Адамов, Бөрте аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір жергілікті ерекшеліктер, ҚТТ мен ДМ, 4-шығуы, Алматы, 1962, 109-бет; Н. Жүнісов. Қарақалпақ АССР-інде тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір диалектілік ерекшеліктер. Қазақ диалектологиясы. Алматы, 1965, 243-бет; Ә. Нұрмағамбетов. Түрікменстандағы қазақ говору, канд. дисс., Алматы, 1965, 303-бет.

<sup>2</sup> О. Нақысбеков. Орынбор облысының Адамов, Бөрте аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір жергілікті ерекшеліктер. ҚТТ мен ДМ, 4-шығуы, Алматы, 1962, 109-бет; Н. Жүнісов. Қарақалпақ АССР-інде тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір диалектілік ерекшеліктер — Қазақ диалектологиясы. Алматы, 1965, 243-бет; Ә. Нұрмағамбетов. Түрікменстандағы қазақ говору, канд. дисс., Алматы, 1965, 309-бет.

салсақ, бұл құбылыстың жиі қолданылуын байқау қиын емес. Мысалы: осы жерден жаяу жүрсе, құптанда бара-сыңыз. Өз маңдайыңнан көресіңіз. Сіз де қаладан алдырғансыңыз ба? Қандай екенін барып көресіңіз.

Ей, қазым, ойыныңыз ба, ырасыңыз ба, Жалпақ тіл қари қайыспен ұрасыңыз ба. Қырық парызды біреу біліп, біреу білмейді, Білмеген жанның бәрін қырасыңыз ба.

Ерекшеліктің бұл түрі Қазақстан территориясында Орал, Гурьев тағы басқа облыстар тұрғындары тілінде де баршылық.<sup>1</sup>

Қарақалпақстанның оңтүстік аудандарын мекендеуші қазақтардың ауызекі тілінде әдеби тілдегі -мыз/-міз жіктік жалғауы көп жағдайларда -мыс/-міс тұлғаларында айтылады. Мысалы: аламыс — аламыз орнына, отырмыс — отырмыз, айтамыс — айтамыз т.б.

Бұл говордағы етістікке байланысты ерекшеліктер жоғарыдағы айтылғандармен шектелмейді. Көрсетілген ерекшеліктердің бірсыпырасы қазақ тілінің кейбір говорлары мен түркі тілдес халықтардың ауызекі сөйлеу тілінде ортақ құбылыстардың да бар екенін көрсетіп отыр.

Зерттеліп отырған говордың өзіне ғана тәп, басқа говорларда кездеспейтін бір ерекшелігі — етістіктерге -лар/-лер/-ләр көптік жалғауының қосылып айтылуы. Бұларды мына төмендегі келтірілген мысалдардан көруге болады: Саған кеттілер, — деді тарап. Үәделесіп кеттілер. Айтады дегенді естіледілер. Түнде барсақ та жақпайсың деп отыр еділер. Шарбақтың сені де жас адам екен деп жүрділер. Соң жерге айналынытылар. Оған қарап толық түрде анализ шығарылмайдылар. Солай етіп мәслихот қылдылар. Екі күн бұрын билет саттылар. Мен кеше екі қарбыз беріп едім біреуін жарып қойдылар т.б. Оңіме етіп отырған говордағы қазақтардың тіліндегі етістіктерге жалғанып келіп отырған -лар (-лер) -лар қосымшалары қазақ тілі және оның говорлары үшін жат құбылыс болса да, түркі тілдерінің оғыз тобындағы өзбек, түрікмен және азербайжан тілдеріне тән заңдылық. Біздіңше, бұл тұлғалар көрші отырған тілдердің әсерінен пайда болған құбылыс сендігі дау тудырмайды. Өйткені -лар/-лер/-ләр қосымшалы етістіктер өзбек тілі мен

<sup>1</sup> Н. Джунусов. Казахский переходный говор на территории Каракалпакской АССР, автореферат канд. дисс., Алма-Ата, 1965, 9-бет; А. Нұрмағамбетов. Казахский говор на территории Туркменской ССР. Алма-Ата, 1965, 16-бет.

түрікмен тілдерінде жүйелі түрде ұшырасып отырады. Мысалы, осы территориядағы қарақалпақтардың тілінде: жуап алдылар (-жуап алды орнына), шолай/шула дедилер түрінде ұшырастырсақ, ал, түрікмендердің тілінде: ужа-йда йантак до едилер, ол жерде яндак дәйрлер (ол жерді жантак деп еді) түрлерінде келіп отырады<sup>1</sup>. Өзбектің әдеби тілінде: борар эдилар — барғар еді келибдилар — келіпті, келиб эдилар — келіп еді, айтарлар — айтар<sup>2</sup>.

Жергілікті қазақтар тілінің тағы бір ерекшелігі — -ыс/-іс, -с ортақ етіс жұрнақтарының әдеби тілдегіде көрі жиі көрінуі. Мысалы: Ана екеуі төбелесіп, қазан жығылысып кетпесін. Кешегі өткен күні ол менімен осыерде отырысты. Олармен бірге отырыстым. Наурыз бек бірге жүрісті. Әдеби тілде осы асты сызылған сөздер ортақ етіс жұрнағысыз-ақ айтылатыны белгілі.

Бұл ерекшелік қазақ тілінің басқа говорларына да жат емес. Бірлі-жарым сөздердің құрамында, көрсетіліп отырған ортақ етіс жұрнағы, артық жалғанатын ретте Қазақстан территориясында Арал мен Семейдің кейбір аудандары мекендеуші қазақтардың тілінен кездестіріміз<sup>3</sup>.

Говорда кейде -кыз/-кіз етіс жұрнағының орнына -ы/ір жұрнағы қолданылады. Мыс.: ішір-ішкіз орнына өтір-өткіз.

Жергілікті қазақтардың ауызекі сөйлеу тіліне көрі түрікмендердің тигізген әсерін сөз сткенде, тағы бір көзге түсегін ерекшелік — әдеби тілдегі «байлаулы тұр» күрделі етістігінің «байлы тұр» тұлғасында айтылуы. Мысалы: Піржан (кісі аты) өлерінде байлы тұрады. Қол байлы, ақыр жыламай кәйтсін. Ит байлы тұрыпты, қорықпаң. Байлы тұрған малды шешіп жібергесін, егін түскен ғо ақыр.

Дәл осы іспеттес етістік тұлғалары қазақ тілінің зерттелген говорларынан және олар туралы жазылған еңбектерден де кездеспеді. Сондықтан да, зерттеліп отырған

говордағы бұл құбылысты сол говордың өзіне тән ерекшеліктердің қатарына жатқызамыз.

«Қайтадан» сөзі «қайталдан» болып Л дыбысы қосылып айтылады. Мысалы: Қолыңды жу. Жудым ғо, Қайталдан жу. Бұл жерге келіп қайталдан приказ алып орналастым. Жәйді қайталдан әкеу керек еді. Қайталдан құда түсті, сөйтіп біраз шығындарлы болды.

Сондай-ақ, осы говорда — «қозғалмастан» сөзі «қозғалмасы» болып, «тынбастан» сөзі «тынбасы» болып айтылады. Мысалы: Ондағы материалдың көптігі сондай, қозғалмасы жаздык. Тынбасы елу алты күп дегенде істеп шықтым. Сырттан көрмесіне («көрместеп» орнына) саудаластық.

Жоғарыдағы көрсетілгендей, «қозғалмасы жаздык», «тынбасы істедік», «көрмесіне саудалау» тәрізді тіркестерді қарақалпақтардың тілінен де кездестіруге болады. Сөйтіп, тұрғындар тіліндегі етістікке байланысты тұлғалардың бірқатары көнеден келе жатқан құбылыс болса, енді бірқатары көрші тілдердің әсерінен туған ерекшеліктер болып табылады.

-Ла /-ле. Қазақ әдеби тіліндегі есім сөздерден етістік тудыратын -та /-те жұрнағы орнына қолданылуымен көзге түседі. Мысалы: Мына шәйнекті демле. Ізлестірсең тауып аласаң Әмірабадда тәбілші болып іледім. Сен оны дұрыслап ұсла.

Тұрғындар тілінде ұшырасып отырған бұл құбылыстың шенбері бұл айтылғандармен шектелмейді.

Есім сөздерге -ла/-ле қосымшалары жалғанып етістік тудыру тәсілі — өзбек, түрікмен, қарақалпақ т.б. түркі тілдері үшін дағдылы заңдылық. Осы жұрнақтың көптеген түркі тілдерінде ұшырауының өзі бұның көптеп бар өнімді жұрнақ екенін дәлелдейді.

Етістік жасаудың бұл жолы тек осы объектідегі қазақтарға ғана тән емес, Қазақстан территориясындағы және одан тысқары жердегі қазақтардың да тілінде бар.

Шу говорында,<sup>1</sup> Шығыс Қазақстан облысының аудандарында<sup>2</sup>, Қарақалпақстанның солтүстігіндегі, сондай-ақ Түрікменстандағы қазақтардың тілінде де ерекшелік қалпында айтылады<sup>3</sup>. Ал, әңгіме болып отырған

<sup>1</sup> О. Нахысбеков. Языковые особенности казахов Чуйской долины. Автореферат дисс. канд. филол. наук. Алма-Ата, 1963, 22-бет.

<sup>2</sup> Ж. Болатов. Шығыс Қазақстан облысы Большенарым селолық ауданында тұратын қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы. КТТ мен ДМ, Алматы, 5-шығуы. Алматы, 1963, 200-бет.

<sup>3</sup> Ә. Нұрмағамбетов. Түрікменстандағы қазақ говоры, кандидаттық диссертация, Алматы, 1965, 323-бет.

<sup>1</sup> У. Бекбаулов. Фонетические особенности южного диалекта каракалпакского языка. Автореферат канд. дис., Нукус, 1966, 7-66 С. Аразкулиев. Гарагалпагыстан АССР-нин Дөртгүл районьндаг түркмен геплешиклери. Ашгабат, 1961, 142-бет.

<sup>2</sup> А. К. Боровков. Краткий очерк грамматики узбекского языка. Узбекско-русский словарь. Москва, 1959, 706-бет.

<sup>3</sup> Г. Калиев. Некоторые особенности Аральского говора. Автореферат канд. дисс., Алматы, 1954, 14-бет, Ж. Болатов. Семей облысының Абай, Шұбартау ауд., КТТ мен ДМ, 2-шығуы, Алматы, 1960, 163, 165-беттер.



қазақтардың тіліндегі етістік жасаудағы -ла/-ле-қолданылуы жоғарыдағы кездесіп отырған территория қарағанда молырақ екені байқалады. Мұның өзінде қолданылуы жағынан айырмашылық бар. Мысалы, Бруни ауданындағы «Қызыл қала», «Социализм» «Көкөз» пристаны, Төрткүлдегі «Буденный» бөлімшесін -ла/-ле-нің атқаратын қызметі басқа жердегілерге қарағанда бөсеңдеу.

-Ла / -Ле дыбыстық вариантының -та / -те-нің орны жұмсалудың — көрші отырған өзбек, түрікмен, қарақалпақ тілдерінің тигізген әсері деп ұғынамыз.

## ҮСТЕУ

Говордағы кейбір сөздер үстеу сөз табына жататын ерекшеліктер. Мысалы: Тейні — асты. Дөрияның тейні — өзеннің түбі; Көлдін тейні — көлдің асты, түбі. Говорда ұшырасып отырған «тейні» тұлғасы өзбек тілінде жиі қолданылатын және сол тілден ауысқан. Бұл сөздің қолданылатын жері қазақ пен өзбектердің аралас отырған территориясы — Төрткүл ауданының Шорахан, Аққамыс; Әмудария ауданының Қытай, Күйік көпір бөлімшелері.

Аралас отырған өзбек тілінің әсерінен пайда болған мекендік үстеулерге пәстә (төменде), бәлент (жоғары) сөздерін де жатқызуға болады. Үстеудің бұл түрлері жергілікті қазақтардың ауызекі тілінде ең жиі қолданылатын сөздер. Мысалы: Адыра қалғырды күніменен іздеп жүрсең пәстә бар екен ғо. Олар біздердің бәлентте тұрады. Оқұстың ұясы тауларда мүлдем бәлентте болады. Захарға (ұзаққа, алысқа) үстеуінің говордағы басқа үстеулерде айырмашылығы — говор территориясының қай жерінде болса да қолданыла береді. Сын (бейне) үстеулерінің қатарына төмендегі сөздерді жатқыздық: Омар-жомар (ұмар-жұмар): Омар-жұмар кіріп ұстайтын болады. Баса-бас — ұр да жық: Менің жұмысым бұл күнде сенің ісіңмен баса-бас емес. Дәру-дәру — дереу, тез-тез. Кей күнде дәру-дәру хат келеді; Шарта — лезде: Осы күнде гәзіт оқысам шарта ұйқым келеді. Дүкәннан жігі алып, шарта шираттым; Лам-лұм — үшті-күйді, жым-жылас: Базардан хәрәжат әкел деп ақша бердім, лам-лұм жоқ болып кетті.

Бұл келтірілген сын-бейне үстеулері ішінде баса-бас, шарта, лам-лұм тәрізді үстеулер, негізінен алғанда, го-

вордағы көрші тілдердің әсерінен пайда болған ерекшеліктер.

Говордағы мезгілдік үстеулерге байланысты ерекшеліктердің ішіндегі ең жиі ұшырайтыны — қазақ әдеби тіліндегі «қазір» сөзімен байланысты. Ол жергілікті қазақтардың ауызекі тілінде бірнеше тұлғада келіп отырады. Мысалы: Һәзір — кейде алдағы тұрған һ дыбысы түсіп қалып «әзір» түрінде айтылса, кейде жуандап «һазыр» түрінде де айтылатынын кездестіруге болады: Мен оны жолда һазыр көріп келіп отырмын. Һәзір осы колхоздың бастығы. Әзір Шымбайда ма?

Говорда кездесетін «бір заманырақта» сөзін де мезгілдік үстеулердің қатарына жатқызуға болады: Мысалы: Адамдар бір заманырақта былай кетті. Сондай-ақ «Ақшам» сөзі де говордағы жиі қолданылатын үстеу. Бұның әдеби тілдегі мағынасы — өткен түнде. Олар ақшам келіп, қайтып кетті. Өткен ақшамда біздер бардық.

Зерттеліп отырған говорда күшейткіш үстеулердің ішінде ең жиі айтылатындары — жүдә, дым. Мысалы: Қалыбек жүдә лақуа. Көз көрмейді, қуат жоқ, тіпті қорқамып жүдә. Жүдә айтқын. Дым сакқұлақ еді!

## II. Синтаксис

Говордағы синтаксиспен байланысты ерекшеліктерді екіге бөліп қарауды ыңғайлы көрдік. Оның біріншісі — етістіктермен тіркесе түскен есім сөздердің септік жалғаулары түсіріліп немесе бірінің орнына екіншісі қолданылуы арқылы сипатталады. Мұндай тіркес түрін қазіргі қазақ тілінде — «менгеріле байланысу» деп аталып жүр. Синтаксис қарастырғалы отырған екінші ерекшелік — басқа сөз тіркестерімен байланысты.

### 1. Септік жалғауларындағы ерекшеліктер

Говордағы септік жалғаулардың ішіндегі ерекшелігі жағынан айрықша көзге түсетіні — барыс септік жалғауы. Көп жағдайда барыс септік жалғауы жалғануға тиісті жерде ол түсіріліп айтылады. Мысалы: Екі адам Қараөзек («Қараөзекке» дсудің орнына) кетеміс. Яқып-пай Қырыққыз кетегін еді. Жеткербай осы күзек келеді. Одан көшіп, Дәуқара, Тазқара келеді. Түрікпенлер Жанғазының жайы (үйі — Б. Б.) кеген. Шорахан, Төрткүл көшейік деп, көшіп келген. Сырымбаба қосымшаларына атты ерттетіп Қоңырат кетіпті. Менің үйім барса,

ол жоқ екен. Барыс септік жалғауының түсіп қалу жергілікті қазақ ақындарының өлеңдерінде де ұшырасып отырады.

Говордағы септік жалғауларының түсіп қалу жағдайы жоғарыдағы көрсетілгендей тек ғана барыс септігінде емес, сонымен бірге жатыс, шығыс септік жалғауларының да түсіп қалу жағдайлары кездескенмен, барыс септігіндей жиі емес. Мысалы: Азанда, таң қараңғысы («таң қараңғысында» орнына) шығад. Ақабасқала (Ақбасқалада) Палуанқұл бар. Қуан базар (базардан) шығып, Есім дегенменен келе жатса.

Септік жалғауының түсіріліп айтылуы тұрғындар тілінде табыс септік жалғауы үшін де жат құбылыс емес. Мысалы: Сенің жүзің бе (жүзіңді ме?). Есім (есімді) жинаған жерім деп Есім қойған ғо. Әкең өлсе өлсін, әкең (әкенді) көрс қалған өлмесін (мақал).

Говорда жатыс жалғаулы сөздің орнына барыс жалғаулы сөздер қолданылған: Қазақстанда болған қырда («қырға» орнына) шыққан. Алдағы базарға (базарда) жәйға гөлегір жүргізем. Пәртек-жаптакты тікенсіз түрі құмға (құмда) өседі, пілде бастырады.

## 2. Сөз тіркестеріндегі ерекшеліктер

Қазақ әдеби тілінде белгілі бір мағынаны ұғындыру барысында, екі сөздің тіркесіп келіп, бір түсінікті иеленетін кездері де баршылық. Осындай жағдай Қарақалпақстанның оңтүстігін мекендеген қазақтар тілінде де біршама орын алған. Говордағы сөз тіркестеріндегі айырмашылық — тіркестегі сөздің бір сыңары әдеби тілде қолданылса, екіншісі жергілікті ерекшеліктердегі тұлғадап құралса, кейде екі сыңары да әдеби тілден болса да, берер мағынасы өзгеше болып келеді және т. б.

ТЕЗАП ЖЕР/шегелеп жер — құмлақ жер; Порсан жер — шанды, тозаңды жер; Қу мекен — қу дала; Ғалдек арба — лай, балшық таситын арба; Қам семіз — аса семіз; Табы болу — көңілі соқпау; Шалдырыс қылу — келіспеу; Шалым беру — ұқсау, сәйкес келу; Тақан шайысу — жолдас болу; Тұрғалымен көбірек тақан шайыстық.

ДӘН ТҰРУ — сап-сау болу; Қысыр тауық садақа берсен дән тұрып кететін;

ДӘЛІ ТҰТУ — жеңіл тұту; Біреудің алайын десен сырын, өзінді дәлі тұт; Телқнық келу — керісінше келу; Істің телқнық келуіне қарашы;

ШАРТА ПІСІРУ — тез, жылдам пісіру; Патлы айту — дауысты қатты шығарып айту;

СЕРІППЕСІ ШЫҒУ (Ақпердесі шығу) — титығы құрып, шаршау. Жөнделем дегенше сенің ақ пердең шығады. Әптен қолхоздан серіппесі шыққан кемпір.

ШӘЙІМҒА КЕЛТІРМЕУ — шыдатпау: Ыбырай ойнаған екен, бізді шайымға келтірмеді. Дағ жемеу — жеңілмеу, қалыспау: Дағ жемейтін Қуанбай және айтылты келіп; Тәшкіл болу — ұйымдасу. Қолхоз тәшкіл болғанша істедік:

Асас болу — негіз болу, себеп болу. Бір нәрсеге асас болады;

РАУАЖ АЛУ — даму. Елде рауаж алды сол нәрсе; Пәс пейіл — кішіпейіл; Маңдайы ағару — бақыты ашылу; Ақ көкірек — ақ көңіл; Ақ үйлі қылу — күнәлі қылу, жер аудару;

КАТЫҚТЫ ШАЮ — айранды пісу; Дауыс ету — жылау, дауыс шығару. Бауырым деп біреу дауыс етті ғо;

ТАЯҚ ҰРУ — өлшеу. Әмин аға таяқ ұрып кете береді; Ұрылмай қалған жер — өлшенбей қалған жер;

АҒЫНА КЕЛУ — есіне, ақылына келу; аныннан айырылу — ес-ақылынан айырылу: Шежіреден білетіндер ағына келіп адам болды. Шырапаямен бір ұрады, екінші ұрғанда ағынан айырылады; Мақұл сөйлесу — орынды, дұрыс сөйлеу. Осы кісіммен мақұл сөйлестім.

## ҮШІНШІ ТАРАУ ЛЕКСИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Қарақалпақстанның оңтүстік аудандарын мекендеуші қазақтардың тіліндегі жергілікті ерекшеліктердің ішіндегі көлемдісі — лексикалық ерекшеліктер. Говордың лексикасында көне өзіндік ерекшеліктермен қатар, қарақалпақ, өзбек, түрікмендермен қоян-қолтық аралас отыруынан пайда болған кірме сөздер де аз емес.

Қарақалпақстанның оңтүстік аудандары солтүстік-батыс аудандарына қарағанда егіннің қай түрінен болсын өнімді мол алумен ерекшеленеді. Мысалы, оңтүстік аудандарда өсетін бау-бақша жемістерінің көбі солтүстік аудандарда егіле бермейді. Сондықтан кәсіби сөз жағынан да оңтүстік қазақтарының тілі бай.

**СИНОНИМ.** «Мағыналары бір-біріне жақын, белгі бір контексте бірін-бірі алмастыруға жарайтын сөздерді синоним деп есептейміз».<sup>1</sup> Мұндай сөздер тілге болып отырған қазақтардың ауызекі тілінде Қазақстан территориясындағы тұрғындарға қараған жергілікті халық екі-үш тілді бірдей (өзбек, қазақ, қарақалпақ т. б.) біледі. Жергілікті тұрғындардың тілінде синонимдердің көп ұшырайтын себебі осы деп ойламыз.

Говордағы синонимдердің бірқатары зат атауларын ал енді біреулері сып-сыпатқа байланысты болып келеді.

**Лұм кесе // ным кесе // лауабы кесе // лауақ кесе // лабақ кесе** — кесенің үлкен түрі. Кейде «лауаб» кесе деп те айтады. Кесенің бұй түрі Қарақалпақстанның солтүстік аудандарын мекендеуші қазақтардың тілінде «лауа кесе, көкнәр кесе не «үлкен кесе» тұлғаларында айтылатыны белгілі.<sup>2</sup>

«Лауа // науа кесе» варианты «үлкен ыдыс» деген мағынада қолданылса, «көкнәркесе» аталуы — бұл кездерде көкнәршылардың көкнарды үлкен кесеге салысып ішуіне байланысты болса керек. Бұл жағдай Қарақалпақстан территориясында көкнәр ішушілердің жері не сирек кездесетіндігіне қатысты емес. Бірақ бір есептесала кететін жағдай — «көкнәр кесе» сөзі қазақтардың ауызекі тілінде айтылмағанмен осы территориядағы түрікмендерде, жоғарыдағы көрсетілген, «леваш кесе» тұлғасында айтылумен бірге көкнар кесе<sup>3</sup> түрінде қолданылатындығы зерттеушілер тарапынан көрсетілген. Демек, аралас отырған тілдердің әсері.

**КҮКІРТ /ОТТЫҚ** — сіріңке. Тұрғындар тілінде күкірт сөзі басымдау қолданылады. Күкірт сөзі жергілікті өзбек, түрікмен және қарақалпақтар тілінде жергілікті айтылады.

**ДӘГІШМЕ /Күлкі** — әзіл: Кеудіңе келмесің бұны бәрі дәгімше ғой. Күлкіге айтқанды көтере алмаса бағайсың.

**АЙУАН // айуанша // бастырма** — үйдің жапына қосалынған бір жағы ашық орын. Жазда адамдар осында отырады.

<sup>1</sup> И. Кеңесбаев, Ф. Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика, Алматы, 1962, 68-бет.

<sup>2</sup> Н. Жүнісовтың жоғарыдағы аталған қолжазбасы, 195-бет.

<sup>3</sup> С. Аразқұлыев. Ғарағалпағстан АССР-ның Дөрткүл районындағы тұратын геллешникери. Ашгабат, 1961, 189-бет.

**ҚАШ** // арғыт — үйдің төбесіне салынатын арқалық ағаш. Говорда көбіне «қаш» сөзі жиі айтылады. «Қаш» сөзі өзбек, түрікмен тілдеріне тән.

**СҮТІН** // өрә // өре — тіреу. Арқалық қисайып не сынып кетпес үшін астына тіреп қоятын бағана ағаш.

**ҚАДА // ШАБАҚ // ШАБАҚША** — Арқалықтың үстіне салатын жіңішке ағаштар.

**КЕСЕГІ // ЯНҚАЗЫҚ** — босаға, есіктің қаптал ағаштары.

**ШИТОРНАҚ // ҚАРСЫ СЫЛАУ // ШИ СЫЛАУ** — салынған үйдің ішкі төбесін сылау.

**АЯҚТАСПА** // денгесе — малды бірлесіп, ортақтасып сойып алу.

**ЖАТ** // **ЖӘТКЕШ** — естігенін ұмытпайтып шешен, сөзшесі адам: Әмет аға деген жат. Бұл ауылда одан жеткені барма, сіра.

**ШІГІР** // шігін // шіін — күрмек. Жергілікті тұрғындардың тілінде «күрмек» сөзі тіпті айтылмайды десе де болады. Қазақ тіліндегі: «күріш арқасынан күрмек су ішеді» деген мақалдың орнына «шалы (күріш — Б. Б) арқасынан шігін су ішеді» деген мақал айтылады.

**ПОЛЯ** // **ТАХТА** — атыз: Мына тахта біздің жеріміз. Әзір іздеген адамдарыңды полядан табасың.

**ЗҮРӘӨТ** // асыл — өнім: Биылғы жыл біздің колхоз үшін асылдары жыл болды. Зүрәәтті бригадалардан саналады.

**ТАМАМЫ** // һәмме // жам — түгел, барлық: Жам ағайын оның кемшілігін айтты. Һәммәміз жиналып бір адамдай болып қимылдасарк бүгін пітіріп тастаймыз. Жалғыз мәлің жұмысым емес, һәммеміздің ісіміз. Тамамы бала басында ойнап жүр, дүйім жұрт сол жерде.

**КӨЗДІ** // гөр — соқыр: Әкем елу бір жасында көзді болып қалды. Азанда тұрып ешекке от салып жатқанда көзіме шөп түсіп, содан көзім гөр болды, көзім әлі жазылмады. Говордағы «гөр» сөзі өзбек, қарақалпақ және түрікмен тілдерінде де қолданылады.

**ТӘРК ЕТУ** // **ДӘРІП ШАШУ** — зая ету.

**ГӘЛЛЕСІ КЕТУ** // **АҢЫ КЕТУ** — есі кету.

**ПАҚСА** // **ДИУАЛ** — қабырға.

**НАНТАҚТА** // астахта // нан жайғыш — нанды ысып, жаятын тақтай.

**КӨТТЕ** // **ҰЛЛЫ** — үлкен.

**САМСАМ** // **МӘЖГҮН** — жеңіл мінезді адам.

**ТАМ** // жәй — үй.

**ПАЯПАЛ** // аяккөпір — кішкене арықтардан ала өту үшін салынған ағаш.

**ЖЫЛМАЛА** // ҚІЛМӨЛА — үй сылайтын темірді жасалған қалақ.

Говорда басқа да синоним сөздер жиі ұшырайды. Олардың барлығын тізіп берсе бермей-ақ, осы көрсетілгендермен шектелеміз.

Бұл синоним болып отырған сөздердің біразын өзбек түрікмен және қарақалпақ тілдерінен табуға болады. Говорға сол тілдерден ауысып, қалыптасқан.

### Көп мағыналы сөздер мен омонимдер

Зерттеу объектісі болып отырған говорымыздың лексика саласындағы ендігі бір ерекшеліктер сөз мағыналарына байланысты.

#### 1. Көп мағыналы сөздер.

Говорда көп мағыналы сөздердің пайда болуы әрқилы.

**ШҮЙ** — темір шеге. Бұның «шегеден» басқа екінші мағынасы — арбаның дөңгелектерін ұстап тұру үшін біліктің екі ұшына сұғылған темір. Мысалы: Қаладан қайтып келе жатқанда арбасының шүйі түсіп қалып қойыпты. Қайтқан арбалардың шүйі шүйіне қағысты. Арбанды бір рет бергенде, арбаның шүйі сынады. Говордағы «шүй» сөзінің үшінші мағынасы — сада оғы немесе жебесінің ұшындағы темір: Біздің балаң садағының шүйі түсіп қалыпты. Бұл үш сөздің аралығында бір ортақтық бар. Ол — осы сөздердің жалғамы «шегеден» шығып, өз алдына жеке мағына алып кеткені.

Говордағы осындай көп мағынаға ие сөздердің бірі «дасымал»:

а) **ДАСЫМАЛ** — қазан жуатын шүберек. Қазан ыссылай тұрғанда дасымалмен жуып тастау керек. Дасымалды сығып іліп қой. Қарақалпақстанның солтүстік-батыс аудандарын мекендеуші қазақтардың тілінде бұл сөз қолданылмайды. Оның орнына «жуғыш» сөзі, «қазан» сөзімен қосылып «қазан жуғыш» түрінде айтылады. Бұны солтүстік-батысты мекендейтін қарақалпақтар да қолданады.

ә) **ДАСЫМАЛ** — үй қабырғасының бетін тегістесі сылайтын немесе жуатын шүберектің аты. Дасымал

сөзінің екінші мағынасы бірінші мағынасынан аса алшақ емес. Жергілікті тұрғындар үйді ылайдан соққандықтан үйдің қабырғаларын «соқпа» деп атайды. Ылайдан соғылған қабырғалар кепкеннен кейін ұсақ-түйек болып жарылып кетеді. Осы жарықтардың арасына ылай тығып, сылап, бетін арнаулы қалың шүберекпен жуып, тегістейді. Сол шүберекті жергілікті тұрғындар «дасымал» де деп атайды.

б) **ДАСЫМАЛ** — жағымпаз, жарамсақ мағыналарында да қолданылады. Мысалы: өзі барып тұрған дасымал екен. Дасымал болмаса ақыр соны айта ма. Дасымалдықтан тауып жүрген пайдасы жоқ. Жағымпаз мәнісіндегі «дасымал» — бейнелеп айту нәтижесі.

Қарақалпақ тілінде: дасмал — ыдыс-аяқ жуатын шүберек, дасымалшы — жағымпаз мәнісінде ұшырасса (Қарақалпақско-русский словарь, Москва, 1958), өзбек тілінде: дастмол — ыдыс-аяқ жуатын шүберек мағынасында жұмсалады. (Узбекско-русский словарь, Москва, 1954).

«**ШӘНГЕК**» сөзінің бірінші мағынасы — айыр не ашасы бар ағаш. Үй шаруашылығында майда-шүйде заттарды іліп қою үшін қабырғаға не үйдің төбесіне бекітілген, қозғалып тұратын ағаштар. Оның ілгеріне ыдыс-аяқ, шелек, себеттерді (кәрзина) ішіне нап, ет, сүт, салып, іліп қояды. Мысалы: себетті шәңгекке ілдіріп қойды. Шәңгектегі ілулі тұрғандардың ішінде жоқ. Ал, екінші мағынасы — базардағы ет сататын дүкен. Шәңгекте ет қалып па өзі. Сиырымды осы базар шәңгекке өткізейін деп ем. Шәңгектің еті дүкенінің етінен қымбаттау болады. Ораз базардағы шәңгекте істейді. Бұл келтірілген сөйлемдердегі шәңгек сөзі, өзінің шығу, төркіні жағынан, бірінші мағынасымен тектес. Соғылған малды ет сататын орындарға әкелгеннен кейін, оларды мүшелерге бөліп, имек темірлерге іліп қояды. Осыдан келіп жергілікті тұрғындар арасында имек темірдің аты базардағы сататын дүкеннің атына айналған.

**ЗӘНГІ** сөзінің мынадай екінші мағынасы бар. Біріншісі — үзенгі. Осыған орай әдеби тілдегі «үзенгі жолдас» тіркесі говорда «зәңгі жолдас» болып айтылады. Екінші мағынасы — үйдің басына шығатын саты, баспалдақ: Тамның басына шыққаннан кейін зәңгіні алып тастайды. Біздің жәйға биік зәңгі болмаса, анау-мынау зәңгілер жарамайды. Бұл екеуінің мағынасы — атқаратын қызметіне қарай біріне-бірі жақын.

## 2. Омонимдер

Айтылуы мен жазылуы бірдей, ал мағыналары әр түрлі болып келетін сөздердің говардағы бір саласы — омонимдер. Бұлардың дыбыстық құрамы бірдей болғанмен мағына жағынан бір-бірінен алшақ жатады. Мұның омоним сөздерді көп мағыналы сөздермен шатастырмауға себін тигізіп, олардың түп төркінін табуға жетек болады.

Говордағы омонимдердің беретін мағынасы сан жағынан әр қилы. Кейбір омоним сөздер мағынасы екі-үш сөзден аспаса, енді біреулері 4—5 мағына меншіктенеді.

«Аң» сөзі әдеби тілдегі мағынасынан басқа, жергілікті қазақтар тілінде — «ақыл; ес» ұғымын да неленеді. Онда аңнан түк жоқ. Өзінің аңың бар ма, не айттың тұрсың. Говордағы «ақыл», «ес» мағыналарын беретін «аң» тұлғасы — өзбектерде «онг» (узб.—рус. сл., 1959), қарақалпақтарда «аң» (Карак.—рус. сл., 1958) калпында дыбысталады.

«ІС». Мұның әдеби тілдегі — «іс», «жұмыс» мағынасынан басқа говорда — жыңғылдан не темірден жасалған ұшы үшкір, біз сияқты нәрсе. Мысалы: ішіне тығылғыр (қарғыс сөз).

«ЖАРМА». Баршаға мәлім мағынасынан бөтен говорда екі ұғымды меншіктенеді. Бірінші — екі жаққа жарыла ашылатын есік түрі, екінші — үлкен арық (канал): Жарманың суы қайтқан кезде балықты балала көп ұстайды.

Говорда ұшырасатын «саз», «өткерме» сияқты сөздердің 3—4 түрлі мағыналары барлығы байқалады:

САЗ I — саз, лай.

САЗ II — ұн, дауыс: Саз бен сәубеті мықты болады.

САЗ III — дайын, реттеу. Материалдарым саз, келесі жылы бастаймын. Мықты кісі ғо, барлығы саз шығар. Тіршілік болса барлығын саздаймын ғо.

САЗ IV — еденнің астына қоятын көлденең ағаштағы Побы табылып тұр да, бірақ сазы жоқ. Тахтайың әлсіз болса сазды жиірек қоясың, Жайының төбесін бастырып, полдауға сазын тайындап қойыпты.

САЗ V — алдау. Ыбырай саздап кетті. Саздағанда да мықтап саздады.

Мысалдардың ішінде көлтіріліп отырған бірінші, екінші, мағыналары қазақ тілінің әдеби нормасында қолданылатыны әбден түсінікті. (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, II том, Алматы, 1961). Қалған мысалдар

үшін бұны айту қиын. Мысалдардың үшінші және төртінші, бесінші мағыналары зерттеліп отырған говорға ғана тиісті құбылыс.

Қарақалпақстанның солтүстік-батыс аудандарында тұратын қазақтардың тілінде саз сөзінің екі ғана мағынасы көрсетілген болатын.<sup>1</sup>

Омонимдік мағынаға ие болып отырған «өткерме» сөзінің де төрт түрлі мағынасы бар. Бірінші мағынасы — жүзік, сақина; екіншісі — кішігірім арықтардан адам өту үшін салынған ағаш, көпір; үшіншісі — матаның түрі; төртіншісі — бұйрық райлы етістік. Осылардың мағыналық айырмашылықтарын көрсететін мысалдарға назар аударып көрсейік:

1. Өткермеді жоғалтып алғаннан соң, базаршыға өткерме әксіп бер деп пұл қосқан едім. Түсімде осы өткерме қолымнан түсіп қалған екен, азанда қорқып тұрып, құда жолы нап тараттым. 2. Өткермеден өткізіп жіберсең өзім табамын, балам. Өткерме салсаң сауап болады, өсуіңе. 3. Өткермеден тігілген ғо өзі (Жергілікті тұрғындардың арасында арқауы көрініп тұрған, сирек тоқылған материалдарды осылайша атайды). 4. Оның баласын класынан өткермейді. Малды топтап өткерме, пахтаға түсіп, масқарамызды шығарар.

Бұлардан басқа мына іспеттес омонимдерді атап көпа өтеміз:

КӨРПЕ I — жоңышқаның бірінші немесе орып алғаннан кейінгі он-он бес сантиметр болып өсіп тұрған кезі. Тұрғындар тілінде бұл көбіне, сгілгеннен соң бірінші шыққан жоңышқаға байланысты айтылады. Мыс: Былтырғы қыста еккен жоңышқасы биыл жана ғана көрпе болып тұрыпты.

КӨРПЕ II — қозының қыркырмаған түрі.

ШАЙЫР I — ақын.

ШАЙЫР II — ағаштан алынатын желім. Мысалы: Баяғыда шайыр жинауға пылан берстіп еді. «Ақын» мағынасында айтылатын «шайыр» сөзі қарақалпақ, өзбек, түрікмен тілдерінде де осы калыпта айтылады. Ал, Түрікменстандағы қазақтардың тілінде говордағы екінші мағына шөптің түрін білдіреді<sup>2</sup>.

АУҚЫМ I — ұйым, одақ; АУҚЫМ II — өзара пікірлес адам;

<sup>1</sup> Қараныз: Н. Жүнісовтың аталған жұмысы, 200-бет.

<sup>2</sup> А. Нурмағамбетов. Казахский говор на территории Туркменской ССР. Автореферат канд. дисс. Алма-Ата, 1965, 8-бет.

АТАҚ І — ат, дәреже.

АТАҚ ІІ — үй салғанда қабырғаларға лайды ат тұрғызатын шебер. Былайынша айтқанда, үй салатын шебердің көмекшісі.

НӘЛ І — аяқ киімнің өкшесі мен тұмсығына қағылтын темір таға.

НӘЛ ІІ — жеміс ағаштарының аударып егілетін талдары: Мақта, помидор, алма, шабдал т. б. тұқым өсіреді де, ал теректерді нәл кесіп алып отырғызады.

ЭВФЕМИЗМ дегеніміз дөрекі, жағымсыз, қолайсыз сөздерді сыпайылап жанамалап өзгертіп қолдану тәлі. Жергілікті тұрғындар арасында мынадай эвфемизмдер бар. Мысалы, «өлді» дегенді «қате болды» тіркесімен өзгертеді. Осы жақтан көшіп кетіп еді, Шымкент барған жерде қате болған. Туғаны бес бала еді, үше қате болды. Сондай-ақ бұл сөздің әдеби тілдегі синонимдері — «қайтыс болды», «шетінеді», «дүние салды», «қазаға ұшырады» деген түрлері де қолданыла береді. Бірақ, осы жерде ескере кететін бір жағдай, эвфемизм ретінде көрсетіліп отырған синонимдік сөздердің өзара мағыналық айырмашылығы бар. Мысалы, «шетіне» сөзі жас балалар мен сәбилерге байланысты айтылса, «қазаға ұшырады», «қайтыс болды», «қаза болды» деген сөздер орта жаста дүниеден өткендерге не кенетте өлгендер үшін айтылады. Ал, «дүние салды» сөзі қатты, жасы жетіп, «асарын асып, жасарын жасаған» адамдарға қолданылады. Мысалы: жас баласы шетінеге соң жұрт аударып көшіп кетті. Ақсақ кісі еді, кенетте қазаға ұшырап, алты баласы жетім қалды. Біздер 7 — жасаған кезімізде, қартайған шағында дүние салды.

Сондай-ақ «жалғаншыдан қайту» сөзін де говордағы эвфемизм сөзінің қатарына жатқызуға болады. Бұл да жасы жетіп қайтыс болған адамдар туралы айтылады. Мысалы: сояқта жалғаншыдан қайтқан бала адамымыз бар еді, пәдия салып бара алмай жүріллі. Жалғаншыдан қайтқанына төрт-бес жылдың шамасы болып қалды ғо, сірә, менімше.

Зерттеліп отырған территорияның Шорахан, Мимі, Аққамыс бөлімдерінде әйелдердің босануын «қоздау» деп атайды. Эвфемизмнің бұл түрін басқа қазақ тілдік говорларынан кездестіре алмадық. Бұл сөз территориядағы өзбек, қарақалпақ тілдерінің говорларында жиі

<sup>1</sup> І. Кенесбаев, Ғ. Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика, Алматы, 1962, 79-бет.

айтылатын эвфемизмнің бірі. Түрме, абақты сөзін «дүзеу үй» деп айту да эвфемизмге жатады.

Бұларым балалардың ойынындай боп,

Отырмын дүзеу үйде босқа шерлеп (Тұрмағамбет).

СИНЕКДОХА. Егерде жалпының орнына жалқы, бүтіннің орнына бөлшек, не керісінше жалқының орнына жалпының, бөлшектің орнына бүтіннің қолданылуы синекдоха деп ұғынсақ, зерттеп отырған говорымызда мынадай синекдоха бар екенін байқаймыз. Мысалы: Бұл бригаданың жетпіс гектар жері бар, отыз білегі бар. Колхозда кей үйден бір білек істесе, кей үйден үш білек шығады. Білектің көптігінің зиялы жоқ жұмысқа. Өздері сондай жақсы адамдар, амал не бір тырнаққа зар болып отыр. Кіртастың алдында терген пахтасын өлшетуге кезек күтіп отыр. Кіртасты қолына алып, гәшір, пияз сатып тұрған жоқ Ташкеннің базарында.

Бұл келтірілген мысалдардың ішіндегі «білек», «тырнақ», «кіртас» дегендер бүтіннің орнына қолданылып тұрған бөлшектер. Білек — адам деген сөз, тырнақ сөзі — бала дегенді, кіртас — таразыны білдіріп тұр.

### Көнерген сөздер мен неологизмдер

Зерттеліп отырған говорымыздың лексикалық ерекшеліктерін сөз еткенде көнерген сөздер мен жаңа сөздерді де өз алдына әңгіме етіп, тоқталып өтуді орынды деп таптық.

#### Көнерген сөздер.

Қандай тіл болмасын даму барысында өзінің басынан өткізіп қоғамдық өмірдің белгілерін көрсететін құбылыстарды өз бойына сақтап қалып отырады. Бірақ белгілі бір дәуірде кірген сөздер екінші бір дәуірдегі қоғамдық-экономикалық өмірде жиі қолданылудан қала бастап, кейінгі ұрпақтар үшін мағынасы түсініксіз сөздер қатарына ілігін отырады. Осындай көнерген сөздердің говордағы қолданылуына қарай, оларды екі топқа бөліп көрсетуге болады. Говордағы көнерген сөздердің бірінші тобына архаизмдер жатады.

АРХАИЗМДЕРДІң ішінде, әсіресе, діни ұғым, ескі әдет-ғұрыптарға байланысты қолданылатын сөздер көп: ақұн, сұпы, сәлле, шиық, пәдия салу, дәуір айналыру, намаз жәй, мәсуек, қас нек, зікір // поркан // поркан, муфты, қазы.

<sup>1</sup> І. Кенесбаев, Ғ. Мұсабаевтың жоғарыдағы аталған еңбегі, 77-бет.

Құран оқу // пәдия оқу — өлген адамға құран оқы  
қол жаю иманын үйіру — өлейін деп жатқан адам  
құран оқып, иманын тілеу, үсір /жиналған егіннен мол  
даларға берілетін дән — аққұла бастырылған дән  
адалдығы үшін діни әдет бойынша қырманның шетін  
белгілі бір қашықтыққа төгілетін дән, /мәсуек/ молд  
лардың аузын ысатын ағашы/ сияқты сөздерді көнерге  
сөздер тобына жатқызуға болады.

Қарақалпақстанның оңтүстік өңіріне тән архаизм  
дерге ерекшеліктердің енді бір тобы хап заманындағы  
билеу істеріне байланысты бірлі-жарым карттарды  
тілінде ұшырасатын, кейінгі жас ұрпақтарға түсініксіз  
сөздер. Мысалы, АҚ ҮЙЛІ БОЛУ — жер аударыл  
Бұрынғы заманда бір жерден екінші жерге жер ауда  
ғандарды «ақ үйлі» деп атаған.

ИНАҚ — хап заманындағы жоғарғы иендердің бір  
АТТҰТАР // атұстар — бұрын байлардың есігін  
жалданып жүрген қызметші. Алты жыл есігінде жүре  
атұстар болып. Жұманазар қатпапын жанында аттұ  
ры болған.

ТӘПЕКШІ // дәйекші — хан заманында салық жина  
тын адам.

Хап заманында егін егіп, содан жиналған астықты  
белгілі бір бөлегін ханға төлеп отырған, ханға төлен  
тін астықты жиюшы — «дәйекші» деп атаған. Бұла  
әсіресе, төменгі таптан өндіретін салықты жинаушы  
адам. Ал, байлардан салық жинаушы адамды — «кеж  
ней» деп атаған. Жергілікті тұрғындар Хиуа хандығы  
дәуірінде салықтың сан алуан түрін басынан кешірген.  
Жоғарыдағы көрсетілгендерден басқа да «түтін лұ  
/семья басына салынатын салық/, «әдебиетшік» /ақш  
салығын жинайтын адам/ сөздері кездеседі.

Қойдан қоныр шаруа  
Алаңсыз малын баға алмай,  
Жәзирада жәй тұрып  
Жапанға отты жаға алмай,  
Тартты ғой пәсен ақымдап  
Әдебиетшік бұл шықты  
Ақша бер деп шақылдап (Кумолда).

ИСТОРИЗМГЕ байланысты сөздер соңғы жылдар  
қолданылудан қалып бара жатыр. Жергілікті тұрғы  
дардың көпшілігі егіншілікпен айналысқандықтан  
шаруашылықтың осы түріне байланысты сөздерді жи  
ұшыратуға болады. Жергілікті тұрғындарда егін суы

малы болғандықтан, қыс бойы үлкен-үлкен жаптарды  
(арықтарды) қол күшімен қазып, жылма-жыл тазар  
тып отыратын болған. Жылма-жыл қазып отырған соң  
ол терендей түсіп қазуы қиындай түседі. Арықтың  
табанында қазылған ылайды жиекке шығару үшін  
темір күрекпен арықтың табанындағы адам екінші  
адамға атса, екіншісі оны түскен жерінен алып, жоғары  
көрай атады. Бұны жергілікті тұрғындар «ақыра тарту»,  
не «ақырға ату», «ақыра қайтару» деп атайды. Осыдан  
он-онбес жыл бұрын жиі айтылатын «ақыра» сөзі  
техниканың дамуы нәтижесінде күнделікті сөйлеу тілін  
де сирек қолданыла бастады.

Сондай-ақ қазіргі кезде айтылмайтын тапап сөзін  
де историзм сөздерінің қатарына қосуға болады. Бұның  
еріна гектар, сотин сөзі айтылып жүр.

Говордағы историзм сөздердің құрамына мына төмен  
дегі сөздерді де қосуға болады. Говордағы бірлі-жарым  
картиялардың өткен күндерді еске түсіргенде қолдана  
тын «түйекеш» сөзі қазақ халқының өткендегі тарихы  
на, күн көріс тіршілігіне байланысты туған. Сол тірші  
лік үшін түйенің алатын орны ерекше. Қазақ түйені тек  
көне көшіп-қонып жүргенде ғана емес, сонымен қатар  
түйемен жүк тасып, кіре тартып та пайдаланған. Осыған  
байланысты — кірейкеш // кірекеш // түйекеш деген ұғым  
дар қазақтардың революциядан бұрынғы дәуірінде жиі  
айтылатын сөздер. Кеңес өкіметінің алғашқы жыл  
дарының өзінде де жүк тасуда басты көлік түйе болып,  
түйекештер зақаз қабылдап колхоздарға, мектептерге  
жүгін тасып, отып түсіріп беріп отырған. Осымен байла  
нысты бұрынғы аты бойынша «түйекеш ауыл» аталатын  
ауылдар да болған. Мысалы: Өкімет орнаған жылдары  
келіп, жеті-сегіз жыл түйекеш болды. Өкімет орнама  
ста бұрынғы кәсібіміз түйекештік еді. Ал соңғы жыл  
дары машинанып, транспорт түрлерінің көбеюіне байла  
нысты «кірейкеш», «түйекеш» сөздері айтылудан қалып  
бара жатыр.

Говорда осы күні көп қолданылмайтын сөздердің  
қатарына «бикәр» сөзін де жатқызуға болады. Бикәр  
сөзінің екі түрлі мағынасы бар. Бірінші мағынасы —  
хап заманындағы он түтіннен бес түтін (семья) бір  
адам жалдап, ханның арығын қазатын адам. Ал екінші  
мағынасы — жұмыссыз адам.

«Бикар барсам жстер,  
Ыңыранып күнім өтер».

Историзмге: есік ағасы (ханның есігін тазартып жүретін адам), уаз айту (сөз сөйлеу), тәкісхана (хаждан жерді сатып алып, үй салатындар, уақып (дін) адамдар үшін пайдаланылатын жерлер) сөздерін дәл жатқызуға болады.

«Мәртігер, қарақал» сөздерін де говорға тән историзм сөздерінің қатарына кіргізуге болады. «Мәртігер» 1914—16 жылдардағы соғысқа алынатын солдат. Мысалы: мәртігер шықты. Біздердің бала кезімізде мәртігерға барып қайттым. Сонда мәртігерден қайтып келгенді туылған бала ғой. Ал говордағы қарақал, қызылқал сөздері де 1914—16 жылдары шыққан сөздер. Қазір олар қолданылмайды. Сол жылдары жастарды соғысқа жіберу үшін байлар шар<sup>1</sup> тастап, «қарақал» түскенде соғысқа алынатын болған да, ал «қызылқал» түскенде соғысқа бармайтын болған. Мысалы: Біздерге байла қарақал түссе де, «қызылқал» түссе де барасың дед. Говордағы «оташы» сөзі бір кездерде ветврач мағынасын білдірген.

Ұстаған шыр айнала қамыс қора,  
Қыс азық малдың аты сырқын, сора  
Емдеуге оташы мен дәрігер жоқ  
Көкжорға<sup>2</sup> шөгіп жатқан талай бота

(З. Тастайбеков). Бұрынғы кездерде говорда жиі айтылатын батпап, сисері, қырқақары, ташмәнке (эпимәнке) дегендердің орнына тонна, центнер, килограмм сөздер жиі қолданылады.

**НЕОЛОГИЗМДЕР.** Тілдегі бірқатар сөздер қолданудан қалып, ұмытылып арханизмге айналып отырса, енді бірқатар сөздер тілге жаңадан еніп, сөздік қорды молайтып, байытып отырады. Тіл білімінде бұнда сөздер неологизмдер деп аталады. Говорда неологизм сөздерді ауыл шаруашылығына, өндіріске байланысты өмірдің қай саласына болса да молынан ұшыратуға болады. Неологизмдер тек белгілі кезеңге дейін ғана неологизм болып, жаңа сөз ретінде тосырқауға ұшырайды да, бара-бара қалыптасып, тілдің сөздік қорына еніп, неологизм болудан қалады<sup>3</sup>. Мәселен, говордағы бір кездегі — «пармол» сөзін алып қарайық. Бұл өңі

<sup>1</sup> Жергілікті жерде шар тастауды қал тастау дейді.

<sup>2</sup> Көкжорға түбінде болатын ауру.

<sup>3</sup> І. Кеңесбаев, Г. Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі, Алматы, 1961 жыл, 157-бет.

дің тұрғындары трактордың алғашқы шыққан, мақтаның қатар аралығын өңдейтін түрін — «пармол», ал, оны жүргізушіні «пармолшы» деп атаған болса, осы трактордың жаңа түрін, 1950 жылдардан кейін, «универсал» деп, жүргізушісін «универсалшы» деп атады. Соңғы кезде сол трактордың жаңа түрі — «ДТ-24» деп аталынып бұрынғы неологизм ретінде кірген пармол, пармолшы, универсал, универсалшы сөздері неологизм қатарынан шығып қалды.

Говордағы неологизмдерге байланысты ерекшеліктер жоғарыдағы келтірілген бірі-жарым сөздерге ғана байланысты ұшырасып қоймай, сөз тіркестерінде де байқалып отырады. Мысалы, өрдір кестіру — квинтация жаздыру не алу: Жиырма бес манатка өрдір кестіріп газетке жазылған боламыз. Сауатымыз болмаған соң, өрдір кес деп сұраймыз почтадан. Өрдір кестіріп алған болса, табылады; Тұрмыстану — жақсару, т. б. Халықтың тұрмыстанып кеткенін көріп қуанып қалды. Өздері пысық адамдар, совхозда екеуі бірден істеп бір жылда-ақ тұрмыстанып кеткенін көріп қуанып қалды; Көп мыңшылар — бірнеше мыңдаған тонна мақта жинайтын адамдар; Көп мыңшылар әректі колхозда құлашын кең жайды, соның арқасында планын мүдесімен бұрын орындады;

**ТЕРІМШІ** — мақта жинаушы адам: Терімшілердің саңы күндегіден көп емес; Көрмес крит — екі адам не үш адам карта ойнағанда қолдағы қалған қағазды білдірмес үшін жерге жасырып қоятын қағаз; Радио тәртіп — колхоздың, совхоздың орталығынан колхозшы, жұмысшылар үшін берілетін арнаулы хабар не ескерту; Радио тәртіп берін бүгін кеште, әйтпесе болмайды; Диуалы газет — қабырға газет; Пахтахана — жиналған мақтаны колхозшылардан қабылдайтын орын; Кеселхана — аурухана; кинохана — кино қоятын үй. Бұл келтіріліп отырған сөздеріміздің барлығы да жергілікті халық үшін түсінікті әрі жиі қолданылатын сөздер.

## БАСҚА ТІЛДЕРДЕН АУЫСҚАН СӨЗДЕР

Бір тілден екінші тілге сөз ауысып отыру бұрыннан келе жатқан заңды құбылыстардың бірі. Бұл құбылыс Қазақстанның оңтүстік аудандарын мекендеуші қазақтардың ауызекі тілінде де белгілі бір дәрежеде орын алған. Бірақ басқа тілдерден кірген сөздердің қайсысының қай уақытта енгенін дәлелдеп айту қиын.



Себебі бұлар бірнеше ғасырдың ар жағында кіріп, тек қана говор емес қазақ тілінің өзіне де етене сіңісіп кеткен сөздер. Бірақ та бұны қай халықпен қай дәуірде қандай қатынаста болғанына қарап, шамалап айтуымыз мүмкін. Негізінен алғанда говордың сөздік құрамындағы басқа тілдерден кірген сөздерді үш топқа бөліп қарастыруға болады: біріншісі — орыс, екіншісі — араб, иран, үшіншісі — көрші отырған түркі тілдерінен енген сөздер.

## 1) ОРЫС ТІЛІНЕН ЕНГЕН СӨЗДЕР

Тұрғындардың ауызекі тілінде, күнделікті тұрмысында ұшырасатын, орыс тілінен енген сөздердің саны мол. Бұлардың ішінде, әсіресе, ауыл шаруашылығына қажетті техникамен, сондай-ақ егістік жерді өңдеуге, техникалық егіндерге, құрылысқа байланысты сөздерді көптеп кездестіріміз. Орыс сөздерінің бірқатары революциядан бұрын ауысып келсе, енді бірқатары Кеңес өкіметі тұсында енген. Қазан революциясына дейін бұл өңірдің қазақтары Қазақстанның батыс аймақтарында болып, орыстармен жиі қарым-қатынаста болған. Сондай-ақ, Қарақалпақ территориясына орыстардың келуімен байланысты да орыс сөздері еніп отырған. Қазан революциясының алдындағы бұл өңірдің қазақтарының орыстармен қатынасының жағдайы осындай. Қазан революциясына дейін орыстардан қазақтардың тілінен ауысқан төмендегі сөздерді көрсетуге болады:

**БАГАРНАЙЫ** — бұл орыстың багряный деген сөзінің дыбыстық өзгеріске ұшыраған түрі болуы мүмкін, кейде пагорнайы болып та дыбысталады. Мысалы: Барлығының пагорнойы бірдей емес пе, айырмашылығы жоқ несіне қызығасын.

Қырсық саны он екі кеткен ыдырап,  
Есіттім жок хабарын шықтым қарап.  
Сұрадым жылқышыдан багарнайын  
Төртеуі сегізінен кетті қысырап. (жұмбақ).

Революцияға дейінгі орыс тілінен енген сөздердің ішінде говорға сіңісіп кеткен сөздердің бірі — бажак. Бұл орыстың «вожак» (қолбасшы, басшы) деген сөзінің фонетикалық варианты. Мысалы: Рустар айтады, бізді апаруға жер, ел танитын бажак керек — дейді. Біздің ата-бабамыз орыстарға бажак болып келген. Жолы

жосығын білмесең алдына бажак керек ғой. Үйіне барсам, баласына ұрысып отыр екен: қашанға дейін алдына түсіп бажак бола берем, — деп. Алдындағы бажакының түрі анау. «Бажак» сөзі орыс тіліндегі мағынасынан ауытқып, жергілікті қазақтар тілінде — «жол көрсетуші» ұғымын меншіктенгендігін көреміз.

Бұл топтағы сөздердің қатарына: кәт — короватъ; нәлік — налог, салық; мәнет — монета т. б. сөздерді жатқызуға болады.

Түркі тобындағы тілдерге орыс тілінен сөз енуі, әсіресе, Қазан революциясынан кейінгі кезеңге тән. Өмірдің қай саласын алып қарасақ та техника өсіп, мәдениеті гүлденіп тұрған дәуірде орыс тілінен енген сөздерді молынан ұшыратуға болады. Говорға орыс тілінен кейінгі кезде енген сөздердің негізгі ерекшеліктері — жоғарыдағы тәрізді дыбыстық өзгерістерге онына ұшырай бермейді. Мысалы, агитатор, пропаганда, пропагандист, район, план т. б. сөздер ешқандай дыбыстық өзгеріске түспей не қазақ әдеби тіліндегідей үгітші, план, насихат, насихатшы, т. б. аударылмай-ақ орыс тіліндегі қалпында айтылады. Негізінен алғанда бұл сөздердің бұндай фонетикалық жағынан дұрыс дыбысталуы мынандай жағдайға байланысты болуы керек. Біріншіден, жергілікті қарақалпақ, өзбек, түрікмендердің жазба әдеби тілдерінің нормасында да, ауызекі тілінде де аударылмай, орыс тіліндегі формасында айтылуы, екіншіден бұл сөздердің көбіне оқыған, орыс тілін меңгерген адамдардың тілінен ғана ұшыратуға болатындығы. Ал жасы егде тартқан адамдар тілінде «пылан», «ырайон» болып дыбысталатыны аян.

Ал, говордағы ендігі бір жиі кездесетін сөздер әтес (отец), төшкі /тошка (точка) сөздері. «Әтес» сөзі орыс тіліндегі мағынасындай, говорда «әке» сөзінің орнына қолданылады. Бірақ, бұл говордың Төрткүл ауданын мекендеуші қазақтардың тілінде ғана жиі айтылатынын баса ескертеміз: Біздің әтестер Сарыкөлді қоныстанған. Ойпырмай әтестің айтқандарының дұрыс екендігіне жана сендім. Әтес қайда кеткен. «Әтес» сөзі Төрткүл территориясын мекендеуші өзбектердің де ауызекі тілінде айтылады.

**ТОШКА** сөзі говорда төшкі болып та айтылып, әдеби тілдегі «репродуктор» немесе «радиоүзел» мағынасын береді. Мысалы: Бір қызынды тошкіден мақтап атар еді ғо. Төшкіде пәлен-пәлен тәртіпті дегенге де мақтанып қалады ғо. Зерттеліп отырған говорымызда

үй құрылысына байланысты ең актив айтылатындардың бірі — орыс тіліндегі «потолоктың» өзгерген түрі — пәтік сөзі. Ол жеке-дара ғана ұшырасып қоймай өзге сөздермен тіркесіп келіп түрленіп те отырады. Мысалы: сылау — үйдің ішкі төбесін сылау; шипәтік — шиден жасалған потолок, бетін млаймен сылайды; пәтіктеу — үйдің ішкі төбесін фанера не шимен жабу.

## 2) АРАБ, ИРАН ТІЛДЕРІНЕН АУЫСҚАН СӨЗДЕР

Араб, иран тілдерінен енген сөздердің көбі діни ұғымдарды уағыздауға, дін иелерінің үстемдігін, үстем-тантардың беделін нығайтуда ел ішіндегі қожа-молдалардың көмегімен тараған. Екінші бір көзі — саудасаттықтың аркасында тікелей араб, иран тілдерінен емес, солармен байланыста болған басқа түркі халықтары арқылы ауысқан сөздер. Сондықтан да қазақ тілінен гөрі араб, иран сөздері өзбек, тәжік, түрікмен тілдерінің сөздік қорында мол ұшырайды. Осыған орай, зерттеліп отырған қазақ тілінің басқа говорларына қарағанда көп.

Біз бұл жерде тек қана говорда қолданылатын, сондай-ақ қазақ тілінің кейбір говорларында кездесетін сөздерді көрсетіп өтеміз:

Жәмі — барлығы, бәрі; жікті — өте, аса; гүллі — барлығы; шерік — ортақ; шайыр — акын; талауыт — өзгешілік; ифлас — лас; Жүрген жерінде ифлас етіп жүреді; Мәсуек — шалдардың тіс ысатып ағашы; сондай-ақ ітібар — көңілге алу; зүрәт — өнім; тәрәп — бағыт (строна); уакня — оқиға; зінә — күнә; ариза // арза — өтініш; дәрежә — дәреже; уакып — дін иесіне тиісті жер; Ғам — қайғы (ғам кеуіл — қайғылы адам). Кәтқұда — жасы үлкен, бәлгілі, абройлы адам; Қәләндер — қайыршы; лаф — асырып айту; пайапыз — аяқ көпір; шөпкер — қамыстан салынған үй; Зийкеш // ізейкеш — жер астының суларын тартатын арық; күшен — қамыт, кепше — күректің кішкене түрі; бел — күрек; дайы — нағашы; зембер — нәсілжа; шөже — тауықтың балапаны; мүштай — жұдырықтай; мөгәс — есі жоқ адам; мәрдикәр — 1916 жылдары қаражұмысқа алынған адам (парсыша: мард — ер адам; қар — кәсіп, жұмыс), дуутар — домбыра; бәлент — жоғары; ширін — тәтті; абадан — молшылық; дос-яран — дос-жар; Бәһәр — көктем; меҳрибан — мейірімді, қайырымды, пахта — мақта; биқар — жұмыссыз; пешман — үйдің

қабырғасын соғушы шебер, тарашман — үйдің қабырғаларын тегістейтін адам; ғилмала — темір қалақ; тәнепіс — үзіліс; лақаб — атак, қызмет; қассап — мал соятын адам; Елат — ел-жұрт; күзе-құмыра; намы — аты; ұстыхан — табақтағы етті турағанда дастарқан басында отырғандарға берілетін еті бар сүйек не жеп отыратын ет т. б.

## 3) ТҮРКІ ТІЛДЕРІНЕН ЕНГЕН СӨЗДЕР

Туысқан халықтардың арасындағы жан-жақты байланыстардың нәтижесінде басқа халықтардан тек қана қазақтардың тіліне емес, кейбір жағдайларда қазақтардың тілінен басқа тілдерге де сөз ауысып отыру процесі кездеседі. Мысалы, зерттеліп отырған территорияны мекендеуші түрікмендердің ауызекі сөйлеу тіліндегі кейбір сөздер қазақ тіліндегі тұлғасына жақын айтылады. Жергілікті түрікмендердің тілінде — ата, бырак, бойдак, килт; өзбек әдеби тілінде — ота, брок, буйдок, калит; қарақалпақ әдеби тілінде — ата, бырак, бойдак, гилт, қазақ әдеби тілінде ата, бірак, бойдак, килт; Бұл сөздер түрікмен әдеби тілінде — кака, әмма, салмак, ачар<sup>1</sup> болып айтылады.

Говорға туысқан қарақалпақ, өзбек және түрікмен тілдерінен ауысқан сөздерден мыналарды көрсетуге болады.

Ағзы — аузы; асаслану — негізделу; бардамлы // құркын — күйлі (состоятельный); бежеру — орындау; бинайда — пайдасыз, босқа жүру; бихуш — ұйқысырау, маужырау, көңілсіз (менін айтқан гәлімді бихуш тыңлады); битап — ауыру, сырқат; бималал — асықпай (түске дейін бималал жетуге болады); Гүррің — әңгіме; пітжак — кетежак; догішпе — күлкі, әзіл; дәрема — әлауқат; дасмалшы — жағымпаз; идагерлік — естелік; каш — мәтке, ғұрлап // құллап — топса; жылмала // ғилмала — үйді сылайтын темір қалақ; ізейкеш — дренаж; пота — әйелдердің орамалы; ыбырық — құмыра; манғал — шалғы; чалым беру — ұқсау; чанақ — тостаған; егер — ер, зүрәт — өнім; портау — тын жер; гөш — ет (мясо); пеште — шыбын; байлы тұру — байлаулы тұру; башартпау — бағынбау; гүпорта — түс кезі; аңына келу — өсіне келу; һәккә — сауысқан; зәңгі — баспалдақ т. б.

<sup>1</sup> С. Аразкулыев. Аталған еңбек, 208-бет.

Бұлардан басқа көрші тілдердің әсерінен пайда болған арық — атыз, жеміс — жидек, құрылыс т. б. байланысты ортақ сөздер де жиі кездеседі.

Сөйтіп, бұл говор Қазақстан территориясындағы говорларға қарағанда көрші тілдерден ауысқан сөздердің молдығымен көзге түседі.

Говордағы араб, иран тілдерінен енген сөздердің мол болуын да өзбек, түрікмен және қарақалпақ тілдерінің әсерімен түсіндіруге болады.

### Сәйкесті және сәйкессіз диалектілік ерекшеліктер

Говордың лексикасында кездесетін жергілікті ерекшеліктер әр сипатты болып келеді. Лексикалық ерекшеліктеріміздің бірқатары қазақ тілінің басқа говорларында кездессе, енді бірқатары оларда ұшыраспайды. Демек, говордың өзіне ғана тән ерекшеліктермен қатар басқа говорлармен ортақ болып келетін сөздер де бар. Қазақ тілінің басқа говорларында ұшыраспайтын ерекшеліктер сәйкессіз (непротивопоставленный)<sup>1</sup> делініп аталады да, зерттеліп отырған говормен бірге қазақ тілінің басқа говорларында кездесетін мағынасы бір, бірақ басқаша айтылатын сөздер сәйкесті (противопоставленный) диалектизмдер деп аталып жүр.

Сәйкессіз (непротивопоставленный) диалектизмдер негізінен алғанда белгілі говорда мынадай жағдайларда пайда болатыны байқалады. Бірінші, сол жердегі өнеркәсіп не шаруашылық түрінің басқа жерде болмауынан, екінші — әдет-ғұрыпқа, не көрші тілдердің әсерінен пайда болған диалектілік сөздердің басқа говорларда кездеспеуінен туып отырады.

Зерттеліп отырған говор өзінің лексикалық құрамы жағынан, қазақ тілінің басқа говорларыны былай қойғанда, Қарақалпақстанның солтүстік аудандарын мекендеуші қазақтар тілінен өзін бөле көрсетерлік ерекшеліктерге ие. Бұның басты себептерінің бірі — оңтүстік пен солтүстік аудандарының шаруашылығындағы айырмашылық болса, екіншіден солтүстікте қарақалпақ пен қазақтар ғана тұрса, оңтүстікте өзбек, түрікмен, қазақ, қарақалпақ ұлттары аралас-құралас мекендеген.

Сәйкессіз диалектизмдерге мына сөздерді телуі болады:

Бірлеме // үшлеу — жаңа шығып келе жатқан мақтаның қатар арасын сиректеу немесе үшеу-үшеуден қойып, артығын жұлып тастау: Бірлеменің өзі үлкен компания оқушыларға; Көлше — атыздың кішкене түрі: Бір көлше жоңышқа бар еді; Көнек — жүгері дәнінің ұшындағы қарайып тұрған жері; Ұстте — жоңышқаның бауланбағаны; Дүрішті — қолда ұстайтын малға майдаланып берілетін шөп; Ыраш — арықтың жағасы (орнеу); Ізейкеш — жердің ызғар суларын екінші бір жаққа тарттыру үшін қазылған арық; Ізейкеш қаздық, ақырда тұрды; Шығыр салма — шығырдан шыққан су жүретін арық.

КІНДІҚ САЛМА — кішкене арықтың түрі; Салма — атыздардың арасына су алып баратын кішкене арық; Қарық // жоя // тап — мақтаның қатар арасындағы су жүретін арық; Көндекші — үй салғанда лай жасайтын топырақты босатушы; Атақ — үйдің қабырғасын қалауға дайындалған арнаулы лайды қалайтын адамның қолына күрекпен алып беріп тұратын адам; Пешман — атылған лайды (балшықты Б. Б.) құйып тұратын адам;

ТАРАШМАН — салынған үйдің қабырғаларын тегістейтін адам. Кепше — үй саларда балшық жұмысына пайдаланатын темір күректің кішкене түрі. Біздің бұл арада көрсетіп отырған сөздеріміздің барлығы да оңтүстік аудандарда үй құрылысына байланысты қолданылатын сөздер. Солтүстікте кірпіштеп не шөпкерден үй салу әдетке айналған. Жоғарыдағыдай сөздердің айтылмауы осыған байланысты. Ал, оңтүстікте (өңгіме болып отырған говорда) үйді бес-алты адамнан құралған шеберлер бригадасы салады. Үй салатын адамдардың басшысын — «бас ұста» десе, оның жәрдемшісін «пешман» дейді, ал, «ылайкеш» деп көмекке келген адамды айтады. Сондай-ақ, үй салу ісіне байланысты айтылатын «гүлтараш» сөзі — үйдің қабырғасының сыртқы бетіне ойып салатын нақыш; гөләгір үйдің төбесін жауын өтпес үшін қалың етіп балшықпен бастыру; Шипотік // қарсы сылау — үйдің төбесіне салынатын ағаштарды көрсетпеу үшін ши қағу; Тарағаш — қуыс, үйдің ішкі екі қабырғасының қосылысқан жеріне бекітілген ұзындығы бір не бір жарым метрдей ағаш үстіне майда-шүйде, киім-кешек қоятын жор; Төмбі ағаш — үйдің есігіне іштен тіреп қоятын ағаш. Бұл — кей жерде қабырғаны қалағанда оның арасына қосылып салынады да, арнаулы тесіктер арқылы ағашты жылжытып, есік-

<sup>1</sup> Ш. Сарыбаев, Қоқиғатау облы. Шүчинск. Еңбекшілер ауд. тартып қазақтардың тіліндегі кейбір лексикалық ерекшеліктер, КТ мен ДМ, 3-шығы, Алматы, 1960. 56-бет.

ті бекітін қояды. Шырапая — майшамның астына қоятын ағаш.

Көрші тілдердің ықпалынан пайда болған мына төмендегі сөздерді де қазақ тілінің басқа говорларынан ұшырату қиын:

КЕСЕБЕНТ — ауру. Қазір әкесі аят, бірақ кесебент көбірек болды;

САРАМАС — сары ауру (орысша желтуха): Сарамасқа ұшырадым да күш қайтты. Сарып — сай-сүйегі сырқырап ауыру (бурцеллез). Өжек — бұзау: Өжек неше жылда туады. Сиырдың өжегі болса, бес кило сарымай пылан салынды.

Сәйкесті диалектизмді мынандай топтарға бөліп қарастыруға болады.

Ыдыс-аяқ пен құрал-жабдықтарға байланысты: Ныс // лауабы // лауак — кесенің үлкен түрі. Бұл сөз қазақ тілінің Арал говорындағы — сапар; Көкшетау обл. Шүчинск, Еңбекшілер ауд. — литр кесе; Қарағанды облысының Ұлытау ауд. — сапар кесе, Орынбор қазақтарының тілінде — түіе кесе, Балқаш көлі маңындағы қазақтардың тілінде — жалаң кесе, литр кесе; Түрікменстандағы қазақтарда — кілә кесе; Алматының Шелек ауд. — ақпар болып айтылады.

ШАНАҚ — тостаған. Кейде тарелканы да «шанақ» деп атайды. Қайып бастықтың уақытында той беріп, жегенін жеңді, жемегенін табақ пен шанаққа салып кетті. Говорда «шанақ» сөзі: «шанақтай қылып он сом бердім қолына», «шанақтай он манат» деген тіркестерде де қолданылады. Әдеби тілдегі «тостаған» сөзі: Түрікменстандағы қазақтардың тілінде — көзгелдек; маңғыстау говорында — көзенек; Мақаншы ауд. — ләреп; батыстың кей аудандарында — ая қалыңда қолданылады.

КҮРТІК — етке салатын нан. Қазақ тілінің Шу говорында — камыр; батыстың Есбол, Қазталовка ауд. — інкәл; Көкшетау обл. Шүчинск; Еңбекшілер ауд. — құлақпан: Ұзынағашта — кеспе.

СІПСЕ — сыпырғыш. Бұл сөз Қарақалпақстанның солтүстік аудандары мен Түрікменстандағы қазақтар тілінде де бар. Маңғыстау говорында — сібірткі; Орынбор обл. Адамов, Бүрте ауд. — шылауш.

ӘТЕШКҮР — шымшуыр. Қарақалпақстанның солтүстік аудандарында — әтөшкір; Түрікменстан қазақтарында — әтішкір; Арал говорында — көсеу; батыстың Чапаев Жымпиты, Шевченко, Жәнібек ауд. — мәстемі; Ақтөбе обл. Қарабұтақ ауд. — жәмке.

БӘДІРЕН — қияр. Бұл сөз Шығыс Қазақстанның Болышепарым ауданында, Семей обл. Абай, Шұбартау ауд. — әгүршік; Көкшетау экс. материалдарында — әгүршік; оңтүстік говорларда — бәдірен болып айтылады.

ЖАБА // темір жаба — шөп үйетін айыр. Орынбор обл. Адамов, Бөрте аудандарында және Ақтөбенің Қарабұтақ аудандарында — сепек; Жамбыл обл. Сарысу ауд. — бесақы; Шығыс Қазақстан обл. Болышенарым ауд. — айырағаш қалпында кездеседі.

АТАҰЫЗ — шеге суыратын құрал; Жамбыл обл. Сарысу ауданында және Шымкент обл. Арыс говорында — кемпірауыз; Ақтөбе обл. Қарабұтақ ауданында — атауыз. Семейдің кейбір аудандарында (Мақаншы, Ақсуат, Көкпекті т. б.) — жылқыауыз. Сөйтіп сәйкесті диалектизмдердің сыйпатты белгісі — бір ұғымның әр жерде әртүрлі сөздермен берілуі.

## ГОВОРДАҒЫ СӨЗДЕРДІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ТОПҚА БӨЛІНУІ

Лексикалық ерекшеліктер Қарақалпақстанның оңтүстік аудандарында тұратын қазақтар тұрмысын жан-жақты камтиды. Олардың ішінде күнделікті шаруашылықта қолданылатын зат атаулары; іс-әрекеттерді, түрлі құбылыстарды, сындық белгілерді білдіретіндері көп-ақ. Оларды сол мағыналарына қарай топтап көрсету қажеттілігі туады. Осыған орай, ең алдымен, екі бөлімге жіктеп көрсетпекпіз. Біріншісі — сол жердегі халықтың барлығына бірдей түсінікті, кең көлемде қолданылатын лексикалық топтар болса, екіншісі — шаруашылықтың белгілі бір саласымен шұғылданған адамдар арасында кездесетін кәсіппен байланысты пайда болған, дәлірек айтсақ, кәсіби лексика-семантикалық топтар.

Осылай бөле қарастырсақ та, мұның өзін шартты түрде жіктеу деп түсінген жөн. Өйткені, кәсіби сөздердің дені сол жердегі тұрғын қазақ халқының барлығына берлік түсінікті дәрежеге жеткен.

Бұл екі топтың әрқайсысын іштей бөле көрсету тағы бар. Бұлай ажыратудың да өзіндік себебі болып отыр. Зерттеу жұмысының қосымша бөлігі саналатын сөздікті бұл кітапқа кіргізу мүмкіндік болмағандықтан осылайша топ-топқа бөліп, осы говорға тән дәстүрлі сөздердің кейбіреулерін тізіп, мағынасын түсіндіруге келгенде мысалдар берумен шектелуге тура келіп отыр.

Тұрғындардың бәріне түсінікті сөздер мынандай белгілермен тұрады:

### Ас-тағам түрлеріне байланысты сөздер

**ПӘТІР** — май мен камырды илеп, ішіне асқабақ сия т. б. қосып тандырға жауып пісірілетін нан.

**ПӘТІРЕК** — пияз бен жүгері ұнып қоса отырып қазанға пісірілген нан.

**ҚАТЫРМА** — жүгері не бидай ұнынан жасалынып қазанға қатырылып (келтіріліп алғаннан кейін), пештің ішіндегі шокқа қалып пісіретін нан. Говордағы келтіріліп отырған нандардың формалары мен түрлері бір-біріне ұқсас, тек қана даярлану мен пісірілуінде ғана айырмашылық бар.

Семей обл. Мақаншы аудандарында бөтер — табаға салып пісірілген нан; Абай, Шұбартау, Көкпекті, Ақсуат аудандарында біз енгізе егін отырған — пәтір, пәтірек. қатырма сөздері — карма, қатырма аталып, қазанға қарып пісіретін нанды ұғымдырады. Ал осы сөздер Көкшетау облысының Қызылту ауданында — батыр, облыстың Шучинск, Еңбекшілер аудандарында — қактама; Шу говорында — бәтір түрінде ұшырасады.

Жоғарыдағы нанның түріне байланысты келтіріліп отырған пәтір, пәтірек сөздерді осы территорияны мекендеуші түрікмендердің тілінде — пәтірек // пәтірек түрінде айтылады. Бұл сөздер қарақалпақ тілінде — пәтір, пәтір нан (Қарақалпақско—русский словарь, Москва, 1958, 528-бет), өзбек тілінде — пәтір (Ўзбекско—русский словарь, Москва, 1959, 322-бет) болып келеді.

**ТАПАНАН** — табаға салынып, отқа көміліп пісірілген нан. Бұл Шу говорында — көмбеш, Қарағандының Шет ауд. — дуанан болып айтылады.

**ШҮРЕК** — бидай ұнынан жасалынып, тандырға пісірілетін нанның түрі. Бұл сөз өзбек тілінде «чуррак» түрінде айтылады (Ўзбекско—русский словарь, Москва, 1939).

**ЗАХАРА** — жүгері ұнынан пияз және асқабақ қосып жасайтын нан. Бұны да тандырға жауып (жабыстырып) пісіреді. Бұл сөз түрікмен тілінде «зағара» түрінде айтылады.

**КҮЛШЕ** — отқа көміп пісірілген нан.

**КӨМЕШ** — бұл да отқа көміп пісірілген нан. Күлшө көлемі жағынан көмештен әлдеқайда кіші болады.

Нанға байланысты еске оралатын нәрсе — әдебиетіндегі жұмсақ, жана (свежий) нан деген сөздің орнына говорда «боспан» делінеді. Мысалы: Әмет, боспан неге жей бермейсің. Боспан болса алын хал, болмаса көрегі жәк.

**ПІЛІСТЕУ** — нанның көгеруі.

**НАНЖАПНАН** // қазан жаппай — камырды қазан ішіне толтыра жабыстырып, жерге қазылған ошақтың бетіне қазанды төккеріп пісірілетін нан.

Бауырсақтың екі түрі бар. Қыяқша егін пісірген бауырсақ — «постык» деп аталады, ал дөңгелек кішкентай бауырсақты «шн бауырсақ» дейді.

**АРШУ** — ашыту: Камырды аршығаннан кейін пісіру сөздері. Камыр аршып кетіліп.

Говордағы тағамға байланысты ерекшеліктердің енді бірі тобы тағамға салатын нанға байланысты.

**ЗУАЛАУ** — пілген камырды жаюға дайындап, бір-біріне бөліктерге бөлу. Бұл сөздің түбірі — зуала. «Зуала» сөзі Шу говорында да кездеседі. Ал, Қарағандының Шет ауданында бұның орнына «күлше», «күлшестай» деген сөздер қолданылады.

**ҰЛПА** — ұнның елеңген түрі. «Ұлпа» деп говорда көбіне жайылатын камырдың астына себілетін ұнды айтады.

**КАНЫС** — бидай ұнынан май салып жасалған тағамның түрі. Бұны етке салатын нан сияқты кесіп-кесіп еттеді.

**ҰНАСЫ** — бидай ұнынан жасалған ұзып, жіңішке егін кесілген, ішіне сүт не айран катып істеген тағамның түрі. Бұл кеспеге сәйкес.

**ҰЗБЕН** — көлемі бармақ басындай етіп, жүгерінің камырынан үзіп жасалған тағам. Бұл етпен де, айраумен де қосылып жасалады.

**КҮРТІК** — етке салынатын нан. Көбіне жергілікті жерде «күртік» деп етке жүгері ұнынан жасалып салынған нанды айтады.

**НАНСОРПА** — етті турап, картоп т. б. қосып, піскеннен кейін ішіне тандыр нан турап ішетін тағамның түрі.

**АУКАТ** — тамақ, ас.

**БӨКПЕН** — майда ұннан жасалған қою тағам (қанша).

**БЫЛАМЫҚ** — жүгерінің жармасынан жасалған тағам. Бұған айран қосып ішеді.

Быламық ішейін деген асым ба еді,

Сексен бес көрейін деген жасым ба еді?

**АШЫҒАН** // ашытпа — ыстықта сусын орнына ішетін көженің түрі. Көженің бұндай түрі Семей облысының Абай, Шұбартау, Көкпекті және Ақсуат аудандарында — шикі көже деп аталады.

**ШӘЙМА** — сұйық тағамдардың бір ішуге жарарлықтай мөлшері. Табаққа құйылған жарма т. б.

Жар болғайсың жаппар-ақ,  
Төбіренгейсің тіл мен жақ.  
Төрт шәймалық дөнге  
Екі мың теңге болып-ақ  
Болып кетті бибәһә (фольклор).

Жергілікті тұрғындардың арасында «шәйма» сөзіне байланысты «шәймға келтірмеу» (әне-міне дегенше, тез жылдам) деген тіркес те бар. Мысалы: Сатыбалды оны күрескенде шәймаға келтірмейді. Мен де оны шәймаға келтірмеймін, шарттасам.

**АЛҚАС** — бір тағамды, екінші бір тағаммен қосып жеу: Шәймға алқас қылғандай үйінде не бар, әкелші. Тураған етпен әзірінше алқас қыла беріндер.

**ҚОЛЫНА НАН БЕРУ** — тандырға нан пісіргенде екінші бір адамның нан жабушының қолына қамырды алып беріп тұруы: Шәрипаның анасы болса айт, қолыма нан берсің. Қолыма нан бергендей басқа адамның түрі жоқ.

**ШОРПА** — етпен пісетін тағам. Жергілікті тұрғындарда «ет жегім келді» деудің орнына көбіне «шорпа ішкім келеді», «ет асайын» деудің орнына «шорпа істейін» деу тән.

**ТУРАМА** — етті нанмен қосып, турап жеу. Турама — көбіне жүгері қамырынап жасалған наннан істеледі. Турама — етке байланысты тағамдардың ішіндегі ең сүйкімдісі, тураған етті сорпасымен қосып араластырып береді. Тағамның бұл түрі қазақ тілінің Арыс говорында — «тураған» болып айтылады.

**ҰСТАҒАН** — етті турағанша дастарқан басындағылардың жеп отыратын, еттің сүйегі бар бөлшектері. Сүйек болмаса, еттен береді. Бұл сөз қазақ тілінің арақ говорында да ұшырасады.

**ЖЫЛЫТПА** — түңгі тамақтан қалған ас. Бұның аты оны жылытып ішуге байланысты. Қазақ тілінің оңтүстік говорларының біразында бар.

**ҚАРМА** — говорда қарманың екі түрлі мағынасы бар. Бірінші мағынасы — балықтан жасалған тағам. Балық піскеннен кейін оның сүйектерін алып, сорпадан сүзіп алған нанмен араластырып, қарма жасайды. Ал, екінші мағынасы — етсіз пісірілген күріш. «Қарма» сөзі Қазақстан территориясындағы кейбір аудандарда да кездеседі. Мысалы, Семей облысының Абай, Шұбартау, Көкпекті, Ақсу аудандарында — қазанға қарып пісірілген нанды білдірсе, Шу говорында — бидайды не жүгеріні қуырып, днірменге тартқан жармасын білдіреді.

**ШАЛАУ** — өзбектің ең жақсы тағамы. Қазақтар да жасайды. Ет, жуа, сәбіз, күріш, май, бұрыш және «биі» деп аталатын жеміс қосып бір жарым сағат қайнатады. Күріш соңынан, жарты сағат кейін салынады.

**ШӘЙХАНПІЛ** — тауықтың ішіне үш шикі жұмыртқа жарып салып, қызыл не қарабұрыш қосып ұзақ қайнатылатын тағам, сүйектерін сүзіп алып, әр адамға үлкен кесеге салып береді.

**ҚАРАШЫҚ** — палауға салатын ет, жемістер. Палаудың тәтті болуы оның қарашығына байланысты.

**ТАҚАН** — талқан. Қара таған — тарының кебегінен істелген, ішінде сөгі бар талқан; Жиде тақан — жидектен жасалған талқан. Талқанның бұдан басқа да түрлері көп. «Қара таған ханның асы, жиде тақан шөптің басы (мақал); тақан шайысу — табактас болу. Әкең тақан шайысқан жорам еді, балам. Тақаны тартып тұру — несібесі тартып тұру.

**СҮМЕЛЕК** — алғашқы көгеріп шыққан арпа не бидайдан істелетін ерте кездегі быламық тәрізді тағам түрі. «Сүмелек» істеу үшін, үйде құтыға бидайды көгертіп март айларында содан істейтін болған. «Сүмелек» сөзі қазіргі кездерде құстар үшін істелетін жем мағынасында жұмсалады.

**АҚ МАЙ** — өсімдік майы (мақта майы).

**ГҮНЖІМАЙЫ** — гүнжіден алынған май.

**ШЕКИДЕ** — сүзбе.

**ТОРАҚ** — қайнатылған сүзбенің меске салып, кептірілген түрі.

#### Ыдыс-аяқ аттарына байланысты сөздер

**ШИШЕ** // шыйша — бутылка.

**ЛАБАБЫ** // лауабы // лабак // лауақкәсә // лумкесе // нымкесе — кесенің үлкен түрі.

**ШӘЙКЕСЕ** — шай ішетін кесе.

ПИЯЛАЙ — шай ішетін тұтқасы бар, астына төрелке қойылатын ыдыс.

ТАҢҒАН // қара құмған — құмап.

ДҮМШЕ // түмше — қаңылтыр темірден жасалған құмап тәрізді ыдыс.

КІРІЛЕГЕН — кір жуатын леген.

ШӨНІЛ // сарқұм // қолша — кружка.

САПТЫ АЯҚ // қол бакыр — ішіне бір жарым, екі литрдей сүт құйып пісіретін ыдыс. Түрікпенше — «лекки».

БАДІЯ // тауық — тастан не ағаштан жасалған табақ.

ЗАҒАМА // кепшік — дәнді шөп-шарынан тазалайтын ыдыстар. Зағама — фанера тақтайдан, ал, кепшік — мал терісімен түптеліп істеледі.

ШАНАҚ — төрелке. Тостаған қайып бастықтың уақытында той беріп, жегенін желі, жемегенін табақ пен шанаққа салып алып кетті. «Шанақ» сөзінің говордағы екінші мағынасы — қауын-қарбыздың тұқымын егетін ұя. Говорда «шанақ» сөзімен байланысып келетін шанақтай қылып, «шанақтай оң манат» т. б. тіркестері жиі қолданылады.

ҮЛПЕК // елгезер — үл елейтін елеуін.

ДӨНЕЛЕК — астық елейтін елеуін.

ШӨМІШ — ожау, қасықтың үлгі түрі.

КЕЛКІР // қалақ — піскен тамақты сүзетін темірден жасалған тесік ожау.

ШОЛПЫ — тамақты сүзуге пайдаланатын тал, шыбықтан жасалған құрал.

СҮЗЕГІ — сүт т. б. түзетін елек тәрізді құрал. Дөкеден жасалады.

ДАСЫМАЛ — қазан жуатын шүберек.

АЯҚАП // керме — ыдыс-аяқ салып қоятын алашадап жасалған қап тәрізді ыдыс. Бұл сөз қазақ тілінің Семей облысының Көкпекті, Ақсу, Шығыс Қазақстанның Большенарым аудандары және Қошағаш қазақтарының тілінде «Кереқап» болып айтылады.

#### Үй шаруашылығында қолданылатын жабдықтар атауы

ЕТШАБАР — кішкене дөңгелек етіп кесілген ағаш. Бұны еттің сүйектерін шапқанда астына қояды. Немесе ірі малды сойғанда етің бөлу үшін қолданады. Етшабардың үстіне пәтінкінді қойыпсың ғо.

ОТШАБАР — ірі ағаштарды не жыңғылдарды

ке жағуға ыңғайластырып майдалағанда астына қойылатын ағаш.

КҮЛДӘН — құл салғыш (пенсэньница). Бұл жергілікті өзбектердің тілінде де «күлдән» болып айтылады.

КҮКІРТ — сіріңке. Өзбектерде — «гүгүрд».

АСТАХТА // наптактай — үстіне нан жаятын тақтай.

ГҮЛӘБІ ТАҢДЫР — нан пісіретін пештің түрі.

ШАБАДАП — қалы кілем не алашадан тігілген ішіне сәйлек-көпшек салып қоятын ыдыс.

АРША — сандық.

КҮРСІ // отырғыш — орындық.

ЖҮКАЯҚ — үстіне көріс-төсек жинап қоятын ағаштан жасалған стол.

ТАҚ // кәт — кровать. Балам балыйсада (большица) жатыр, тахтан жығылып қала ма деп қорқамын.

СОЗБА — резинка: Кішкентай малбарында созбасы бар. «Резинка» деп жергілікті жерде — ботинканың қитанын айтады.

ТҮҢГІР // дүңгір // битоя — май, керосин құятын ыдыс.

АШАР — отвертка. Пышақ болмайды, бұған мәшіннің ашары керек.

ҚАЗЫБАМ // кепкір — отқа көмір салатын не пештің құяғы шығаратын темір күректің кішкене түрі: Бибі, үл кепкір жоқ па, көмір салайық.

ШӨККІШ — балға.

ӨТЕШКҮР — шымыуыр. Батыс Қазақстанда — «мәс-темір», «маса темір» деп те айтады.

ЖУАЛДЫЗ — алаша, түйенің жазысын тігетін тебен.

ҚАНТҚАЙШЫ — қантты ұсататын құрал.

ШАҚҚЫ // шаппа — бөкі (бүктеме пышақ).

МОЙНАК — пышақтың мойнындағы сақинасы.

ШҮТІК // шүтік шыра — шынысыз, пияласыз шам.

МӘНЖІРЕ // пәнжіре — шамның шілтері.

ЖЫЛТЫРАҚ ШАМ — бұрынғы кезде мал майымен жағатын шам.

ЛАМПА // шиша // шыра шыйша — шамның шынысы.

ПІЛІК — шамның білтесі. Жергілікті тұрғындардың арасында «пілігі кеміс» деген тіркес те ұшырасады. Бұл сөз кейде «ақылы кем» ұғымында да қолданылады.

КЕРПЕЙ — самовардың трубасы.

КӨРІК // оттық — самовардың от салатын жері.

ТӨБЕЛДІРІК — самовардың төбесіндегі шәйнек қоятын бөлігі.

**ӨШІРКІШ** — самовардың конфоркасы. Бұл сөз, Ж. Болатовтың көрсетуі бойынша, Шығыс Қазақстанда — «кампорке», «кампорден» болып айтылады да, оңтүстік облыстарда «кемпірек» деп аталады.

**ДӘЛЕНГІ** — отын үшін даярланған ағаш.

**ШҮЙ** — шеге.

**ТЕМІР ҚАЗЫҚ** — темірден соғылған қазық. Бұл арқандалатын малдың арқанының ұшында болады. Кез келген жерге сұғып арқандап кете береді: Темір қазық бар еді, алдындар ма?

**ОТҚОРАЗ** — жел диірмен (молышца). Дәнді отқоразға салу — «диірменге тарттыру» ұғымын береді.

**СЕБЕТ** — пан т. б. азық-түлікті салып қоятын майда шыбықтан не талдан тоқылған корзинка. Себеппен себет арбаға мінеді (мақал).

**ДАРАҒАШ** // тарағаш — үйдің ішкі бұрышындағы екі қабырғасына бекітілген ағаш. Үстіне киім-кешек қояды.

**ШЕҢГЕК** — үйдегі ондай-мындай заттарды іліп қоятын аша ағаш немесе иілген сым.

**ШЫРАПАЯ** — шамның астына қоятын ағаштан жасалған ұзынша келген орындық.

**ПИШАХАНА** — Масадан қорғану үшін тігілген шымылдық. Бұл сөз Сырдария ауданында — масахана.

**ТЕРМЕ АЛАША** — алашаның өрнек салып тоқылған түрі.

**ТҰС АЛАША** — алашаның тұсқа ілетін түрі.

**ТҰСҚАЛЫ** — кілемнің тұсқа (қабырғаға) ұстайтын түрі.

**КИІЗ ЖАСТЫҚ** — ішіне таза киімдерді салып қоятын киізден тігілген жастық.

**ҚАШАРЫ** // қарала алаша — алашаның түрлері. Бұлар төсек үшін пайдаланылады.

**САФИН** — көкнәр сүзетін марля немесе сирек тоқылған селдір мата.

**ТЕКЕНЕ** // сіле шүберек — марля: Текенемел сүт, су сүзеді, пишахана болады.

**ПЕШҚІР** — фартук, халат.

**ЖАЮ** — тігілмеген, еңдей тұрған алаша тәрізді тоқыма.

**КАНАР** — қаптың үлкен түрі. Қап толды, канар толды, дорба сағап не болды.

**ҚОЛДОРБА** // айпақалта — киім-кешек салып, іліп қоятын қалта. Бұның «бұқша» деген түрі тағы бар.

**КЕНЕПҚАП** // қалта қап — қаптың кішірегі.

**КИРА** — қамыстан тоқылған төсек.

**ШЫРЫМТАЛ** — жеке өсімдігінен жасалған жіп.

#### Киім-кешекке байланысты сөздер

**ТОПЫ** — жас балаларға мақта салып, сырып тіккен бас киімі. Бұл сөз жергілікті өзбектердің тілінде жиі айтылады. Тұрғындардың тіліне осы тілден ауысқан.

**ШОППАШ** — ерлердің жаз айларында немесе от басында киіп отыратын бас киімі. Бірқатар говорда «шоппаш» деп жастардың киетін папағын да атайды.

**БӨРІК** // құраш // шөгірме — жасы үлкен ақсақалдар киетін бас киімнің түрі. Көлемі жағынан үлкен, дөңгелек қалпында болады. Бір қозының сепсең терісінен істелседі. Бұлардың ішінде «құраш» қарақалпақ тілінен ауысып келсе «шөгірме» өзбек, түрікмен тілдерінен енген.

**ДАЛБАЙ** — түлкі терісінен тігілген үлкен тымак.

**МАЛАҚАЙ** // тымак — құлақшын. Бұлардың ішінде «малақай» сөзі тұрғындардың ауызекі тілінде жиі айтылады. Малақай сөзі осы өңірдің қазақтарында ғана айтылып қоймай, қазақ тілінің басқа говорларында да айтылады.

**ПОТА** — әйелдердің басына тартатын орамалы. Жергілікті тұрғындарда бұны жүннота, простой пота (мақтадан) деп бөледі.

**ІЛЕШЕК** — әйелдердің, әсіресе, жасы егде тартқан әйелдердің басына орайтын жаулығы.

**СЫРМАҚ** // күпайкі — мақта салынып сырып тігілген киім.

**ҮШКҮЛ** — көйлектің кеудесі мен жеңін біріктіргенде қолтыққа қойылатын төрт бұрышты киық.

**ЖАУ КИІМ** — жұмыс киімі: Жау киімді киіп кетсейші, пахта барсан. Жау киімді киіп қайда шықтың?

**СУ ЕТІК** — резина етік.

**ЖҮЛЫҚ** — мәсі қонышының ернеуіне тігілетін түрлі түсті былғары.

**МӨКІ** — түйенің мойын терісінен тігілген кебіс.

Жабағы күсіп алған шидем күпі.

Қыс киім еді мойнақ киген мөкі.

(фольклор)

«Мөкі» сөзі — «кебіс» мағынасында Маңғыстау говорында ұшырайды.



## Әдет-ғұрыпқа байланысты сөздер

**ПЕШЕ** — әдет: Оның пешесі.

**ДӘСТІ** // үріп-әдет—әдет-ғұрып: Қазақтың үріп-әдетілерін білмейміз. Бір дәсті де жүні бір-біріне қосылмайтын асыл теріден сатып алып шөгірме киеміз.

**ЖЫҒУ** — киейтесі шығыңға ұшыраған адамға берілегін көмек. **АС-АБАТ** — **АС-ТОЙ** т. б.: Ас көп болса, ас-абат көп.

**ЗИЯПАТ** — отырыспа. Белгілі бір адамдардың бірін-бірі кезекпен шақырысып отыруы.

**ТОЙХАНА** — той өткізетін, ас беретін жер: Халық қырық күнге дейін тойханадан ауқаттанады.

**МӘСЛӘХАТ** **ТОЙ** // келес той — той беретін үйдің той болмастан бұрын жақын ағайын-туыстары мен көршілеріне мал сойып беретін қолақ асы. Бұнда жиналғандар болатын тойдың күнін, тойда қызмет істейтін адамдарын белгілейді.

**БЕС ТАБАҚ АУДАРУ** — тойда отырған адамдардың әрқайсысына бір-бір табактап ас әкеледі, дастарқан басында отырған бес не төрт адам ол тамақтарды бір табакқа аударып салады. Осымен байланысты: «төрт табак аудару», бес табак аудару» тіркестерін қолдану кезыңтасқан.

**ЕЛЕУ** — қалау. Біреудің бір затын қалап алу: Біреуін еле дейді.

**ЖОЛДЫҚ** — жолаяқ: Жолдығын бере той.

**ПӘТИЯЛАЗЫМ ЖЕР** — қайтыс болған адамның үйіне көңіл айту.

**ШАРҚЫРАУЫҚ ҚАДЕ** — үйдің қабырғаларын қалап жатқанда терезенің үстіне ағаш қойған адамдарға берілетін 1—5 метрлік орамал. Бұның ұшына ақша түйіліп беріледі. Оны сол үйдің қабырғаларын қалаушылар бөлісіп алады.

**НАМА АЛУ** — тойда отырғанда біреудің құрметіне арнап ән салу. Жіненің үшін бір нама алып жібермейсің бе?

**ПОРҚАН** — бақсы.

## Ер-тұрман, көлікке байланысты сөздер

**ҚҰЛМЫЙЫҚТЫ** // тағалы арба, көтек арба // есек арба, қокан арба // қокандарба // ғалдек арба — арбаның кішкентай түрлері.

**АТАҚ АРБА** — жас балалардың итеріп жүргізетін арбасы.

**ПАЙТОН** — арбаның адам мініп жүру үшін жасалған түрі.

## Арбаның бөлшектеріне байланысты атаулар

**АРҚАЛЫҚ** — арбаның екі жетегін көтеріп тұратын ардың үстіндегі арқан, көтерме. Бұл арқан арбаның екі жетегі төмен түсіп кетпес үшін керек.

**ҚАРЫМБАУ** — арбаның арысы жоғары көтерілмес үшін, аттың бауыры арқылы байланған арқан.

**КҮШЕН** — киіз, теріден жасалған қамыт, аттың мойнына қажамас үшін киізіледі.

**ҚҰЫҚ БАУ** — қамыттың бауы.

**АРБАНЫҢ ҚҰРСАҒЫ** // көкірегі // көңсесі — арбаның үсті.

**АМТАХТА** // арбитахта // арба зәңгі — арба айдаушының отыратын орны.

**КӨТТАХТА** — арбаның кейінгі жағына қойылатын тактай.

**СОЛАҚ** — арбаның көштері мен арысының арасындағы ағаш.

## Арбаның дөңгелегіне байланысты атаулар

**ДІГІРІНІК** — дөңгелек.

**МӨРГЕНЕК** — күншек желінбес үшін, өс темірге киізілетін темір.

**ҚАСПАҚ** /қылыш — арба дөңгелегінің шеттерін жауу үшін құрастырылған ағаштар.

**ҚҰЛЫМЫЙЫҚ** — арбаның дөңгелегіне айналдыра қағылған темір шеге.

**ҚҰЛАҚ ШЕГЕ** // шекке шөп // құлақ шүй // шүй — арбаның дөңгелегін ұстап тұратын, өстің ұшына сұғылған темір.

**АРБАҒЕР** // ашак — арбаның ері.

**АЛАҚАЙЫС** — аттың мойнына салатын қайыс.

**ЖОНА** — бетіне өрнек салынған кілем не алашадан істелген тоқым.

**КӨЙЛЕКШЕ** — матадан тігілген, аттың сауырын жауып тұратын жабу. Бұны «желдік» деп те атайды.

## Еңбек құралдарының атаулары

**БЕЛ** — темір күрек. Тұрғындар тілінде «күрека» деп — ағаш күректі айтады.

БЕЛДІҢ ҚҰЛАҒЫ — темір күрек жерге бату үшін үстінен аяқпен басатын жері.

БЕЛДІҢ ҚҰМЫРАСЫ — темір күректің сабы кіріп тұру үшін орнатылған темір, ұңғы.

БЕЛДІҢ ЕПЕЛЕГІ — күрек сабын бекітетін шегесі.

НІШТІ БЕЛ — темір күректің үлкен түрі.

КЕПШЕ // кепше бел — темір күректің кішкене түрі. Бұны көбіне ылай жұмысына пайдаланады.

ЖАЙШЫҚ — көпшінің көп ылай ұстауы үшін, екі істің орнатылған темір.

КЕТПЕН ШОТ — кетпеннің кішкентай түрі.

МӘРЕЛІ КЕТПЕН — кетпеннің үлкен түрі.

ЖАБА // темір жаба — айыр.

ДӘНДАНА — тырма.

ДӘСТӘ — сап. Тұрғындардың тілінде күректің, кетпеннің не пышақтың сабын «дәсте» деп атайды. Бұл сөз осы жерді мекендеген басқа ұлттардың тілінде де кездеседі.

КІЛМАЛА // жылама — үйді сылайтын құрал (мастерек)

ЖАНАМА — қайрак.

ЯРҒЫ — ағаш кесетін араның үлкені, ал кішкенесін «бышқы» дейді.

ҚЫСҚЫШ — темір ұстанын қызған темірді қысып ұстайтын аспабы.

МАНҒАЛ — шалғы. Жергілікті өзбектерде — «аңғал».

ҚЫРЫҚҚЫ — қыс айларында малға беретін шөпті майдалап кесіп, қырып беретін құрал.

ЗӘҢГІ — саты. Үйдің төбесіне шығып, түсу үшін пайдаланатын құрал.

АУ-ДӘСКЕ — құрал-сайман. Ау-дәскелерін сазлай алмай отырмыз.

ҚАЙ ЕСКЕК — қайықтың кейінгі жағында отырып есу үшін жасалған жалғыз ескек.

ЖУАЗ — бұрынғы кездерде гүнжі майын алатын құрал.

ПАЙАҒАШ — көлікке отын артқанда жүкті екіге бөліп тұратын ұзындығы жарты метрдей ағаш. Бұл — жүктің көлік арқасын қажымауы үшін қажет.

ТОҒАНАҚ — жүк артқанда арқанды қатты тарту үшін қолданылатын, екі ұшы арқанға бекітілген, үш бұрышты ағаш.

ЗӘМБЕР — носилка.

ШАРЫҚ // пұтағаш — құдықтан су тарту үшін орнатылған ағаш.

### Үй және оның түрлеріне, құрылысына байланысты сөздер

ҚАР ҮЙ — киіз үй.

ЖАБА САЛМА — көшіп-қонып жүргенде қолданылатын үй.

ЖЕТІМ САҒАНАҚ — керегенің бір бөлігі.

ЖЕР ТӨЛЕ // ЖЕР КЕПЕ — жерден қазып жасалған үй, жер үй.

ШЕРТЕК // шәртек — үсті жабылған жан-жағы ашық, жаз айларында күннің ыстығында отыратын жер.

ШӘЙЛА — жазда мал тұратын қора.

КЕПЕ — үйдің қапталынан төрт ағашты көміп үстін жапқан пана.

ҚАҚЫРА — қыста қамыстан жасалып, балшықпен сыланған қос.

ИТКІРМЕС — қораның есігі.

ӘК — известь.

ҚҰМБЫЗ — кірпішті күйдіретін жер.

ТЫРНАҚ // қостырнақ — фундамент.

Жергілікті тұрғындардың арасында «үй» сөздің орнына «әулі» немесе «там» деп айтады. Мысалы: пәленкестің әулісі, оның тамы. Ал, коридорды — далаң // дәліз деп атап, қонақтар отыратын бөлмені — мейманхана, тамақ пісіретін бөлмені — қазанхана дейді. Үйдің ондай-мұндай заттары тұратын бөлмесі — төлек.

ДИУАЛ // пахса // сокпа — үйдің қабырғасы. Осылардың барлығы да «қабырға» деген мағынаны бергенімен, әрбіреуінде семантикалық айырмашылықтар бар. Мысалы, пахса, сокпа сөздері мал қорасы, не бақшаның қорғанының қабырғаларына айтыла беруі мүмкін, ал «диуал» сөзі тек қана үйдің қабырғасына байланысты қолданылады.

ПӘРДИУАЛ — үйдің төбесін бастыратын ағаштардың қозғалып кетпеуі үшін арасына қаланған аласа қабырға.

ДАСЫМАЛДАУ — қабырғалардың бетін тегістеп шүберекпен ысқылау.

ГҮЛТАРАШ — қабырғаның сыртқы бетіне салынатын әшекей, нақыш.

**ШӘРКІРЕУІК** // шәркеуік // шарқырауық — есік, терезенің үстіне салынатын ағаш. Тұрғындар арасында шарқырауық қаде деген ырым да бар. Ол «Шарқырауық» қойғандарға беріледі.

**ҚАШ** // қашаған — үйдің үстін бастыратын арқалық. Арқалықтың сынып кетпеуі үшін астына қойылатын ағаш — өре // сүтін // пікірік деп аталады.

**БАЛАР** — арқалықсыз жабылатын үйлерге салатын ағаш.

**ҚАДА** // қалама — арқалықтың үстіне салатын ағаш.

**ЖЕМДІК** — үйдің төбесін жабағын ондай-мұндай майда шөл.

**ЖАҢҚАЗЫҚ** — есіктің екі жағындағы таяғыш /босаға/.

**ҚҰЛАП** // құрлап — төпсе.

**ШИПӘТІК** — үйдің төбесін іштен лаймен сылау үшін, бірінші рет, шип қағып сылау.

**ГӨЛЕГІР** // төлегір жүргізу — үйдің төбесін жауын өтпестей етіп, лаймен жауып шығу.

**КАНТЕК** — үй салу үшін жасалған лай немесе лай жасалған шұңқыр.

**ПЕШМАН** — бас шебердің көмекшісі.

**ЫЛАЙКЕШТЕР** — үй салуға көмекке келген адамдар.

**ҚОНДЕКШІ** — лай жасаушы адам.

**АТАҚ** — шыққан лайды күрекпен атып, лайды құйып тұратын адамға жеткізін тұрушы.

**ТАРАШМАН** — соққан қабырғаның бетін тегістейтін шебер.

### Туыстыққа байланысты сөздер

Зерттеліп отырған говордың бұл саладағы бір айырмашылығы қазақ тілінің басқа говорларына қарағанда туыскандық атауларға байланысты ерекшеліктер көбірек кездеседі. Мысалы, «ене» сөзі бұл өңірде «ана» мағынасында айтылып береді: Әкемнен де, енемнен де жас қалдым. Мен енемнен туылғаннан берлі осы жерде. Сондай-ақ «ене» сөзі, әдеби тілдегідей ерлі-зайыптылардың шешесін атауда да қолданылады.

**БУА** // бауа — ата: Әуелі Қозыбағар буа болыс болады. Біздердің буамыз Қуандық Қазақстаннан келген. Буа қолыңды жу.

**ӨТЕС** — әке. «Өтес» сөзі Төрткүл ауданындағы өзбектермен аралас отырған жерлерде жиі айтылады.

**ДАЙЫ** — нағашы: Дайы шамалы шаруашылық жұмыс барды. Дайысы дұрыс адам. Есет батыр Жаңқожаңның дайысы, Говорда «нағашы» сөзі сиректеу кездеседі.

**ЕҢ ЖАҒЫН** (жақын) — ең жақын, ет жақын туысқан.

**ӘМБЕКІ** — ағайын, туысқан. Әмекілерің көп бұл жерде. Оған әмекішілік болмайды, балам.

Говордағы кездесіп отырған туыскандық атауларға байланысты сөздерде қазақ тілінің басқа зерттелген говорларына қарағанда жиі ұшырауынан көрші тілдің әсері көрініп тұр. Мысалы, «апа» мағынасындағы ене, немесе бағалар (бабалар) сөздерін түрікмен тілінің әсері деп қарасак, **буа** // **бауа** сөзін өзбек тілінің әсерінен деп түсінеміз. Говордағы өзбек тілінің әсерінен енген сөздерге «өтес» сөзін жатқызуға болады. «Дайы, әмекі» сөздері — қарақалпақ тілінен. Қазақстанның оңтүстік-шығыс және орталық-солтүстік облыстарының тұрғындары «құдағи» деп айтса, жергілікті тұрғындар бұл сөзді батыс Қазақстан тұрғындарындай — «құдағай» дейді.

### Табиғат құбылысы мен жер бедеріне байланысты сөздер

**ҚҰЯШ** — күн сәулесі.

**ҚҰЯШЛАМА** — күншуақ.

**ЫМЫҚ** — тынық: Бүгін әгер ымық болса ұқшатады.

**ШЫРТ ҚАРАҢҒЫ** — тас қараңғы.

**ЫСҚЫРЫҚ АЯЗ** — үскірік аяз, суық.

**ЖӨГІ** — жасыл; Найзағай.

**КӨМІК** — бұрын қазылып кейін көмілген шұңқыр. Былайырақ созып салайын десек /үйді — Б. Б/ аржағы көмік болды.

**ШЕГІМ** — шекара: Совхоздың шегімі осы жерге дейін жетеді.

**ТАРЫБ** — жыртылмай қалған жер.

**МАЙДАН** — сырт, тыс, көше, дала.

**БОЗ** — құнарлы жер, тың жер.

**БӘЛЕНТ ЖЕР** — дөңес жер.

**ОЙЛЫМ** — тесік жер. Аяғың ауырған жоқ па, ойлым жерің көптің аяғыңды тығып алдың ғө.

**ОРПАҢ** // орторпақ — топырақтың майда түрі.

**ТАСЛАҢДЫ** — тұзды, егілмей жатқан жерлер.

## Өсімдіктерге байланысты атаулар

**АҚТАЛ** — арықтың бойына егілетін ағаш. Үйдің төбесіне салуға пайдаланады. Бұл теректің жас кезіндегі аты. 5—6 жылдан кейін ақтерек аталынып, пайдалануға жарайды. Ақ теректің өзі жергілікті жерде бірнеше түрге бөлінеді: кегей терек және көк терек — бұлардың түсі ақ болады да қысық болып өседі. Құрылысқа жарамсыз әрі қатты болады.

**ҚАРАТАЛ** // пұхартал — талдың түрлері. Бұларды екі жылда бір кесіп, ағаштарын киіз үй керегесін жасауға немесе отқа жағу үшін пайдаланады. Бұны тұрғындар тілінде «келтектеу» деп атайды.

**СӘУІТ** — ұзынша болып өсетін ақ теректің бір түрі. Үйдің жанына көлеңке үшін егіледі. Сондай-ақ говорда «сәуітті үй» деген тіркес бар. Бұл — сәуіті бар үй дегенді аңғартады.

**КАРАМАН** — арба соғу үшін пайдаланатын ең қатты ағаш.

**ШІГІЛДІК** — жабайы жиде.

**АРНАЛЫ ЖИДЕ** — жидектің ірі, тәтті түрі.

**ҚОЯН СҮІЕК** — құмда өсетін өсімдік, отқа жағады. Бұрынғы кезде қабығын қайнатып тонның сыртын бояған.

**ПӘРТЕК** — құмда өсетін жантақтың тікенексіз түрі. Жібек құртын жабу үшін пайдаланады.

**ҚАНДЫМ** — бұл да құмға шығатын шөп, отын үшін пайдаланады.

**ТҮРШӨП** — шөлге шығатын өсімдік. Ерте кезде кір жууға қолданылған шөп. Оны «кіршөп» деп те атайды.

**ЗАМАРЫҚ** — жауыннан кейін шығатын, адам жеуге жарайтын өсімдік.

**ТҮЙЕТАБАН** — жердің бетіне тырбиып шығатын сулы ашы шөп, мал жемейді. Бұны қарақалпақтар тілінде — палаты, орысша — парнолистник дейді.

**ҚАРАБАРҚЫН** // карабарак — отқа жағатын отынның түрлері.

**ІСПЕНТ** — адыраспан.

**ДОДА** — көмір алу үшін жағуға қолайластырып үйілген сексеуілдің үйіндісі.

**ШАТ** — тікенекті ағаш.

**ШОРА** — соран.

**ЫШҚА** // ышқы камыс — камыстың түрі. Қыша — осы көрсетілген камыстың жапырағы.

**ҚАРА ӨЛЕҢ** — шөптерді байлау үшін бау есебінде пайдаланатын өсімдік.

**НӨЙША** // найша — камыстың жаңа шығып келе жатқан түрі.

**СУ ОТЫ** // су шігін — су көп тұрған жерге шығатын жабайы шөп. Күріш арасында шығатындарын «шігін» деп атайды.

**ИТ ЖҮЗІМ** — карамық тәрізді, атыздарға шығады. Қап-кара болады.

**АРПАХАН** // құлангөде — бидайық тәрізді өсімдік, көбіне құмда өседі.

**ҚҰРБАҚА** жүгерісі — атызда өсетін көк жапырақты өсімдік, бойы жарты метр.

**НАЗЫБАЙГҮЛ** — бақшаның ішіне егілетін иісті гүл.

**ШӨГІРТЕК** — 1. Камыстың мал жегеннен қалғаны; 2. Тікен.

**ТҮЛЕЙ** — қалың тоғай.

**КӨРПЕ** — жоңышқаның жаңа өсіп келе жатқан түрі.

**ҚҮЛТЕ** — жоңышқаның бауланғаны.

**ДӘСТЕ** // пәтте — бау: Жиырма пәтте жантақ бар екен соны жинайын деп едім депті. Жүз пәтте жантақ бар екен соны жинайын деп едім депті. Жүз пәтте жантақ шауып берсе болады. Бүгін қырмандаса шашып тастай берейін пәттені.

**КҮДІ** — мая, шөмеле.

**ШІРІНШІ** — бақша өсімдіктеріне түсетін құрт: Шірінже үсті-басыңды дақал — дақал қылады.

**ӨНЖЕМЕУ** — өспеу. Тез өнжемейді екен ғо, бұл нәрсенің өзі.

Бұл өңірді мекендеуші қазақтардың ауызекі тілінде өсімдіктер дүниесіне байланысты атаулар, қазақ тілінің басқа говорларына қарағанда молдау ұшырайды.

## Құс және әр түрлі мақұлықтар атауы

**АҚСАРЫ** — құстың аты: Бір ақсарының ұясы бар екеп көріп кел, — дедім.

**ШӨЖЕ** — тауықтың балапаны.

**БАЙҚУТАН** — көкқұтан.

**КАПАС** // капас — құсты салып қоятын ыдыс.

**ДУДЕН** — бөдсенені ит не мысық жемесі үшін, кілт салып қоятын /жыңғыл не шығыр талдан тоқылған/ кәрзенке.

**ПІШЕ** — кандала.

**ПЕШШЕ** — маса. Кәзіргі заманда піл де тең, пешше де тең.

**МИТЕГЕН** — шіркей: Жазда мітеген деген болады көзінді ашсаң түседі.

**ӨРМЕЖЕК** — өрмекші.

**ЖЕРКЕНЕ** — тас кене.

### Сынға, сапалық белгілерді білдіретін сөздер

**НӘРЕГЕЙ** — әлсіз, жарамсыз: Оқуға нәрегейлеу бала еді.

**САЗ** — әзір, дайын.

**КӨЗДІ** // гөр — соқыр: Әкем елу бір жасында көзді болды. Екі көзі гөр болды.

**ӨГӘК** — құныс.

**НӘКІС** — жарымжан: көзім нәкіс болып көрмей қалды.

**КАРИ** — соқыр. Көзіміз қари болып отырмыс.

**ЛАҚУА** — әзілді көп айтатын адам: Қаллыбек жүде лақуа.

**ТЫҚЫМЫР** — тынышсыз, катал адам. Өзі сондай тықымыр.

**ҒАУ** — артық: Жүріс-тұрысы бағананы шалдан сәл-ақ ғау.

**САҒАТ** — жағдайсыз, тынышсыз адам: Қызы жаман емес те, кемпірі сағат ғо деді.

**АБЫЙ** — аккөңіл: Мен абый адаммын.

**ТАҚУА** // пакуатты — қуатты, мықты: Орынбет қожа тақуа. Оның ғарысы бар өте тақуа, сөзге онша тақуа емес.

**ҚАҚАЙ** — мінез-құлқына қарай қойылған қосымша ат. Тұрымбет қақай.

**ҒАНИ** — мырза:

Ғани болсаң мақтанба,

Көзінді сәл мал азға /фольк./

**ҚОПАЛ** — көкірек, мақтаншақ адам. Өзің копал жігітсің.

**ЖАТКЕШ** // жадыкеш // қаттықұлақ // тесік құлақ — естігенін ұмытпайтын адам: Иният жаткеш. Қағазды қайта-қайта оқи берсең, жаткеш боласың. Тәжібай қаттықұлақ бәле ғо.

**БАҚЫЛ** — өз білгенін ішінде сактайтын адам. Оны сұрау үшін өзінде кішкентай сезім болу керек ғой, айтпайды болмаса бақыл адам.

**ШЕП** — теріс. Бұл сөзімді шеп демес, ақылы толық мылы адам.

**ШЕПҚОЛ** — 1. Ештеңеге ебі жоқ адам; 2. Сол қол.

**БИҚҰШ** — көңілсіз: Есі кіресі-шығасы кісінің әңгімесін биқұш болып тыңдаймыс. Биқұш болып жатыр еді.

**КӘТТЕ** // кәтте — үлкен: Бұл һәм кәтте көл.

**МОНТЫҚ** // шарға — өспей қалған аласа адам: Тұлғаң жоқ, шарғаға сене қоя ма? Мұнарасы тапал болып көрінгендіктен, монтық аулие деп аталып кеткен.

**ДӘПЕН** — ірі, зор: Дәпен кара жігіт еді, қазақша сөйлейтұғын.

**ҚАМСЕМІЗ** — өте семіз: Бір аяқпен басқан кәр етпейді, камсеміз ақыр.

**СӨЛТЕК** — ақсақ, кеміс деген мағынада: Туасы аяғы сөлтек.

**САРЫМЕЛЛЕ** — сап-сары (адам): Бұл сарымелле деген бәле ғой.

**ДАСЫМАЛКЕШ** — жағымпаз адам: Дасымалкеш екенсің өзің деді. Бастықтың дасымалкөші ғо.

**ҚОШЖАҚ** — көңілді, күлдіргі адам: Қошжак жігіт еді ғо.

**ДУБАҚ** — ерке мағынасында: Тәрбияланғанда дубактау тәрбияланған ба, әлде қалай?

**НОҚТАЛЫ** (халық) — тәртіпті, мәдениетті (халық): Өзбек ноқталы халық.

**ҚАҚШЕКЕ** — пысық: қақшеке екен!

**ЕРКӨКІРЕК** — аккөңіл: Еркөкірек жігіт.

**СҰРАМТАЛ** (адам) — көп нәрсені сұрап-біліп, үйренетін адам.

**МҮТТӘНӘМ** — пәмсіз: Әй мүттәнәм екенсің ғой өзің!

**ШЫЛАН** — жіңішке: Шылан, арық кісі еді, ешкі қайзаған талдай.

**ТЕЗБАС** — ашушаң адам: Кәрістің мінезі тезбас.

### Адам және басқалардың қимыл-әрекетімен байланысты сөздер

**БЕЖЕРУ** — орындау: Қатты қызмет қылу жағдайында бөлім артығымен планды бежерді.

**ОТТАУ** — өртеу, от қою: Осы дүйім жұрттың бәрі түрікменнен қашты, тамды оттап кетті. Сонда біз бала жігіт едік.

**БАШАРТПАУ** — бағынбау, мойынсынбау. Хиуаның ханына башартпаған.

**ДАҒДАҒЫЛАСУ** — шатактасу, келіспеу. Бестен соң кетуге болады ғо, біраз дағдағыласып қалдық.

**ДАҒЫСУ** — тарқасу, тарау, ыдырау. Су алып /су ба- сып/ халық дағыған.

**ШАТУ** — байлау: Ертеде Хорезм ханы Иранмен ұр- ысқанда құлдардың үстіне пәлек тастап байлап әкел- ген дейді.

**КҮДЕЛЕУ** — маялау.

**НАЗЫРҚАНУ** — азсыну, қомсыну: Трактірмен ылай аударғанда он бес сом мен бір көйлекті назырканып отыр екен.

**КӨРІСТІРУ** — қарастыру: Документацияларды қай- тадан көрістіріміз деп еді.

**ПЕШШЕЛЕУ** — тауықтардың жемді т. б. нәрсені ая- ғымен шашуы.

**ПҰТАУ** — майдалау, ұсақтау.

**ТҰРМЫСТАНУ** — қорлану, баю: Халық тұрмыста- нып кеткен екен.

**ӨТЛЕСТІРУ** — өткізу. Ол оларды өтлестіреді екен.

**ДӨПУ** — төну, ұмтылу: Диуанбек жүз атлы көкер ал- ып Қоңыратқа дәліпті ғо.

### Уақыт, мекен, мезгілге меншікті сөздер

Говорда уақыт сөзі көпшілік жағдайда қысқарып «уақ» болып айтылады. Мысалы: Тап осыған қарайтын уақ жоқ. Біздің уағымыз жоқ.

**БАЗАР КҮН** — демалыс күн.

**БИБАЗАР КҮН** — базарсыз, демалыссыз күн: Ертең кетпей-ақ қой, бибазар күні-ақ барарсың!

**ПЕСІН БАЗАР** — базардың тарқайтын мезгілі, уақ- ты.

**БАҒАР** — көктем.

**БІРДӘУІР** — бір мезгіл, бір уақыт.

**АҚШАМ** — өткен күн: Ақшам ет әкелдім. Ақшам машина болмады.

### Кәсіби сөздер

Диалектілік лексика мен кәсіби лексиканы ажырату кейде қиынға соғады. Өйткені, олар өзара жымдасып, астарласып жатады. Мәселен, жеміс-жидек, өсімдік, бау-бақшамен байланысты айтылатын сөздерді белгілі бір кәсіппен байланысты болғандықтан «кәсіби сөз» деп жүрміз. Онда мал, киім-кешек тігу, үй құрылысы сияқты

мамандықтарға байланысты сөздерін неге кәсіби деп атамасқа? Сондықтан біздің «кәсіби сөз» деп бөліп қа- рауымызды шарты түрде ұғынған дұрыс.

### Мал шаруашылығына байланысты сөздер

**ПАДАШЫ** — сиыр бағатын адам. Қарақалпақша — падашы. Мысалы: Падашыдай әр үйге бір қолам. Бұ- рынғы кезде ауылдың малын баққан адам сол ауылдың әр үйіне көзек-кезек қонып шығатын болған.

**АЯҚТАСПА** — малды ортақтасып сойып алу; серне. Ортақтасатын адамдардың саны шағын болады.

**ДЕНГЕНЕ** — бұл да малды ортақтасып сойып алу. Бірақ мұнда мал сойылғанын естіген адамдар келіп аз- аздап сатып алады.

**ӨЛІ ЕТ** — магазиннен алынған ет.

**САЛАҚХАНА** — мал соятын жер /бойня/: Салақха- падағы гөштің дәмі болмайды.

**СЕИІСХАНА** — кесектен салынған мал қамайтын қо- ра. Бұл көбіне үйге іргелес салынады.

**ҚАРАМАЛХАНА** — сиыр қамайтын қора.

**ҚАШАР** — ұзын жыңғылдарды көміп, киіз үйдің фор- масындай етіп істейді. Бірақ төбесі ашық болады.

**ШӨТЕН** // шетен — қозы, лақты қамайтын кішкене қора.

**ШАЛЫ** // шәлі — үсті ашық қоршалған қора. Бұны кейде «жайма қора», «шайқора» деп те атайды. Қора- ның бұл түрі көбіне қой-ешкінің өрісінде болады.

**ҚЫСПАҚ** — жыңғылдан жасалған қораның құла- мауы үшін, екі жағына ағаш қойылып, тартылып бай- ланған жері.

**ШАҢЛАҚ** — түйенің жататын жері.

**СИЫРЖАТАҚ** — жаз айларында сиырдың жататын жері.

**ЖАТАР ПАДА** — жазда ауыл малдарын егістік жер- ден ұзаққа алып кетіп, бағады. Мал ауылға келмей өр- істе түнеп өреді. Бұны «жатар пада» дейді.

**КҮРКЕ** — қой-ешкі қорасының бір түрі.

**БАШАЙ** // бақай — тұяқ.

**БАСПАҚ** // өжск — сиырдың бұзауы. Говорда өзбек тілінің әсерінен пайда болған «өжск» сөзінің айтылуы жиі ұшырайды. Бұл сөз осы территорияны мекендеуші қарақалпақтар тілінде де бар.

**МӨШКЕ** — сиырдың кішкентай тұқымы: Жиенбай мөшкесін базарға әкеліпті ғо. Жиенбай мөшкесін сатып па?

**ЖАНДЫҚ** — ұсақ мал.

**ШЫБЫШ** — бір жасқа толған лак.

**ҚАЗАНАТ** // қарабайыр — құйрық-жалы қысқа, селдірлеу, жарысқа қосатын бәйге аты.

**ЖАСАУЛЫ АТ** — ерттеулі тұрған ат.

**АРДА** — екі биені емген құлынды не екі қойды емген қозыны «арда» деп атайды. Ал, қазақ әдеби тілінде «арда» деп екі жылға дейін емген құлынды айтады (қараныз: Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, Алматы, 1959, 1).

**АҚ БАЛДАҚ** — екі жасқа дейінгі түйенің ботасы

**ЖӨН** — нардан туған түйе.

Түйеде болатын аурулар: қатпа, қара без. Қатпамен ауырған түйе бір жылға дейін жүреді де, бірден өледі. Қара без — омырауға томпайып шығатын без. Бұны темір басып, отпен күйдіреді.

Жылқыда болатын аурулар: біртезек/ /ку тезек — бұл суды уақытында ішпегендіктен болады. Жеген шөптері ку бүйенге тығылып, ақыры жылқы өледі.

Сиырда болатын аурулар: желінсау — желіні ісіп ауыру.

**БЕКЕ** — оқыра. Өзбекше — «шошала» дейді. Сарын — малдың тұяғы іріңдеп ауырады.

**БІР ҚАРЫН** — бұзауда болатын ауру.

Кой мен ешкіде болатын ауру: бір бидай. Тұяқтың арасынан ірің шығып тұрады. Бұны кейде «доңызбас» деп те атайды. Гүл шығу — қойда болатын ауру. Қойға гүл шыққанда терісі ойдым-ойдым болып тесіледі.

**ШЫМХОР** — кез келген шөпті жей бермейтін жылқы.

**СЕЙІСТІРУ** — жарысқа қосатын атты баптау.

**СЕЙІСШІ** — атты күтетін адам.

**АҚБАНА** — малдың су ішетін астауы.

**ҚАУЫШ** — малға жем үшін дайындалатын жүгері.

**ДҮРІШТІ** — малға қыс айларында майдаланып берілетін шөп.

**АҚЫР** — малдың жем жейтін орны.

**ТЕППЕ** — мал қамалған қора.

**АЛҚА** — диаметрі 4,5 сантиметр доға. Байлаулы мал орадып қалмас үшін, арқанның мойнына байлаған жеріне тағылады.

## Ирригация, су шаруашылығына байланысты сөздер

**ЯП** // жап — канал тәрізді үлкен арық. Жергілікті тұрғындардың тілінде арық арнасы бірнеше түрге бөлінеді: снежап — үлкен арық; салма — арықтан шығатын кішкене арық; аяқсалма — салманың кішкене түрі; шығыр салма — шығырдан шыққан су жүретін арық; жоя/қарық — мақтаның қатар арасында су жүретін қатарлар.

**ЖАП ЖАРУ** — арық казу: Біздер есітеміз осы жерге Момин деген түрікмен боса керек, жап жаруға кеген.

**ҚАРЫҚ ЖАРУ** — қауын-қарбыздың, мақтаның, т. б. арасынан су жүретін кішкене арық тарту.

**АША** — арықтың екіге бөлінген жері, қолтығы: Қазақы ашадағы ауылда әңгіме білетін ғаррылар бар.

**ТОМЫРТҚА** — арықтың сағасында көмілген құмыра тәріздес ыдыс. Бұл арық жырылып, судың далаға кетіп қалмауы үшін жасалады.

**БЫРАШ** — қазылған арықтың жағасы не атыздың үсті.

**РЕУІН АЛУ** — арықтың ішін тегістеу.

**АҚЫРДА ТҰРУ** — терең арықтардың ішінен қазып алған лайды жоғары қарай тарту.

**ҚОЛСЕРІППЕ** — биікке су шықпағанда аңызға сулы серпіп шығаратын ескі кездегі құрал: Бабасы Қылышпай қол серіппе қылып тары еккен екен.

**ҚҰЛАҚ** — арық, атыздың су келетін сағасы. Атыздың құлағын ашамыз.

**СУ ТҰТУ** — суару. Пахтапын су тұтуы қиын. Жазда су тұтатып адам болмаса болмайды.

**АҚАБА** — сағасы байланған арықтың түбіндегі су.

**ІЗЕЙКЕШ** // **ЗЕЙКЕШ** — жердің ызғарын кетіру үшін қазылған арық.

**ДЫҒЫРЫҚ** — арық атыздың бұрылып айналған жеріндегі қолтығы.

**ҚҰРДЫМ** — өзен, көлдің ең терең жері.

**ӘУЕДІК** — канал, арықтардың жырылып кетуінен пайда болған су. Бұның көлемі 4-5 гектарға барады.

**НАУЫЗ** // әуез — қолдан қазылған су сақталатын шұңқыр. (бассейн).

**ДӘГІШ** // дегіш — өзен суының тасуы. Дегіш алу — су тасып, басып кету: Қазір оның әулісін дегіш алып, батыл болып кетті. Қөне Төрткүлді дегіш алып кетті.

**ЖЫҚҚЫН** — судың арықты бұзып кетуі. Жыққын болып су басып кетті.

### Егіншілікке байланысты сөздер

**ЖҮГЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ:** Қаттыбас // жерлі — дәні катты, он алты буын болып, үш метрге дейін өседі, 90 күнде піседі;

**МӘТҚАЙЫР** — бойы 1,5 метр, 80 күнде піседі.

**ЖАСМЫҚ** — жүгерінің төменгі сорты; Шашақ бас — сыпырғыш тәрізді жүгері.

**БИДАЙДЫҢ ТҮРЛЕРІ:** Жайдары күздік-кылшықты, бұхарыдан гөрі қаттылау. Ақ жаздық — ұны да, өзі де ақ болады; Қызыл жаздық — ұны да, рені де қызыл; Сүлі — күзде өседі. Күздік бидайдың орнында қалған түбі келесі жылы «сүлі» болып шығады.

**ПАЙҒАМБАР АРПАСЫ** — арпаның ірі түрі.

**ШАЛЫ** /чалы/ /салы — күріш. «Күріш» деп говорда келіге түйіліп, қабығы тазартылып, ақталғаны айтылады.

**ҚАРА ТАРЫ** — ірі болады, 40 күнде піседі.

**СІПСЕ ТАРЫ** — сыпырғыш жасайтын тары.

**ГӨЛЛЕХАНА** // дәнхана — үйдің дөңді сактайтын бөлмесі.

**ҮСІР** // үшір — қырманда қалған дән. Дінн әдет-ғұрып бойынша, қырманның оннан бір бөлігін не жиырмадан бір бөлігін «үсір» деп шығарады. Егер егін шығырдың жәрдемімен суғарылған болса, онда жиырмадан бір бөлігін, ал, шығырсыз тікелей арықтан суғарылған болса, онда оннан бір бөлігін шығарады. Бұны кедей не діни адамға беретін.

**АҚҚҰЛА** — қырманды қызылдағаннан кейін одан 5—6 килодай алып барып қырманның шетіне төгеді. Дәстүр бойынша, бұл қырманның адалдығы үшін төгіледі. **Шігір** // шиір // шігінкүрмек: Тары ішінде шігір бар.

**ҚОДІРЕҢ** // қыдырайы — өткен жылы егілген аңызға шыққан бидай не тары (кодирен).

**БӨКЕ** — жүгері буындарының арасы. Жүгерінің жапырағын да ұрыпты, бөкесін де ұрыпты суық.

**ҚАУЫҚ** — бидай, тары және жүгері дәнінің қабығы.

**ШАР** — қырманды тазалағанда шығатын шөп шар.

**КӨНЕК** — жүгері дәнінің ұшындағы қарайып тұрған жер.

**ПАРТАУ** — тың, жыртылмаған, игерілмеген жер.

**ШҮДІГӘР** — жыртылған жер. Бұл сөз Шу говорында «сүдігер» болып айтылады.

**ӨНІК** — жерге себу үшін, суға салып өндірілген тұқым.

**ЗҮРӘӨТ** — өнім: һәрбір терімші мол зүрәтті сепсітпей жинап үлгерді, іске асырды.

**ТОМБЫҚ** — 1. Егін егетін жерді білдіретін белгі — жерді қазып үю; 2. Жүгері, қауын-қарбыздың жақсы өнуі үшін түбіне үйілген топырақ.

**ШЕЛ** — егістік жерді суару үшін жерден көтеріліп үйілген топырақ.

**АТЫЗ** — аңыз, егін егілген жер. Айдостың аңыздары әлі жатса керек.

**КӨЛШЕ** // кытақ — кішкене егін егілген аңыздар не 5—6 сотық жер.

### Мақта шаруашылығына байланысты сөздер

**ШИТ/шігіт** — мақтаның тұқымы.

**ҚАУАША** — мақтаның ертедегі тұқымы.

**ЖЕМШІГІТ** // щелеха — мақтаның мал жеміне дайындалған тұқымы.

**ТАЙПАХТА** — тұқымсыз мақта.

**ПАЯ** // пакал — мақтаның сабақтары.

**ҮШЛЕУ** // бірлеме — жаңа шығып келе жатқан мақтаның қатар арасын жұлып сирету.

**ШЕКЕНКІ** // шиканкалау — мақта түйіскіті көп беру үшін, өсіп келе жатқан сабағының ұшып қырлу.

**ГӨРЕК** — мақтаның түйнегі.

**ГӨРЕК ЖҰЛУ** — суық ұрып, өспей қалған мақта түйнегін жинау: Нағима, гөрек жұлдың ба азаннан бері?

**ҚАРЫҚ** // жоя // жаға // зу — мақтаның қатар арасы.

**ҚОМША** — мақтаның түйнек беру үшін, гүлдейін деп тұрған кезі.

**ТЕРІМШІ** — мақта теретін адам.

**ҚОЛТЕРІМ** — мақтаны қолмен жинау.

**ШАҢҒАЛАҚ** — мақтаның сыртындағы қабығы.

**ПАХТАША БОЛУ** — мақта атызында істейтін адамдарша киіну.

**ПАХТАХАНА** — жиналған мақтаны қабылдайтын орын.

**БЕЖБЕНШІ** — жиналған мақтаны өлшеп, қабылдайтын адам.



## Жеміс және бау-бақшаға байланысты сөздер

**ЖҮЗІМНІҢ ТҮРЛЕРІ:** Тайпы, қырманы — бұлар күзде піседі, қыс бойы бола береді; Мускат // мәскі; Қарақатты; Қаражүзім; Осиін /Хусайыны жүзім/, Шыбырқалы, шұбырхан — бұл мәскіге сәйкес, майда, ақ түсті.

**ЖҮЗІМДАЛЫ** — жүзімнің сабағы. Қамтектеу — жүзімнің жапырағын сирету.

**ПӘУДАНДЫ ЕРІК** — етті, ірі өрік; Қасекі өрік — майда өрік;

**БИІ** — палауға салатын күзге қарай пісетін тәтті жеміс, үлкендігі жұдырықтай.

**АНЖАР** — энжир.

**ЫРҚЫШТЕК** — реңі қызыл, майда жиде сияктанған, еті тығыз, ағашы тікенекті жеміс. Ағашы тұттың ағашына ұқсас. Күзде піседі.

**ШАБДАЛЫ** — шабдал.

Аскабақтың түрлері: Нан кәді // қара кәді // салла кәді // дасейар кәді — домалақ аскабақтар.

**ПАЛАУ КӘДІ** — ұзынша келген аскабак.

**МАРЫ КӘДІ** — аскабақтың ең үлкені, кішігірім қандайы да болады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Кітап ішіндегі тілдік деректерді топтай келе мына сияқты тұжырым, қорытынды жасауға тура келеді.

1. Зерттелген говордың дыбыстық ерекшеліктері, қазақ тілінің басқа говорларына қарағанда, айырықша әрі мол екендігін аңғару қиын емес. Қарақалпақстан Республикасының оңтүстік өңірін мекендеген қазақтар тіліндегі дыбыс алмасулары қазақ тілінің басқа говорлары мен говорлар тобында кездескенімен, оларда қамтитын сөздері және қолданылу жиілігі шағын әрі ықшам.

Бұл говордың көзге түсерлік көлемді де ірі дыбыс сәйкестіктерінің өзі бір төбе:

а) Әдеби тілдегі сөз басында келетін «б» дыбысының орнына «п»-ның айтылуы: пал-бал орнына, пұтақ-бұтақ т. б.

ә) Көптеген сөздерде «к, қ» дыбыстарын «ғ, г» дыбыстарының алмастыруы: ғажырлы-қажырлы орнына, ғарғыс-қарғыс немесе гейде-кейде орнына, гүрес-күрес т. б.

б) Аффрикат «ч» дыбыстарының сөз басында, ортасында, аяғында тіпті қосымшалардың өзінде жиі ұшырасуы да осы говордың айырықша дыбыстық ерекшелігі: чекпен-шекпен орнына, көпчик-көпшік, үч-ұш, бірін-чі-бірінші т. б.

в) с/ш, ж/дж, ж/й сияқты дыбыс сәйкестіктерінің ұшырауы да осы говорда жиі беш-бес орнына, тұрмыш-тұрмыс, джақсы-жақсы орнына, джігіт-жігіт, йыл-жыл орнына, йаңа-жаңа т. б.

Осы және басқа да дыбыс сәйкестіктері жағынан бұл говор қазақ тілінің оңтүстік диалектісіне жақын.

2. Говорда грамматикалық ерекшеліктер лексика мен фонетикада кездесетін құбылыстарға қарағанда мөлшер жағынан шағын. Сол шағын ерекшеліктердің ішінде дәл осы говорға тән әрі жиі қолданылатын түрлері дерлік мыналарды атап өткен жөн:

а) Әдеби тілдегі көптік жалғаудың алты (-дар/дер, -тар/-тер, -лар/-лер дыбыстық түрлерінің орнына зерттеліп отырған говорда-лар /лер — қосымшаларының қолданылуы жиі. Бұлар тек зат есімге ғана емес, кейде етістік тұлғаларға да жалғанады.

ә) Оңдық бөлшектердің айтылуында да қазақ тілінің басқа говорларында кездеспейтін өзгешеліктің бар екендігі аңғарылды («сексен сегіз бүтін жүзден бес — 88,05» деудің орнына «сексен сегізу жүзден бес» болып дыбысталады).

б) Қазақ тілінің басқа говорларында қолданылатын -малы, -мелі; -сіңіз, -ың, -ің т. б. жұрнақтар бұл говорға да жат емес. Дәл осы грамматикалық тұлғаларды еске алсақ, зерттеліп отырған қазақтар тілін қазақ тілінің батыс диалектісіне жатқызу лайықты.

в) Көптік жалғауын талап етпейтін сөздерге оның жалғануын да осы говордың өзіне тән ерекшелік есебіне санаймыз (түнделер — түнде орнына, күлкілер — күлкі т. б.)

г) Реттік сан есімдердің әдеттегіден өзгеше айтылуы да айырықша көрінеді (Жетіләнші-жетінші орнына, он-ләнші-оныншы). Ерекшеліктің бұл түрі қазақ тілінің өзге говорларында кездеспейді десек те болады.

д) Қарақалпақстанның оңтүстігіндегі қазақтар тілі лексика жағынан да, қазақ тілінің басқа говорларымен салыстырғанда, айырықша тұрады. Өйткені бұл өңірдегі қазақтар шаруашылықтың алуан түрімен шұғылланады. Мал, балық аулау, дәнді егістермен қоса, күріш, мақта, бау-бақша, жеміс өсіру кәсіптерімен де жиі

айналысады. Мұның өзі қазақтар тілінде лексикалық ерекшеліктердің бір саласы — кәсіби сөздердің айрықшалануына басты себеп. Бұл себептің түпкі тамыры — жергілікті қазақтармен аралас отырған өзбек, түрікмен, қарақалпақ халықтарының тілдерінде жатыр. Говордың лексикалық ерекшеліктері Қазақстандағы тілдік өзгешеліктер ішінде оңтүстікпен жақындасып, қабысып жатады.

Қорытындыларды жинақтап, түйіндей отырып, зерттеліп отырған говордың тілі жөнінде мына іспеттес тұжырымға тоқталмақпыз. Бұл говор — Қазақстан ішіндегі немесе басқа республикадағы осы кезге дейін зерттелген басқа говорлардан тіпті ерекше, бөлек сипаттағы говор. Кезінде Түрікменстандағы қазақ тілі говоруы билингвизм (екітілдік) қалпында деп танылса, мына говорды біз полилингвизм (көптілдік) түріне сәйкестіретін едік. Олай дерлік деректі дәлелдер мол. Бастысы, бұл республиканың (Қарақалпақстан) оңтүстігіндегі қазақтар өзбек, түрікмен, қарақалпақ халықтарымен көп жылдар бойы көрші ғала емес, қоян-қолтық, араласа, біріге отырып өмір сүріп, еңбек етуде. Мұның нәтижесі — қазақтар өз тілінде сөйлеуімен қатар, «қойы қоралас» өзбек, түрікмен, қарақалпақ тілдерін де меңгеру арқылы көптілділік сипатын бойына сіңіріп, қарым-қатынас жасауға мүдірмейтіндігі. Бұл зерттеу барысында айқын байқалды. Сондықтан да, бұл говордың иесі болып отырған қазақтар тілін — полилингвизм сипатында танимыз.

## МАЗМҰНЫ

|                                                        |            |
|--------------------------------------------------------|------------|
| <b>Сөз басы</b>                                        | <b>3</b>   |
| <b>Бірінші тарау. Фонетикалық ерекшеліктер</b>         |            |
| 1. Дауысты дыбыстарға байланысты ерекшеліктер          | 13         |
| 2. Дауыссыз дыбыстарға байланысты ерекшеліктер         | 24         |
| 3. Дауыссыз дыбыстардағы басқа құбылыстар              | 46         |
| <b>Екінші тарау. Грамматикалық ерекшеліктер</b>        |            |
| I. Морфология                                          | 49         |
| Көп сөздер                                             | 50         |
| Біріккен сөздер                                        | 53         |
| Сөз таптары                                            | 55         |
| Зат есім                                               | —          |
| Сын есім                                               | 62         |
| Сан есім                                               | 65         |
| Есімдік                                                | 67         |
| Етістік                                                | 68         |
| Үстеу                                                  | 74         |
| II. Синтаксис                                          | 75         |
| Септік жалғаулардағы ерекшеліктер                      | —          |
| Сөз тіркестеріндегі ерекшеліктер                       | 76         |
| <b>Үшінші тарау. Лексикалық ерекшеліктер</b>           |            |
| Көп мағылалы сөздер мен омонимдер                      | 80         |
| Көнерген сөздер мен неологизмдер                       | 85         |
| Басқа тілден ауысқан сөздер                            | 89         |
| Сәйкесті және сәйкессіз диалектік ерекшеліктер         | 94         |
| Говордағы сөздердің лексика-семантикалық топқа бөлінуі | 97         |
| <b>ҚОРЫТЫНДЫ</b>                                       | <b>122</b> |